

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ХРЕСТОМАТИЯ

Жалпы білім беретін мектептің
жаратылыстану-математика бағытындағы
10-сыныбына арналған оқу құралы

Өндөлген екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2010

УДК 373.167.1 (075.3)
ББК 63.3 (5Каз) я72
Қ18

Күрастырған: С. Жолдасбаев

Қазақстан тарихы: Хрестоматия: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы / Құраст.: С.Жолдасбаев. — Өнд. 2-бас — Алматы: Мектеп, 2010. — 152 6.

ISBN 978—601—293—195—2

Қ $\frac{4306020600-117}{404(05)-10}$ 95(4)—10

УДК 373.167.1. (075.3)
ББК 63.3 (5Каз) я72

© Жолдасбаев С. (құраст.), 2006
© “Мектеп” баспасы
көркем безендірілуі, 2010
Барлық құқықтары қоргалған
Басылымның мұліктік құқықтары
“Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—195—2

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

Қолдарына алып отырган оқу құралы “Қазақстан тарихы” оқулығының тақырыптарына сай VIII тарауға бөлінген. Хрестоматияда оқулықтағы әрбір тараудың мазмұнын байыту, кемелдендіру мақсатында үйлесімді жана ғылыми деректер мен пікірлер, археологиялық материалдар кеңінен қолданылып, тақырыптарды ғылыми түрғыда қамтуға көп көніл бөлінген.

“*Тас дәуіріндегі Қазақстан*” деп аталатын бірінші тарауда ежелгі қазак жерін мекендеген адамдардың тұрмыс тіршілігі, шаруашылығы мен наым-сенімдері туралы деректерді археологиялық ескерткіштерге жүргізілген зерттеулер негізінде оқып білесіндер.

Екінші тарау “*Қола дәуіріндегі Қазақстан*” деп аталады. Қазан төңкерісіне дейін қола дәуірінің ескерткіштері тарихи-археологиялық түрғыда аз зерттеліп, “мәдени орталықтар болмады” деген теріс үғым қалыптасқан. Осы тараудан сендер соңғы кездегі қола дәуіріне тән мәдени ескерткіштердің зерттелгендігін, Орталық Қазақстанның далалы аймактарында ежелгі мәдениет ошақтарының болғандығын дәлелдейтін ғылыми дәйектерді оқисындар.

“*Темір дәуіріндегі Қазақстан*” деп аталатын үшінші тарауда қазақтың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, өскери істері, сондай-ақ шаруашылығы туралы қызықты да, мағыналы деректерді, тарихшылардың енбектерінен келтірілген “Кир мен Тұмар”, “Алтын адам”, “Мұртты корғандар” сияқты үзінділерден хабардар боласындар.

Төртінші — “*Қазақ халқының қалыптасуы*” деген тарауда қазақ халқының дербес халық санатында тарих сахнасына шығуы туралы соңғы кезде жарық көрген ғылыми енбектерден, өсіреле түркі мемлекеттерінің пайда болуы туралы қытай тарихшыларының енбектерінен үзінділер берілді.

Басты көніл бөлөтін мәселе — қазақ халқының халық болып қалыптасуының аяқталуы мен “қазақ” атауының шығуы және жүздердің пайда болуы. Бұл мәселелер әлі де болса нақты шешімін таба қойған жоқ. Дегенмен соңғы кезде жарық көрген ғылыми еңбектерде тың тұжырымдар бар. Соңдықтан осы еңбектерден үзінділерді қөбірек алуды жән көрдік және кейбір мақалалар түсінікті болу үшін толығымен берілді.

10-сынып оқулығындағы бір жаңалық — “Көшпелілер өркениеті” және “Қазақстанда мемлекеттің пайда болуы және оның дамуы” деген екі тараудың берілуі. Соған орай байырғы түркілердің ел басқару жүйесі, әскери, қалалар, тағы да басқа көшпелілер өркениетін көрсететін ғылыми деректер “Қазақ тарихы” журналынан алынды.

Ал мемлекет мәселесіне келсек, соңғы кезге дейін “қазақ жерінде мемлекет болған жоқ” деген пікір орын алғып келген. Бұл мәселені де оқулықта жаңаша көтеріп, оку құралында оны дәлелдейтіндегі ғылыми мақалалар мен монографиялардан үзінділер беруге тырыстық. Жерімізде мемлекеттік ұйымның алғашқы кезі ежелгі дәуірден пайда болғанын археологиялық дәлелдермен көрсететін материалдар да барсылық.

Ал орта ғасырларда түркілердің империялық дәрежеге дейін көтерілгендігін айғақтайтын деректер де жеткілікті.

Соңғы орта ғасырларда жерімізде бірнеше мемлекет өмір сүріп, олардың бірін-бірі жоюы, ақыр аяғында жергілікте әтносаяси қауымдастықтың көркеюі біртұтас қазақ мемлекеттің тудырып, ол біржола хандық мемлекет болып орнығады. Сөйтіп, бүгінгі Қазақ мемлекеті жеріміздегі ежелден пайда болған мемлекеттердің орнына жаңа тұрғыда құрылған мемлекет болып орнықты. Бұл мәселе туралы соңғы кезде “Қазақ тарихы” журналында көптеген материалдар жарық көрді. Солардың ішінен “Қазақ хандығы қай жылы құрылды?” деген мәселеге жауап беретін ғылыми мақалалар алынды.

Сонымен қатар жерімізде орта ғасырларда өмір сүрген халықтардың рухани мәдениеті туралы жарық көрген еңбектерден үзінділер берілді. Бұл тараудың өзіне тән тағы бір ерекшелігі — қазақ даласының даналары туралы мәліметтер мен олардың еңбектерінен үзінділер келтірілді.

Ал соңғы тарау — “Қазақстан Ресей империясының құрамында” деп аталады. Соңғы кездегі ғылыми зерттеулер бұл мәселені жан-жақты талдауға арналғандықтан, олардың ең қажеттілерінен үзінділер алынды.

I тарау. ТАС ДӘҮІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН

Ежелгі тас дәүіріндегі адамдардың тіршілігі. Оңтүстік Қазақстанның Қаратау жотасында орналасқан ежелгі тас дәүірі ескерткіштері адамның дамыған приматтар қауымдастырынан бөлініп шыққаннан кейінгі адамзат қогамының дамуының ежелгі кезеңін түсіндіруде үлкен маңызға ие.

Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық құрылыш басқа елдердегідей бірнеше тарихи даму кезеңдерінен өтті. Оған біздің заманымызға дейін жеке табыну орындары мен тұрактары түрінде жеткен тас құралдар кешендері дәлел бола алады. Мұндай жаңалықтар Қазақстан тарихының Еуропаның оңтүстік ауданының тарихы сияқты адамзаттың көне тарихымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Біздің республикамыздың аумағында алғашқы адамдардың өмір сүрген уақыты ежелгі тас дәүірінің шелль-ашель кезеңіне сәйкес келеді. Қолдағы бар деректер “Алғашқы адамдардың Қазақстан аумағын мекендей бастаған уақыты шелль-ашель кезеңінің сонында болды” деп қорытындылауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл кезеңнің Қазақстандағы абсолюттік хронологиялық шенберін анықтау тас дәүірі ескерткіштерінің орналасу ерекшелігіне байланысты мүмкін емес.

Бұл кезең ескерткіштеріне Бөріқазған, Аққөл, Кемер I, Тәңірқазған және Шабакұты жатады. Сонымен қатар ашель-мусте кезеңдерінің ескерткіштерін зерттеуде Тоқалы, Қызылрысбек, Дегерез және т.б. маңызды.

Оңтүстік Қазақстандағы ежелгі тас дәүірі құралдарын зерттегендер — Х.Алпысбаев пен Г.Мортилье. Олар “алғашқы өмбебап құрал — қолшапқы емес, тастан жасалған қаралпайым шапқы құралдар жасауды үйренген” деген пікірді дәлелдеп, алғашқыда бұл бір жақты (унифас), кейіннен екі

жақты (бифас) шапқы құрал болғандығын анықтаған. Одан кейін екі жақты шапқы құралдардан дөрекі түрдегі қол шапқылар жасалған.

Мұндай тас құралды өңдеу тәсілі тек Оңтүстік Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Үндістан, Бирма, Шығыс Африкада да кездеседі. Бұл тәсіл ерте палеолиттің Олдувай кезеңінен бастау алады. Ол кезде жоғарыда көрсетілген құралдар екі жақты шапқы құралдар мен екі жақты өңделген протошапқылар қатар болған. Қытайдан табылған жаңа тұрақ — Кәхэда осында.

Аққөл. Бұл 1961 жылы табылған тұрақ Жамбыл облысындағы Аққөл ауылынан батысқа қарай 13 шақырым жерде оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай 5—10 шақырымға созылып жатқан шоқының үстінде орналасқан. Шоқы теңіз деңгейінен 413—500 м биіктікте. Оның батыс шеті тіктеу болып келген және біртіндеп биікте, 80—100 м-ге дейін жетеді, ал шығыс шеті біртіндеп төмендеп келіп жан-жағымен бірігіп кетеді.

Тас құралдардың топтасқан жері биік тұрган жеке аланнан табылған. 20x10 м аланнан ежелгі адамдар жасаған 117 құрал жиналған. Оның ішінде ірі жаңқалар (кейбірінің ұзындығы 20 см-ден асады) көп кездеседі. Барлық құралдардың бетінде желмен желінген және түрлі түсті боялған белгілер бар. Мұндағы құралдардың арасында өндіріс қалдықтары өте аз. Бұл ежелгі адамдардың құрал жасайтын материалды тандағанын көрсетеді. Жұмыр тастан жасалған құралдар және қисық жаңқалар көбірек.

Қаратудағы қоңыстар. “Қазақстан жерінде ежелгі заманға жататын адамның сүйек қалдығы табылған жоқ. Дегенмен Қазақстанның оңтүстігіндегі палеографиялық жағдай ежелгі адамға өте қолайлы болды. Оған Оңтүстік Қазақстанның табылған өте қоңе тас қарулар (Оңтүстік-Шығыс Азия мен Африкадан табылған ескерткіштерге ұқсас) және Қытай жеріндегі Чжоу Коу Дянь үнгірінен ежелгі адам қаңқасы мен аң сүйектерінің қатар табылуы дәлел бола алады.

Адам баласына қолайлы болған өлкенің бірі — Қаратай. Себебі тәрттік дәуірдегі мұз басу Қаратаяға жеткен жоқ және бұл аймақта түрлі андар, өсімдіктер мол болған. Кіші Қаратудың солтүстік-шығыс беткейінде адам баласының қоңыстары жиі кездеседі, өсіреле шашпақ тас (кремний) кени

көп. Шақпақ тас — көне замандағы құрал-саймандарды жасауға пайдаланатын бірден-бір шикізат екені анық. Осы жердің радиусы 5—10 шақырым аумақта палеолит дәүіріне жататын 12 тұрақ табылды, одан 5 мыңнан аса шақпақ тас құрал шықты. Тас дәүірінің ең көне кезендерінің ескерткіштері Шабакты, Төнірқазған, Бөріқазған, Аққөл, Қазанғап деген жерлерде кездеседі.

Шамамен 700 мың жыл бұрын адам қоныстары Орталық Қазақстан жерінде де жиі орналаскан. Есіл өзенінің басына қарай Қарағандыдан солтүстік бағыттағы Батпак деген жерде осы дәүірдің мыңнан артық тас қарулары табылды”.

Алпысбаев Х.Ф. Памятники нижнего палеолита
Южного Казахстана. Алматы., 1979. С. 155—158.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАРТАС БЕТІНЕ САЛЫНГАН СҮРЕТТЕР ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Жаңа тас дәүірі қоныстарының көптігі және тас құрал-саймандардың молдығы — тайпалардың көшіп жүріп күнелткендігін білдіреді. Аңшы, терімшілердің үнемі күш үстінде журуіне басқа да құбылыстардың ықпалы болуы ғажап емес. Жаңа тас дәүірінің иероглифтерінде аңшы қауымдар дәстүрі бойынша хайуанаттарды бейнелеумен қатар адам қатыстырылған иерогамиялық көріністер салынатын болған. Бұл — нақ осы дәүір өнерінің өзекті өрістерінің бірі еді. Жыртқыш аңдар мен иттердің арқар, бұғыларды құған көріністеріне де ерекше мән берілген, сөйтіп хайуанаттар кейпіне келтіре отырып, ғарыш драмасы хакындағы ежелгі еуразиялық аңызды еске түсіреді.

Ер адамдардың басын шалқасынан тастап, екі қолын көкке жайып тұрган (адаорация) бейнелері мен күнге байланысты басқа да нышандар Құнгетабынушылықтың кең жайылғандығын дәлелдейді...

Медоев Г. Гравюры на скалах.
А., 1979. С.169.

П тарау. ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗАҚСТАН ЖЕРИНДЕГІ АДАМДАР ӨМІРІНДЕ МЕТАЛЛ ДӘУІРІНІҢ БАСТАЛУЫ. ҚОЛА МӘДЕНИЕТІ

Шу мен Сырдариядан солтүстікке қарай жатқан Сарыарка туралы көне дәүірдің жазба ескерткіштерінде аз айтылған. Фасырлар бойы бұл өлке үлкен ғылыми жұмбак болып келді. Тіпті аздаған жазба енбектердің өзіндегі деректер де дұрыс жинақталған жоқ. Өкінішке орай, Орталық Қазақстанның тарихи-археологиялық тұргыдан зерттелмеуі Қазақстанның солтүстік далалы аймақтарында көне өркениет ошақтары пайда болуы мүмкін емес деген теріс тұжырым туғызады. Тіпті Орталық Азияның көне тарихының тамаша білгірі В.В. Бартольдтың өзі: “Мәдени орта Сырдария жағасы мен Қаратату аралығындағы кеңістікпен шектелді” деген пікір білдірді, оның ойынша, солтүстікке қарай адамы жоқ қу медиен дала болған.

Жаңа зерттеушілер көрсеткендей, бұл айтылған пікірлер революцияға дейінгі ғылымның деңгейіне ғана дәлел. Біздің археологиялық экспедициялардың зерттеуі бойынша, Орталық Қазақстан елкесінде мындаған жылдар бойы өзара туыс дала тайпаларының құрделі дамуы мен мәдени жалғастық үдерісі үздіксіз жүріп жатқан. Ескерткіштердің шоғырын зерттеу сол дәүірде Орталық Қазақстанды мекендейген тайпалардың тарихи өткен жолын анықтап, өлке тарихының көптеген беттерін ашуға мүмкіндік берді. Қола мәдениеті өзінің айрықша белгілерімен: қоныстары мен суару құрылыштарынан, қыш жасау мен тас өндеу өнерінен, тас жасау өдістерінен анық қөрінеді. Осының бәрі түптен келгенде, Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстанда мыс, қалайы және қорғасын, т.б. металдарды игеру кезеңінде орасан даму үдерісі болғандығын білдіреді.

*Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура
Центрального Казахстана. А., 1979. С.6-7.*

ДӘНДІБАЙ

Дәндібай — қола дәуірінің ескерткіші. Ол Қарағанды қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 60 шақырым жерде Шерубай-Нұра өзенінің оң жағасындағы кең жайылымда созылып жаткан көлемді жерлеу аланы.

Бұрынғы Дәндібай ауылының жерінде орналасқан бұл обада (корымда), саз балшықтан жасалған құрылыштардың үйінділері сақталған.

Нұра өзені жазығы — Орталық Қазақстандағы ежелгі адамдар қоныстанған жерлердің бірі. Мұнда әртүрлі кезеңдердің ескерткіштері сақталған. Дәндібай обасы Қарағанды төңрегінде орналасқан басқа да ірі кешендермен бірге Орталық Қазақстандағы қола дәуірі кезеңі ескерткіштерінің ішіндеғі маңызды бір бөлімін құрайды.

Кешенде Андронов мәдениетінің ескерткіштері басым болып келеді. Дегенмен де обаның оңтүстік жағында андрондық ескерткіштерден өзгеше шаршы түріндегі және үлкен көлемді тас қоршаулардың оқшау тұрган тобы бар. Бұл обалар тобын 1933 жылы М.П.Грязнов және басқалар зерттеген. Дәндібай кешеніндегі қазба жұмыстары барысында 11 қоршаудың құрылышы Орталық Қазақстандағы, яғни Бегазыдағы, кейінгі қола дәуірі жерлеу құрылыштарының құрылымына толықтай сәйкес келетіні анықталды.

...Дәндібай обасында ыдыстардың екі түрі кездеседі. Олардың бір тобы — қыш құмыралар мен түбі жайпақ ыдыстар. Ійдыстарды жасауда, негізінен, ленталық тәсіл болып келетін андрондық өндірістік тәсіл сақталған. Екінші тобы пішінінің және өрнектерінің өралуандығымен, ыдыстардың қабыргасын саз балшықтан сығып шығарудың жаңа тәсілімен ерекшеленеді. Жаңа тәсілді қолдануда көздеген мақсаты — саз балшықтан жасалған ыдыстарды шар төрізді (немесе домалақ) түрге келтіру болды.

Маргулан А.Х. Бегазы-Дандағыевская культура Центрального Казахстана. А., 1979. С. 147, 150.

БАЛАҚҰЛБОЛДЫ

Бұл кешен Қарқаралы аймағында Қарқаралының бас жотасынан солтүстік батысқа қарай 60 шақырым жерде Балақұлболды тауының етегінде табиғаты тамаша “Восток”

кеңшарының жерінде орналасқан. Ол туралы алғаш больш археолог В.П. Никитин хабар берді. Кешенде қола дәуірінің түрлі кезеңдеріне жататын 200-дей ескерткіш бар деп саналады. Айтылғандардың ішінде қабыргасы жоғары қарай алға шыққан дөңгелек, тіктөртбұрыш және квадрат қоршаулар түріндегі ерте және кейінгі қола дәуірінің ескерткіштері басым болып келеді. Балақұлболды кешенінде ерекше II, III, IV типтегі ескерткіштердің шағын тобы орналасқан.

Балақұлболды II шағын тобы, I мен III шағын топтарының аралығында орналасқан. Онда ерте андрондық белгілер де сақталған.

Орталық шенбер (концентрлік) төрізді үйіндісіз қоршау солтустік шағын топтың орталығында орналасқан. Шенбердің сыртқы қабыргасы қырынан қазылып орнатылған тас тақталардан тұрады, ал ішкісіне тіктөртбұрыштың тақталар төсөліп, көлдененінен қаланған. Улкен шенбердің диаметрі — 8 м, кішісінікі — 3,8 м. Шенбердің оңтүстік жағын тонаушылар бұзған. Кіші шенбердің ортасында оңтүстік-шығыс жағына таяу еki жұпталған көлемдері бірдей жәшіктер орналастырылған. Екі жәшіктің шығыс қабыргаларының жаңындағы үйіндіден адам сүйектері шыққан, олардың жерлеу ғүрпты туралы бірдене айту қыын, сүйектердің жәшіктердің шығыс жағынан табылуына қарап, екінші қоршаудағы сияқты мұнда да адамды отырызып жерлеген деп жорамалдауға болады. Сүйектерді алып қараған кезде қызық фактіге кезіктік. Адамның мықын сүйегінен тығын пішініндегі ұшы шығып тұрған ұшқір қола жебе табылды. Жебенің қатты соғылуынан мықын мен жамбас біріккен жеріндегі шеміршекте үнірейген жарықшақ пайда болып, адамның өліміне себеп болған. Дәл осындай жебенің қола ұшы қадалған сүйек Павлодар мұражайында сақтаулы.

Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. А., 1979. С. 147, 150.

III тарау. ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫң БАСТАУЫ. САҚ-САРМАТ ТАЙПАЛАРЫНЫң МӘДЕНИЕТІ. ЭТНИКАЛЫҚ АТРИБУЦИЯ

Археологиялық материалдар бойынша б.з.д. V ғасырда Орта Азия мен Қазақстан тұрғындарының негізгі боллігі еуропеоидтік кейіпте болғандығы анықталды. Жекелеген тайпалардың ерекшеліктерін біріктіретін іргелес жатқан тұрақты қоныстар, Орталық Азияда монголоидтік нәсіл үstem болып келетін негізгі аралдарға жақын орналасқан. Солтустік Қырғызстан мен Оңтустік Қазақстан осындай аудандарға жатады. Дәл осы жерде нәсілдік араласудың нәтижесінде ертедегі монголоидтік халық пайда болған. Персофольда тасқа қашалған суреттер осы аймақтың тұрғындарынің болуы ықтимал. Баскиімнің тұрпатына, шығу тегіне қарай оларды тиграхауда сақтарына жатады деуге болады. Біздер Персофольдегі Ксеркс сарайында кескінделген тирагахауда сақтары Оңтустік Қазақстан, Солтустік Қырғызстан мен Алтайдың ежелгі тұрғындары екендігін білеміз.

О.С.Смағұловтың анықтауы бойынша, Есік қорғанында жерленген жетісулық сақ еуропеоидтік кескін мен монголоидтік кескіннің араласуынан пайда болған. Оның жасы 16—18 жас шамасында екені анықталған.

Баскиімнің тұрпаты (формасы) мен әшекей бұйымдарының түрлері оның тирагахауда сақтарына жататындығы туралы пайдалы, қосымша дәйекті айғақтар беріп отыр.

Ақишиев К. А. Курган Иссык. А., 1978. С. 67.

КИР МЕН ТҮМАР

Азияны бағындырып және өз билігіне бүкіл Шығысты қаратып болған соң, Кир сақ еліне соғысқа аттанды. Ол заманда сақтардың патшайымы Тұмар еді.

Тұмардың жауды Үкістен өткізбеуге мүмкіндігі болды, бірақ қалай да жауды сақтың кең даласында тығырыққа тіреп, соғуды жөн деп тапты, оның үстіне, жау жағы женілген жағдайда, алдынан бөгелген өзен олардың қашып құтылыуына тосқауыл болар еді. Кир өзеннен өтіп, Сақ өлкесіне бірталай еніп барып, жорық шатырын тікті. Екінші күні қорыққандай сыңай танытып, шатырын тастай асығыс шегіне қашты. Ал сақ “жұртына” мол етіп шарап пен өзге заттарды қалдырып кетті. Осы хабарды патшайымға жеткізгенде, өз әскерінің үштен біріне бас етіп, жас ұлын жауды қууга аттандырды. Алайда әскери істе тәжірибесін аз бозбала Кир шатырына жетісімен, соғыста жүргенін, жаудың жақын екенін ұмытып, тойға келгендей еркінсіген жасақтарын шараптан қаға алмады. Осылай жаудан женілмеген сақтар шараптан женілді. Осыны білісімен-ак, Кир түн ішінде қайта оралып, бейқам жатқан сақтардың бәрін патшайымның ұлымен қоса жайратып тынды. Сарбаздары мен жалғыз ұлынан айырылып қалған Тұмар патшайым көз жасына ерік бермей, женісін тойлас жатқан жаудың өз зұлымдығын өзіне қолданып, кек алмаққа бекінді. Оның амалы табылды да. Ол осы қыргыннан соң, жау күшінен сескенгендей рай танытып, соғысдан қашқақта, соңынан құған Кирді тау шатқалына қамап, алдынан тосқауыл қойып, жан-жағынан қамап алды. Сол жерде патшамен бірге 200 мың парсыны сақтар қырып жіберді.

Бұл женілістің таңқаларлығы сол, алапат, қыргын соғыстан парсы еліне хабар жеткізетін бір адам тірі қалған жоқ. Патшайым Кирдің басын адам қанымен толттырылған меске салып: “Сен адам қанына құмар едің, енді ішіп той”, — деп, оның қаталдығын айыптасты.

...Кир — Ахеменид әулетінен. Ол б.з.д. 530 жылы Өмударияны Каспий теңізіне құятын Узбой саласында қайтыс болған. Ерте заманда Узбайдың арнасымен Өмудария сұы, негізінен, Каспий теңізіне құйған.

...Тұмар — сақ патшайымы. Деректер бойынша, парсымен соғысқан “массагет” сақтары еді. Кир алдымен Тұмар патшайымға құда түскен, бірақ мәселе массагет билігі болғандықтан, патшайым бас тартқан. Кир қолынан қаза тапқан ханзаданың аты — Спаргапис. Геродот ол жөнінде: “Спаргапис қолға түскеннен кейін өзін өлтірді”, — деп

жазады. Оның баяндауынша, бұл соғыс көшпелілер қатысқан ең қатыгез, қантөгіс соғыстардың бірі. Шайқас үзаққа созылған, ақыр соңында парсының қатары сөгіліп, қаша бастаған.

... Үкіс — Өмудария өзені. Ол заманда Сырды — Яксарт деп атаған, бертінірек Өмуді — Жейхун, Сырды — Сейхун атаған уақыттар да болды.

Юстин. Эпитома сочинений Помпея Трога.
Вопросы древней истории. 1954. С. 2—4.

ГЕРОДОТТАН ҰЗИНДІ

... Кир массагеттерді бағындыруды ойлады. Массагеттер, айтуға қарағанда, аса күшті әрі саны жағынан көп тайпа. Олар күннің шығыс жағында Аракс (Сырдария) өзенінің арғы жағында исседондарға қарама-қарсы тұрды. Ал кейбіреулер оларды *скиф тайпалары* деп те атайды.

Массагеттердін патшасы қайтыс болып, орнына әйелі Тұмар патшайым таққа келеді. Кир оған елшілерін жіберіп, өзіне әйелі болуға ұсыныс жасайды. Тұмар Кирдің ойын бірден тусініп, оның өзіне емес, еліне құштар болып отырғандығын біліп, ұсынысынан бас тартады. Кир өз ойы іске аспаған соң, массагеттерге ашық соғысқа аттанады. Әскерін Аракс (Сырдария) өзенінен өткізу үшін қалқымалы көпір жасап жатқанда, Тұмар өзінің хабарлаушыларын парсы патшасына жіберіп, былай деген: “Парсы патшасы! Өз ойынан қайт. Сенің бұл жасап жатқан көпірінің пайдастыңың саған тиер-тимесін білмейсің гой. Бұл жұмыска әуре болма, өз елінді басқар, біздің өз елімізді басқарып отырғанымызға көре алмаушылық жасама. Әрине, сен менің бұл кенесімді тында массагеттерге сонша шапқыншылық жасауға күштар болсан, онда сен көпір жасамай-ақ жайлап өте бер, біз өзеннен үш күндік жерге барып тұрамыз. Ал егер бізді өз жерінде жіберетін болсан, онда сен біз сияқты үш күндік жерге шегініс жаса”.

Кир өзінің кенесшілерін жинап алып: “Не істеуіміз керек?” — деп кенес сұрады. Кенес берушілердің көшпілігі: “Тұмарды өз жерімізде қарсы алайық”, — деп кенес береді. Алайда осы кенесте отырған қолбасшы мидиялық Крез бұлардың беріп отырған кенесіне қарсы болып былай деді:

“Менің ойымша, сенің күшің оларға қарағанда артық, сен оларды женесің. Егер сенің ұлың Комбис шегініп, әйел патша біздің жерге енсе, оған жол беріп қою деген масқара емес пе? Менің ойымша, біз өзеннен өтіп, олардың жеріне тереңдете кіріп, женіске жетуге әрекет жасауымыз керек. Олардың өздері де шегінеміз деп отыр ғой. Менің білуімше, массагеттерде біздің өміріміздегі алуан түрлі дәмді тамак, тағамдар, шарап, сусындардың молдығы жайлыш хабар жоқ. Біз барып тоқтаған жайымызға көтеп қой сойғызып, дәмді тамак жасап, қозелерді толтырып шарап қалдырамыз. Нашар соғысатын әскер бөліктерін қалдырып, өзіміз бір күндік жерге шегінеміз”, — деп кенес береді...

Мұндай құрылған торға Тұмардың баласы Спаргапис өз әскерлерімен түсіп қалады. Ол шараптың буы тарқап оянғанда, өзінің қандай жағдайда жатқанын түсініп, Кирден қол-аяғын босатуды сұрайды. Қол аяғы босаған ол өзін-өзі өлтірсе керек.

...Тұмар өзінің бар әскер күшімен парсыларға шабуылға шығады. Бұл шайқас, менің естуімше, тарихта бұрын-сонды болып көрмеген шайқас. Қарсыластар алғашқы кезде бір-біріне қарама-қарсы тұрып алып, садақпен атысқан. Садақ оқтары таусылғаннан кейін, қанжар, семсер, найзалармен соғысқан. Бір-біріне берілмей ұзақ уақыт шайқасып, ақыр сонында Тұмардың әскері женіске жеткен. Парсылардың әскері түгелдей қырғынға ұшырап, Кирдің өзі де каза болған. Тұмар Кирдің өлігін табуды бұйырган. Кирдің өлігі табылғаннан кейін патшайым адам қаны толтырылған меске Кирдің басын салғызып: “Сен адам қанына құмар едің, енді ішіп той”, — деп, mestі Сыр сұына тастатыпты...

...Массагеттер скифтер сияқты киім киіп, солар төрізді тіршілік етеді. Соғыста ат үстінде де, жаяу да соғыса алады. Бұлардың қарулары — садақ, найза, айбалта. Бұйымдары алтыннан, қоладан, ал қару-жараптары қоладан жасалған. Баскімдерін, кісен-белбауларын алтынмен безендендірген. Соғыста киетін сауыттарын мыстан жасаған. Жүгендеріндегі сағалықтарын, кекілдіктерін алтынмен әшекейлелген. Бұлардың жерінде темір, күміс деген кездеспейді, ал алтын, мыс өте көп...

...Массагеттер астық екпейді, бірақ мал өсірумен, балық аулаумен айналысады. Аракста (Сырдария) балық өте көп. Олар көп жағдайда айран, сүт іshedі. Бұлардың табынاتын Құдайы — аспандағы жалғыз Құн. Олар Құнғе жылқыны құрбандаққа шалады. Ондағы ойлары — өте шапшаң

Құдайға (Құнғе) лайықты дүниедегі ең жүйрік мал — жылқыны құрбан ету.

*Геродот. История в девяти книгах.
(Перевод и примечания Г.И. Стратановского
Л. 1972. кн., I. С. 201—206, 207, 211, 215, 215.)*

АЛТЫН АДАМ

Есік обасынан табылған кешенниң ғылыми, тарихи-мәдени бағасын анықтау қыын. Қазба жұмыстарының нәтижесінде, гуманитарлық ғылымдардың ірі саласына — көне тарих, мәдениет тарихы, өнер мен жазу, тіл сияқты Қазақстанның ежелгі тарихының құрамдас боліктеріне өсер етері сөзсіз. Бұл хабарды қорыту, жинақтау ежелгі қоғамға (көшпелілер қоғамына) қатысты қалыптасып қалған көптеген дәстүрлі қозқарастарды жоққа шығарады.

Есік обасы жақсы сақталғандықтан, жерлеу ғұрпын қалпына келтіруге, салтанатты басқиімді, киім мен аяқ-киімді, әртурлі өшекейлердің орналасу ретін анықтауға мүмкіндік берді. Осы түрғыдан және өнер туындыларының орындалу шеберлігі мен табылған алтын заттардың саны жөнінен Есік обасы салыстыруға келмейтін айрықша табыс.

Табылған заттардың ішінде Қазақстан жерінде пайда болған көне жазудың бірден-бір айғағы — жазуы бар күміс тостаған ерекше орын алады. Қазіргі күні осыдан 2400 жыл бұрын сақ тайпалары жазу мәдениетін игерген деген ғылыми мәселені көтере аламыз.

...Есік обасынан табылған өнер туындылары өнер тарихының жарқын бетін ашады. Бұл туындыларды Жетісү сақтарының өкілдері, суретші-шеберлер жасап шығарған.

...Дегенмен Есік обасында табылған өнер туындыларынан Таю Шығыс, соның ішінде, Иранның (ахеменидтердің) өте зор өсери болғаны жоққа шығарылмайды.

Сак өнеріндегі “аң стилі” — синкретті өнер, ол екі түрлі компоненттің қоспасы: төл және сырттан енген дәстүр. Бірақ екі арадағы шекараны ажырату өте қыын. Есік — біртұтас ертеде қалыптасқан мәдениет нышшаны.

...Еуразия тайпаларының “аң стиліндегі” өнерді дамыту-га сіңірген еңбегі өлшеусіз мол. Шындығына келгенде, б.з.д. VII—V ғасырларда түзілген скиф-сібірлік өнер салтының отаны — Еуразия”.

Ақишиев. К.А. Курган Иссық (искусство саков Казахстана).
М., 1978. С. 85—89.

КҮМІС ТОСТАҒАНДАҒЫ ЖАЗУ

...Күміс тостағаншының сыртқы жағына руна төрізді 226 таңба екі жолға ойылып жазылған. Күміс тостағандағы осы таңбалар, біріншіден, көне түркі руникалық таңбаларына ұқсас, екіншіден, Жерорта теңізі төңірегіндегі көне алфавиттік таңбаларға (өсіреке көне грек пен арамей әріптеріне) үйлеспейді.

Сейтіп, бұл жазуды көне түркі тілінде оңдан солға қарай былай оқыдық: “Аға, саған (бұл) ошак! Бөтен (жат ел адамы), тізенди бұк! Халықта азық-тулік (мол болғай)!“

Сақ дәүіріндегі бұл көне түркі жазуы бірнеше мағынаны білдіреді. Біріншіден, адам бұл дүниеден кейін о дүниеге барғанда да өмір сүреді, азық-тулік керек болады деген сенімді білдіреді. Екіншіден, халықтың сыртқы жауды женуге бел байлағанын көрсетеді. Ал, үшіншіден, халықтың қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болуға ұмтылған тілегін білдіреді. Бұл жазудың аса бір құндылығы — Ежелгі Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі болғандығын тағы да накты дәлелдей түседі. Сондай-ақ Қазақстан жеріндегі алғашқы көшпелілерде жазу-сызу болмады-мыс деген дәстүрлі пікірдің негізсіз екенін айқындалап, бұдан 2500 жыл бұрын түркі тілдес тайпалардың жазуды білгендігін және оны кең түрде пайдаланғандығын күөландырады.

...Қорыта келгенде, көне түркі руникалық жазуы арғы ата-бабаларымыздың 1500 жыл бойы қолданған тел жазуы екендігі ешқандай күмән туғызбайды. Бұл алфавиттің осынша уақыт өмір сүргендігін (б.з.д. 1-мыңжылдықтың ортасынан б. з. 1-мыңжылдығының соңғы кезеңіне дейін) деректер айқындалап отыр...

Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А., 1996. 42-43-бб.

МУРТТЫ ҚОРҒАНДАР

Орталық Қазақстанның кең сахарасын ерте темір дәуірінде бір тексті, орнықты зират құрылышының үлгісін қалдырған тайпалар мекендеген.

Сарыарқаның батысы мен шығысын, солтүстігі мен оңтүстігіндегі ашық дала мен таулы өнірлерді қоныстанып, өзен жағалауларын жайланаған тайпалар екі түрлі қорған

ескерткіштерді тұрғызған. Оның бірі — тастан немесе топырақ араластырып үйлесе, екіншісі — тас, топырак, сонымен қатар монументальді құрылыштардан тұрады. Ғылыми әдебиетте бұл корғандарды “*мұртты қорғандар*” деп атайды. Орталық Қазақстан өнірінде орын тепкен өзге ескерткіштерге қарағанда, “*мұртты қорғандар*” үлкен зират болып саналмайды. Бір қорымда, көп болса, 10—15 қорған орналасқан. Қорғандар Орталық Қазақстанның таулы өлкесінің Ұлытау, Шет, Ақтогай және Қарқаралы аудандарының жерінде жиі кездеседі. Осы аталған аудандарға іргелес жатқан жалғай түпкір өлкелерде олардың саны біртіндеп азая береді.

Жалпы айтқанда, “*мұртты қорғандардың*” орналасқан аясы анық: батысқа қарай оның шекарасы Ұлытау мен Есілдің жоғары ағысын, солтүстігінде Қекшетаудың Шортанды және Бурабай көлдерін, шығыста Баянауылдан әрі Шыңғыстауға дейінгі таулы-қыратты өлкені қамтиды. “*Мұртты қорғандардың*” онтүстік шекарасы Балқаш көлінің солтүстік атырабы мен Бетпақ далаға тіреледі.

Сонымен қатар біз нұсқап отырған меже ескерткіштердің ен бір шоғырланған тұсы, бұл жерден тыс өлкелерде де осы типті қорғандар болуы ғажап емес. Мәселен, Еділ бойынан осындай қорған ашылғаны белгілі. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерінде де бірнеше қорғандар анықталды. Бұл ескерткіштердің өзгеше құрылымы — Тасмола мәдениетін сақ заманындағы басқа да мәдени үлгілерінен ерекше бөліп алуға мүмкіндік беретіні белгілі. Енді осыған тоқталсак.

Осы күні “*мұртты қорғандардың*” жерлеу кешені қурделі екендігі және оның бірнеше қорғандардан тұратындығы анықталды. Ол оте колемді ортаңғы тас қорғаннан және шығысқа қарай немесе қашықтау орналасқан кіші қорғаннан тұрады. Осы кіші қорғаннан шығысқа қарай жал болып, жалпақтығы 1,5—2 м және ұзындығы 20—200 м, кейде одан да көп, екі қатар тас құрылыш жасалған. Тас жал жартылай доға болып созылып, басы мен сонында дөнгелек қорған тектес тас үйінділермен аяқталады. Сонымен “*мұртты қорған*” үш құрамдас боліктен тұрады: *адам жерленгені — үлкен қорған, аттың қаңқасы және қыши ыдыстар сақталғаны кіши — қорған және тас жолдар*.

1. Тасмола мәдениеті — сақ-скиф тайпаларынан қалған ең көрнекті үлгілердің бірі. Бұл мәдениет Қазақстанның далалық өлкелерінде кең тараған. Қорғандар, негізінен, тастан көтерілген. Қорғандардан табылатын бағалы заттар шектеулі. Қебінесе ер-тұрман немесе жылқы сүйектері кездеседі. Жалдың сонындағы кішкене қорғандарда жанған оттан қалған күл қабаты бар. Тас жалдардың шығысқа бағытталуы, дөгал болып келуі көптеген ғалымдарды ойра салып, әртүрлі болжамдардың тууына мұрындық болып отыр. Орталық Қазақстан жерінде жиі кездесетін “мұртты қорғандардың” құпия жұмбақтары әлі ашылған жок.

Кабырбаев М. К. Памятки Тасмолинской культуры.

Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966. С. 307-308.

ЕРЖҮРЕК АМАЗОНКАЛАР

...Аңыз бойынша, эллиндер амазонкалармен соғысып, Термодент тубіндегі шайқаста оларды жеңіп, тұтқынға алған. Элинндер амазонкаларды үш кемеге отырғызып, теңізге шығады. Ашық теңізде жұзіп келе жатқанда, амазонкалар тұтқыннан босап, эллиндерге тап беріп, оларды шетінен қырып таstadtы. Бірақ өздерінің кемені жүргізуі білмегендігі себепті, не желкенмен, не ескекпен кемені басқара алмай, толқын айдал, жел қуып, Меотия көліндегі (Азов теңізі) Шакпақ жартас деген жерге келіп тоқтады. Бұл Шакпақ жартас еркін скифтердің жерінде орналасқан. Осы жерде кемедегі амазонкалар адамдар мекеніне бағыт алып, жолда кездескен жылқы табынын үстап, атқа мініп, скиф иеліктерін тонай бастады.

...Ақыр сонында, амазонкалармен соғысадан абырай таптайтынын білген скифтер оларға бір топ жас жігіттерді жіберіп үйлендірді, сонымен амазонкалар скиф тілінде сөйлейтін болды. Жас скифтермен қосылған соң, олар Танаис (Дон) өзенінен әрі өтіп қоныстанды. Осы ел кейін “савромат” (сармат) атанды. Осында жағдайға байланысты савромат әйелдері ерте заманнан ерекше өмір салтын үстанды, олар атқа мініп, ерлермен бірге немесе өздері-ақ аңға шықты, ерлермен бірдей киініп, соғысқа аттанды.

Савроматтар скиф тілінде сөйлеген, бірақ ерте уақыттан бері ерекшелуе болған, себебі амазонкалар ол тілді толық

менгермеген. Неке туралы оларда мынадай тәртіп қалыштасқан: ешқандай бойжеткен өзінің бір жауын өлтірмейінше күйеуге шықпаған.

1. *Савромат* (сармат) “Батыс Қазақстан, Еділ бойын мекендерген сақ-скиф тектес ел. Олардың тұрғызыған қорғандарынан қару-жарак өте мол табылды. Амazonкалар туралы аныздың савроматпен байланысы қызықты ойларға жетелейді. Себебі, осы жағдай ерте көшпелілер арасында аналық қоғамынан қалған қалдықтары мол болғандығын көрсетеді.

2. *Эллиндер* — ежелгі гректер. Анызға олардың кездейсок кіруі мүмкін. Грек жазушылары скиф батырын Геракл, Тәнірін Зевс деп атаған.

Геродот. История в десяти книгах. М., 1972. IV часть.
С. 110—117. (Үзінді Ж.Артықбаевтың “Қазақстан тарихы”
атты оқулық хрестоматия кітабынан алынды.)

IV тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫРҒЫ ТАЙПАЛАРЫ

Қазақ халқының көне шығысын мекендеген найман, көрдегі тайпалары кезінде өз мемлекеттерін құрган ірі тайпалар болғаның көне қытай жылнамалары мен орта ғасырлардағы монгол шежірелері, сондай-ақ иран, парсы тарихнамаларынан кездестіруге болады. Ал қонырат, меркіт, арғындар тайпалық одактан әрі аса алмаған. Бірақ ертедегі “ү-сұндар” (сұлы елжелер) деп аталған ұлыспен бірге “ашина” атты ру-ұлысының болғанынан жоғарыдағы жылнамалар еміс-еміс дерек келтіреді. Тіпті “Тұтас монгол” деп аталатын монгол әулетінің тұңғыш хандық құрган тұсында Эргүнә өзенінің бойында Аргуне-Эргунә деген ру-ұлыстың өмір сургенін айтады. Ал үйсіндермен іргелес жүрген ашина рулары да малмен ғана айналысқан, жорыққа көп қатыспайтын бейтарап ел болған көрінеді. Қоныраттар туралы да осыны айтуга болады.

Мысалы, Темучинді нағашы жағына қалындық айттыруға апара жатқанда, Есүкейге қоныраттың Дей шешені: “Біздің қоныраттар басқаны жауламайтын, артық-ауысты дауламайтын, жиендері жүзімен, қыздары көркімен әйгілі ел еді”, — дейді. Сондай-ақ көне қытай шежірелерінде ертедегі қоныраттардың “Қоян” — “Қиян” деген аталары болғанын, ал Темучиннің ата-бабалары Қабул ханнан әлдекайда бұрын “Кият” немесе “Қуян” деген рудың бірлестігінде жүргенін айтады. Алайда монгол әулетінің арғы аталары “Кият” тайпасы “боржиган” руларынан болса, онда қоныраттың “Қоян” руларының тегі арнайы зерттелетін тақырыптың бірі.

Меркіттер мен қоныраттар туралы VIII—XIII ғасырларға дейінгі бесжүзжылдық дерек пен көне қытай шежіресі Ли-Ю-Данның “Ляо ұлысының тарихи құжаттарында”, Рашид

ад-Дин шығармаларында, сонан соң “Монголдың құпия ше-жіресі” атты әйгілі еңбегінде жан-жақты баяндалады.

XIII ғасырдан бұрын бүтінгі монгол өлкесінде Тұтас монгол, Тоғыз татар, Найман, Керей атты төрт ұлыс өз алдына мемлекет құрып тұрғанда, оларға бағынбайтын дараланған тайпалар: қоңырат, меркіт, баяуд, ойрат, олқұнуд, орман уранхайы, баргуд солармен іргелес өмір суреңді. Соның ішінде тек азғантай уақыт ғана өз алдына хандық құрған екі тайпа: үш меркіт пен қоңыраттар еди.

Үш меркіттер алғаш 1096 жылы тарихқа аты ілінгенде Мэй Лизн деп аталады. Олар жоғарыдағы Қидан ұлысына бағынған Зу-бу атты 18 аймақтың бірі болып өз алдына өмір сурғен. Сол кездін өзінде әжептөүір белді аймаққа айналған үш меркіттер қарақытайға қарсы шайқаста мықтылық көрсеткен. Үш рудан шығатын меркіт хандығында 2 түмен (жынырма мың) өскер үстап тұрғаны жоғарыдағы тарихи құжаттарда айтылады.

И. Қабышұлы. Казак қауымы. А., 1997. 89-90-бб.

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЙТА ТУЛЕУІ

VII ғасырда түркілер Алтайға келгенде, олардың жауалары, бір жағынан, бұрынғы тұрғындар—алтайлықтар, екінші жағынан, қазақтардың ата-бабалары — дала тайпалары болған. Сірә, VII—IX ғасырларда түркілер екі майданда құрес жүргізсе керек, олар осы балбал бейнелерінде кескінделіп қалған. Егер бұл дұрыс болса, онда біз далалықтармен соғыс неғұрлым сәтті өрбіген екен деп айта аламыз, өйткені біз зерттеген 486 балбалдың 329-ы үшкір басты, ал 157-і тайпақ басты болды.

Сірә, Шебиханнан кейін де ормандағы өрбір ағашты, сайдағы өрбір тасты жақсы білетін таулықтармен табан тіреспекен күрестен гөрі, даладағы қоныстарға тұтқылдан жасалған шапқыншылықтар табыстырақ өткен тәрізді. Үшкір бастыларынан гөрі тайпақ басты балбалдардың міндетті түрде шомбалдау келуі де, мүмкін, сондықтан шығар...

Жонғария мен Жетісуда мынадай халықтар өмір сүрді: Қара Ертіс пен Ұрынғы алаптарында қарлұқтар; Орталық Тянь-Шаньдағы Іле бойында түркештер, ал олардан батысқа қарай шүніштер; Онтүстік-Батыс Жонғарияда нешеттер; Манас өзені мен одан шығысқа қарай құльштар; Онтүстік Жонғарияның шығыс боллігінде басимдер (басмылдар) және

сол жерде — ортаазиялық ғұндардың жүрнәктери — шатолар.

Келтірілген бұл мәліметтерге қосымша Орхон жазуы 710—711 жылдары түркештер соғысқан кенгерес халқы туралы хабарлайды. Бұлар өздерінше атауы қанғар болған печенегтер. Олар Сырдарияның төмөнгі және орта ағысы бойын мекендеді.

Қара Ертістегі қарлұқтар мен Сырдариядағы печенег-қанғарлардың аралығында дәл сол кездері қыпшақтар қоныстыданып алған кең дала жатты. Осы күнгі Қазақстанның далалық өнірінің Дешті Қыпшақ— Қыпшақ даласы деп аталуы, міне, осыдан. Мұнда қыпшақтар қанғарлармен (қаңлы) араласып кетіп, шығыста қыпшақтар, Еуропада командалар, ал Ресейде половецтер деген атпен әйгілі болған халықты қалыптастырыды. Онтүстікке таман Сырдария мен Өмүдәрияның төмөнгі ағысы аралығында түріктендірілген арийліктер, парфяндардың ең жақын туыстары — түрікмендер немесе гуздар өмір сүрді. Осы айтылғандармен Орталық Азияның тек неғұрлым ірі тайпалық бірлестіктері тамамдалады. Майдаларының кейбіреулерін біз, мысалы, аздар, чиктер, абарлар деген және басқа аттарынан білеміз.

Гумилев Л.Н. Қоған түріктер. А., 1994.
258, 263-264-бб.

ҚАРЛҰҚТАР МЕМЛЕКЕТІ

Басына іс түскенде Соғды бектері жәрдемсіз қалдырылды, бірақ олардан империяға деген адалдық бұрынғысынша талап етілді. Гао Сянъ-Чжи Шаштың қожасын “сатқындық жасадын” деп қамауға альп, оны Қытайға жөнелтті, ол онда өлім жазасына кесілді. Мұндай қатыгездіктің орын алудына империя қолбасшысының ашқарақтығы себепші болғандығын жүртттың бәрі түсінген еді, өйткені өлтірілген бектің байлығы соның қолына түсті. Мұның өзі соғдылықтарды арабтардың құшагына біржолата итерді. Өлтірілген марқұмның ұлы Зияд ибн-Салихтың мұсылмандық қосынын ертіп келіп, оған өзінің соғдылық достарын қосып, Талас қаласын қоршауға алды. Гао Сянъ-Чжи қаладағыларға көмектесуге аттанды, ол жаққа сол кезде империяға тәуелді қарлұқтар жабғысы да өзінің атты әскерлерін тартты. Империя жағында ферганалықтар, қашқарлықтар, құшандар — барлығы 30 мың әскер шабуылға шықты.

Арабтар мен соғдылықтардың саны белгісіз, бірақ, сірә, олар да бұдан аз болмаған тәрізді. Екі армия 751 жылы шілдеде Талас өзені маңындағы Атлах деген жерде кездесті. Кескілескен шайқас екі жак үшін де елеулі нәтижесіз бес күнге созылды. Шешуші сөтте қарлуктар Гао Сянь-Чжи өскерінің тылына соққы беріп, қытайлықтардың күлталаңын шығарды. Гао Сянь-Чжи Қытайға қашты.

Халифат женістің жемістерін пайдалана алмады. Абу-Муслим мен Абуль Абастың омейдтарға қарсы 750 жылғы көтерілістері елдің бүкіл күшін қылғып қойды. Талас маңындағы женімпаз Зияд ибн Салих көптеген астырын әрекеттердің біріне қатысушы болып шығып, басын айбалта астына салды. Алайда женіліс қытайлықтарды қорқытып тастаганы соншалық, олар Батысты басып алмақ ойларынан түніле бас тартты. Империя күйреу карсаңында тұрды.

“Талас шайқасы мұсылман мәдениетінің Орта Азиядағы қытай мәдениетінен басым түскені жөніндегі мәселені шешті” деген пікір болды. Әйтсе де бір шайқастың тағдыры тұтас бір елдің даму жолын айқындаپ бере алмайды. Тан империясы Батысқа қытай мәдениетін емес, өзінің саяси үстемдігін алып барды. Бірақ бұл жүзеге асыруға болмайтын үміт еді. Қәшпелі хандықтардың — үйғырлар мен қарлуктардың өшпендейтін женілмейтін өшпендейтік болатын. Империяның соғыс қуаты 751 жылы барлық жерде де соққы алды: қидандар қытайларды шығыста, тибеттіктер мен жаңадан пайда болған мемлекет Наньчжао — онтүстікте талқандалды, ал ішкі қарама-қайшылықтар көп кешікпей Қытайды өз шекарасының ішінде томаға-түйік қалуға мәжбүр еткен астан-кестен өзгерістерге алып келді. Талас шайқасы оқигалардың ұзын тізбегіндегі бір ғана буын болды.

Карлуктар. Этникалық жағынан қарлуктар түркілерге неғұрлым жақын болғандығына қарамастан, олармен ешқашан да тату тұра алмады. 650 жылы телес-түркілердің алтай тарамы жойылған кезде қарлуктар осы мейірімсіздік істі жүзеге асырған қытай өскеріне қолдау көрсетті. Бұл қолдаушылық Қытайда қарлуктардың империя қол астына өтуі деп қабылданды, бірақ іс жүзінде қарлуктар Тан империясының құрамына тек 657 жылы Батыс Турік қағанатын жауап алу кезінде ғана енді.

Империяға тәуелділік қарлуктар үшін ауыр болған жок. Олардың көсемдері қытай шендерін алды, ал өзгелерінің бәрі

бұрынғысынша қалды. Екінші қағанат тұсында қарлұқтар өздерінің бостандығын өзеттікпен қоргады және ақырында толық жеңіске жетті. Гао Сянь-Чжи өскерлерінің ту сыртынан берген дәл солардың сатқындық соққысы Талас шайқасының тағдырын шешкендігіне қарамастан, олар империямен одағын сақтап қалғылары келді. Сондықтан қытайлықтарға 744 жылы берілген түрік жабгуы Абусы 752 жылы көтеріліс жасап, Шофанды қуіреткен кезде қарлұқтар 753 жылы оларға қарсы шығып, батыстан берген соққысы арқылы түрік көтерілісшілерін толық жеңіліске ұшыратқан болатын. Абусы қарлұқтардың колына тұтқынға түсті, қытайға жөнелтіліп, олар онызынданға тастаған-ды. Қарлұқ жабгуы “Алтайдың патшасы” деп танылды.

Осыдан bylай қарлұқтардың тасы жоғары өрмеледі. Олардың бірден-бір бақталасы — Түркеш хандығы ыдырай бастады. 756 жылы сары және қара түкимдар арасында қанды жанжал бүрк ете қалды. Бұл араздық түркештерді біржолата өлсіретіп таставды, содан 759 жылы қарлұқтардың шабуылы басталғанда, түркештер оларға қарсылық көрсете алмай қалды. 766 жылға дейін қарлұқтар Жетісүды, Таласты, Шу өзені аңғарын бағындыруды аяқтап, Батыс Тянь-Шаньға жетті.

Түркештердің бір бөлігі қарлұқтарға бағынды, бір бөлігі шығысқа қоныс аударып, үйғырларға берілді. Осы уақыттан бастап қарлұқтар Орта Азиядағы далалық мәдениетті бірден-бір сақтаушы болып қалды. Олар 960 жылы өздері мұсылман дініне өтіп болғанша, 200 жыл бойы, исламның тегеурінін тоқтатып тұрды. Сірө, қажет деп санамаған болар, қарлұқтар Қытаймен қарым-қатынас жасауын қойды.

Алайда қытайлықтар Батыс өлкесіндегі “Төрт бекіністі” — Құшаны, Қарашарды, Хотанды және Қашқарды, сондай-ақ Бәйтін мен Жонгарияны ұстап қалды. Шато императорға адалдығын сақтады, бірақ Қытаймен екі аралығын үйғырлар кесіп тастап, солардың жинайтын алым-салығынан жапа шеккен олар ақыр аяғында жеңімпаз Тибетке бағынумен тынды.

Тан империясының Батыстағы саясаты сөтсіздікке ұшырады. VIII ғасырдың екінші жартысында Қытай мен Ұлы дала жауласушы екі дүние тәрізді қайтадан бір-біріне қара-қарсы тұрды.

Гумилев Л.Н. Қоңе түріктер. А.,
1994. 369—372-бб.

ҚЫПШАҚТАРДЫҢ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

1065 жылы селжүк билеушісі Алып Арслан Манғыстауда жақсы бекініс қамалы бар қыпшақтарға қарсы жорыққа шықты. Қыпшақтарды бағындырған соң, селжүк сұлтаны Жент пен Сауран қалаларына аттанды. Осы әскери қымылдар нәтижесінде қыпшақ тайпаларының бір бөлігі уақытша хорасан селжүктегіне төуелді болды. Шайқастар барысында қыпшақтар оғыз-селжүк тайпасы алқа-бұлақты тұтқынға алса керек. Махмұт Қашқаридың айтуынша, олар жаратқанның көмегімен босанып шығады. XI ғасырдың соңғы ширегінде Манғыстауда және Каспий теңізінің шығыс жағалауында бұрынғысынша қыпшақтар билік жүргізіп, оғыз және түркі тайпаларының жекелеген топтары оларға саяси төуелді болды. 1096 жылы “құдіретті” хан бастаған қыпшақ бірлестігінің тайпалары Хорезмге жорық жасады. Бірақ Хорезм шахтарының қорғаушысы селжүктегілер оларды Манғыстауга қайта оралуға мәжбур етті.

Махмұт Қашқаридың деректеріне қарағанда, қыпшақтардың әскери-көшпелі билеушілері Қарахан өулеті билеушілерімен күрделі саяси қарым-қатынаста болған төрізді. Қарахандар Қыпшақ ұлсысында шығыс шекарасына жорықтар жасаған, ал өз кезегінде кимектер Ертіс жағасынан Жетісудағы түркі мұсылмандарының иелігіне шапқыншылық жүргізді.

XI ғасырдың соңы мен XII ғасырдың басында Сырдарияның төменгі ағысында Жент, Жанакент және тағы басқа қалалар қыпшақ иелігінде болды. Алайда XII ғасырдың бірінші жартысында бұл аймақты қайткен күнде де басып алуға тырысқан Орта Азия елдері мұсылман өулеттері мен қыпшақ хандары арасында ұзаққа созылған күрес жүрді. Қыпшақ билеушілері үшін, әсіресе Хорезм шахы Атсыз (1127—1156 жж.) күшті де тапқыр дүшпен болды. Ислам дінін таратуды сұлтау еткен Атсыз Жентті басып алыш, солтүстікке қарай беттеді де, өз иелігіне Манғыстауды қосып алды.

1133 жылы “пұтқа табынушы қыпшақтың ең құрметті патшасы өрі қолбасшысы” Женттен Дешті Қыпшақ жеріне ендей жорық жасаған Хорезм шахы Атсыздан женіліс тапты. Деректерде қыпшақтардың жоғары ханының өз ұлсысында алғаш рет ірі женіліске ұшырауының себептері туралы ештеңе айтылмайды. Осы кезден бастап (XII

ғасырдың екінші ширегінің орта шені), қыпшақ хандығының бөлшектенуі басталып, бұл үдеріс күштейе береді. Оның басты себептері: қыпшақ тайпалары ақсүйектерінің арасында хорезмдік бағдар ұстанғандардың шыға бастауы, ірі қанлы бірлестігінің құрылуы, билікке таласқан өuletterdің өзара қырқысының күштейі.

XII ғасырдың екінші жартысынан, әсіресе Хорезм шахы Текештің билік құрган кезінен (1172—1200 жж.) бастап, қыпшақ ақсүйектерімен жақындасуға бағытталған саясат жүргізді. Хорезм шахтары қыпшақ, қанлы, имек (кимек), ұран тайпалық одактарының басшыларын қызметке ала бастады. Қыпшақ хандығы мен Хорезм шахтары өuletінің билеушілері туыстық байланысқа түсті. Қыпшақ ханы Жанкеш өз қызы Теркен-қатынды Хорезм шахы Текешке ұзатты. “Тыныштық пен туыстық одағы” сияқты дәстүрлі ортағасырлық қарым-қатынастардың әр дәрежедегі орта этносаралық байланыстары айрықша мәнге ие болды. Бұл байланыстар арқылы өзара қоғамдық-саяси қолдау көрсетуде көрініс тапқан нақты да тығыз қарым-қатынастардың тұтас жүйесі пайда болды.

1182 жылы әл-Бағдадидің деректері бойынша, Текештің ұлы Мәлік шах Жент, Рибат, Баршылық қалаларына ғана емес, сонымен бірге қыпшақтардың саяси әкімшілік орталықтарының бірі Сығанактың да билеушісі екендігі айтыва-ды. Дегенмен бұл деректер осы аймақтағы саяси жағдайдың мезеттік күйін ғана білдіреді. Жалпы жағдай өте тұрақсыз болды, оны Қыпшақ ұлысын ірітіп-тоздыруға бағытталған саясат ұстанған Хорезм шахтары әдейі қолдан жасап отырды. Осы мақсатта олар қыпшақ ақсүйектерінің Хорезм шахтарының діттеген жерінен шығатындей, түйікталған өске-ри сословие құрды. Бұл жүйенің идеологиялық негізі — қыпшақтарды, әсіресе олардың ақсүйектерін ислам дініне тарту болды. Соның өзінде қыпшақ тайпаларының елеулі бөлігі XII ғасырдың сонына дейін ислам дінін қабылдай қойған жоқ. Жент пен Фарабтың арасында жатқан өлкे XII ғасырдың сонына дейін пүтка табынушы қыпшақтар мекені болып есептеледі. “Қыпшақ мемлекетінің осындай ұзақ уақыт бойы ислам дінін қабылдамастан өмір сүруі — оның санасындағы халықтық элементтің қаншалықты күшті болғанын көрсетеді”, — деп атап өтті В.В.Бартольд.

Қалыптасқан дәстүр бойынша, Хорезм билеушілерінің әйелдері қанлы және қыпшақ тайпаларының хан тұқым-

дарынан болатын. XII ғасырдың басында қанлы тайпа бірлестігі жеке бөлініп шығуға үмтүлған үлкен саяси күшке айналып, мұнын өзі Қыпшақ хандығының саяси бірлігіне іріткі салды. Хорезм шахтарының басты әскери күші қанлы және қыпшақ тайпаларынан құрылғандығы белгілі. XII ғасырдың басында Хорезм шахының сарайында қанлы қолбасшысы Әли Мәлік үлкен рөл атқарды, оның қызына Хорезм шахы Аладдин Мұхаммед үйленген болатын. Хорезм шахтары мемлекеттік және әскери лауазым беріп отырған соң, қыпшақ аксүйектері солардың мұддесін қоргады. Қыпшақ қоғамында олардың елеулі топтарының хорезмдіктерді қолдауына, сондай-ақ билікке таласудан туындаған бытырау үдерісіне байланысты ішкі алауыздық күшіне бастады. Бұл жағдайда Хорезм шахтары қыпшақ қөсемдерінің қолтығына су бұркіп, бір-біріне айдан салып отырды.

XII ғасырдың сонында Дешті Қыпшақта Қайыр Беке хан мен оның жиені Альп Дерек арасында талас туды. 1198 жылы Текептің ұлы Мұхаммед Альп Дерекпен бірге далаға қарсы жорыққа аттанды. Қайыр Беке хан жеңіліп, Хорезмге тұтқындал әкелінді. Хандық әкімет Альп Деректің қолына көшіп, ол дереу Хорезм шахынан тәуелсіз саясат жүргізе бастады. Қыпшақ ханының одан әрі күшейіп кетуінен қауіптенген Текеш Қайыр Беке ханды тұтқыннан босатып, оны Хорезмнің көп әскерімен Альп Дерекке қарсы аттандырды. Шайқас нәтижесінде Альп Дерек талқандалды, бірақ Қайыр Беке хан хорезм шахына тәуелді болып қалды.

XIII ғасырдың басында Мұхаммед (1200—1220 жж.) мемлекеттің құрамына Сығанақ өлкесі де кірді. Сығанақтан айырылып қалғандарына қарамастан, қыпшақ хандары Хорезмге қарсы күресті табандылықпен жүргізе берді. Мұхаммед бірнеше рет Женттен солтүстікке, Дешті Қыпшаққа қарсы жорық жасады. 1216 жылы Қадыр ханға қарсы жасаған жорықтарының бірінде ол Ырғызга дейін жетіп, Торғай даласында қыпшақ даласына қашқан меркіттерді қуып келе жатқан Шыңғыс хан әскерлерімен кездейсоқ қақтығысқа түседі. Шайқастан кейін монголдар түн жамылғып шегініп кетеді. Бұл қыпшақтардың Хорезм шахтарымен ұзаққа созылған тайталасын тоқтатуға мәжбүр еткен монголдардың Қазақстан аумағында алғаш рет көрініп еді. Бұдан соң қыпшақ халқының соңғы қалыптасу кезеңін аяқтапған монгол шапқыншылығы дәуірі басталды.

ОҒЫЗ ЖӘНЕ ҚЫПШАҚ ҚАЛАЛАРЫ

Сицилия королі Роджер II (1098—1154 жж.) тапсырысмен жазылған ортағасырлардың үлкен және өте қызықты географиялық шығармаларының бірі “Нузхат ал муштак фи-их-бирак ал-афак” (“Аймақтарды шарлап шаршаған саяхатшының сауықтары”) авторы, белгілі араб географы Әбу Абдуллах Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Идриси былай деп жазған: “Тұздердің қалалары көп, олар бірінен соң бірі солтустік пен шығысқа қарай созылып жатыр. Олардың өре жетпейтін таулары бар және бектері қорғанатын азықтулік қорын сақтайдын берік қамалдары бар. Онда бұл жерді қорғайтын адамдар бар (бектер қойған)... олардың (гүз тайпасының) басты қаласы Хандага (т) Хиам деп аталады. Сол жерде олар баспана табады және сол жерде өздерінің дүниесі мұліктерімен қорғанады...”

Әл-Идриси мағлұматтары өйілілігі одан кем түспейтін тағы басқа авторлардың деректерімен әсереленеді. Қашқарлық Махмұт XI ғасырда оғыздардың Сырдарияны “угуз” өзені деп атағанын мәлімдеген, ал гүздер қалаларына ол Сауран, Сығанак, Суткент, Қарашық және Қарнак қалаларын жатқызған. Оның картасында “Тұздер қалалары” Қарашық қаласынан онтүстікке қарай, Сырдария өнірінің орта белінде көрсетілген.

Оғыз тайпалары X ғасырда тек Сырдария белдеуінде ғана емес, оның төменгі ағысында да мекендеген. Мұнда олардың Жент, Яншкент, Хора қалалары болған.

Жана Гүзлік аталған Яншкент қаласы оғыздардың астанасы, олардың ябгу әкімдерінің резиденциясы болған.

Жазбаша деректерге қарағанда, қала өзен сағасынан 2 күндік жерде, жанадан бір фарсах қашықтықта орналасқан. Оны “әл-Қаръят әл-Хадиса”, “Дих и нау” деп те атаған. Бұл атаулардың бәрі де “жана қала” деген үғымды білдіретін. Яншкент Хорезммен тығыз байланыста болған. Сондықтан қалада Хорезмнен қоныс ауып келгендер тұрган және де оғыздардан анағұрлым бұрын өмір сүрген қала X ғасырда Хорезм құрылышылары көмегімен қайта салынып бекітілген деген пікір бар. Яншкент тек қана астана және оғыз әкімдерінің қыскы резиденциясы емес, ол Сырдария сағасындағы ірі сауда орталығы да болған. Оған себеп болған: қаланың Орталық Қазақстан далаларын бір жағынан Орта

Азия және Таяу Шығыспен, екінші жағынан Хорезм, Арап өнірі, Кавказ және Жерорта теңізімен қосып тұрган географиялық орны. Қала құрлықтағы және өзен жолындағы сауда орталығы болған. Сырдария бойымен Орта Азия қалаларынан мұнда, ибн Хаукальдың күөлігі бойынша бидай және астық тиелген кемелер келіп тұрган.

Оғыздар державасы Орта Азия мен Еуропаның саяси және соғыс тарихында маңызды рөл атқарған. Олар Орта Азияға шапқыншылық жасаған, Хорезм және құдіретті Хазариямен бақталас болған. Тарихи деректер оғыз патшасы (ябгу) мен Киев князі Святослав арасында 965 жылы хазарларға қарсы әскери келісім жасалғаны туралы мәлімдейді. Олар да, бұлар да нақты саяси мақсаттар мен экономикалық пайда көзделеген. Ежелгі орыс мемлекеті өзінің құдіретті бақталасы Византияның одактасын құлдыратумен қатар аса бай Шығыс нарығына енуге мүдделі еді, ал оларға апаратын сауда жолдары хазарлықтардың карауында болған. Оғыздар Қара теңіз жағалауларындағы қырларға өтіп, Поволжьеден Маңғыстау мен Устіртке баратын сауда жолдарын басып алуға үмтүлған. Святославтың 965 жылы Хазарларды талқандауы, Хазарлардың оғыздармен ұзак құресімен бірталай женілдеген. Осының бірі Оғыз державасының саяси пәрменділігінің өсуіне себеп болды.

X—XI ғасырларда оғыздардың мемлекеттік бірлестігі қатты дағдарысқа үшінрады.

Феодалдық лаң, билік үшін құрес, патриархалдық-феодалдық қатынастардың дамуынан туған билеуші үкім-шон жарлардың қарапайым көшпенде және тұрғылықты бұқара халықпен қатты шиеленісі, таптық антагонистік қайшылықтардың күшесінде Оғыз мемлекетінің құлдырауына әкеп соқты.

XI ғасырдың ортасында Қазақстан даласына қыпшак тайпалары басып кірді де, сырдариялық жабғу державасы олардың тегеуірінін құлады.

Оғыздарды Сырдария өнірінен ығыстырып шығарған және Қазақстанның кең-байтақ даласына бірталай кезге дейін “Дашт-и Қыпшак” (Қыпшак даласы) деп өз атын берген қыпшактар көп кешікпей батысқа қарай ұзак ілгері жылжып, половец деген атпен Киевтік Русь пен Византияға көрші болды. Қыпшактар біраз уақыт қимақтарға саяси билігін жүргізіп келді: қимақтар қыпшактар патшасын бекітетін.

XI ғасырдың басынан қыпшақтардың оңтүстік және батыс бағытта жылжуы басталады да, көп ұзамай олар Еуразияның кең-байтақ далаларында негізгі көш бола бастайды.

Ғалымдардың пікірі бойынша, XI ғасырдың соны, XII ғасырдың басында орталықтары Сығанақ пен Жентте орналасқан, жазба деректерде Сығанақ және Жент қожалықтары деп аталатын қыпшақ тайпаларының конфедерациясы құрылған. Орта Азия мемлекеттеріне қарама-қарсы ортағасырлық авторлар қыпшақ қожалықтарын исламға бағынбағандардың, яғни “кәпірлер қожалықтары” деп атаған.

Назар аударатын мәселе — қыпшақтардың XI—XIII ғасырларда Орта Азияның құдіретті мемлекеттерінің бірі болған Хорезммен арақатынастары. Хорезм мен қыпшақтардың әскери соктығыстары бітім жасаумен және қыпшақ хандарының Хорезм шахының вассалдары болуымен аяқталған.

Алайда, көп кешікпей, қыпшақ аксүйектері өз қолдарына шешуші әскери мансаптарды шоғырландыру нәтижесінде сарайдың ең күшті тобына айналды. Оның үстіне, қыпшақтың бір қожасының қызы Түрқан хатун соғы Хорезм шахы Мұхаммедтің анасы болған.

Хорезм қыпшақтарды бағындыруға, олардың мемлекеттік бірлестігін өздеріне тәуелді етуге әрдайым талпынған. Өздерінің көздеген мақсаттары үшін Хорезм шахтары қыпшақ феодалдарының өзара араздығын, олардың одак ішінде басшылық және Сығанақ қаласына иелік үшін құресін пайдаланған.

XIII ғасырдың басында Хорезм шахы Мұхаммед қыпшақтарды бағындырды.

Қыпшақтар иелік еткен қалалар қазір археологиялық ескерткіш қала ретінде тұр, оларды зерттеу жұмыстары құлашын өлі де кең жая алған жоқ. Сондықтан қазір олардың көбінесе сыртқы топографиясы мен материалдық мәдениетінің кейір жақтары белгілі.

Жанкент атауымен белгілі Яншкент қаусырықтары Сырдарияның оң жағалауында Қазалы қаласынан алыс емес жерде жатыр. Көне қаланың сыртқы пішіні өлшемдері 375x225 м тікбұрышты төртбұрышқа ұқсас болып келген. Солтүстік-батыс бұрышында өлшемдері 100x100 м және биіктігі 7-8 м ішкі қамал орналасқан. Қалдықтардың топографиясында шығыс және батыс қабыргаларындағы қақпаларды байланыстыратын негізгі үлкен көшпе бағыты

оқылады. Одан махаллалар (кварталдар) ішіндегі кішігірім көшелер тармақталған. 1986 жылы Қазақ КСР ҒА ескерткіштерді жинақтау археологиялық экспедициясы көне қаланың солтүстік-батысындағы таулы жерден жұзде-ген қорған үйінділерінен тұратын Мыңтөбе ескі зиратын тапқан. Мұнда б.з.д. I ғасырлардан XVIII ғасырларға дейін жерлеу жүргізілген. Бір уақытта майолик плиткалар және кірпіштермен қапталған тозығы жеткен XIII—XIV ғасырлар кесенелері назар аудартады.

Жанкенттің Сырдариядағы бұзылған ескі қала қалдықтарының ең ірілерінің бірі және археологиялық зерттеулер үшін өте маңызды. Жанкентке П.И.Лерх, суретші В.В.Верещагин назарларын аударған. Верещагин бұл жерде тілті кішігірім қазба жұмыстарын да жүргізген.

Белгілі орыс ғалымы В.В.Стасов: “...Неліктен Жанкенттің жанындағы көне қала біздің Помпей болмасқа!” — деп жазған.

...Оғыз және қыпшақ қалаларына Жаңқала—Жент жатады. Оның қалдықтары Жаңадарияның онтүстік жағасында, Қызылордадан солтүстік-батысқа қарай 300 шақырымдай жерде орналасқан. Көне қала бекініс қабырғасымен қоршалған және ауданы 40 га шамасында.

Қаланың солтүстік-батыс бұрышында квадрат төбе үсікінды ішкі қамал орналасқан. Қала айналасындағы бекініс қабырға кейір жерлерінде 8 м білктігінде сақталған. Женттің айналасында каналдар арналары, суару торабы, баубақша қалдықтары, құрылыш іздері сақталған. Қала I—XVIII ғасырлармен кезеңделген, алайда көтерме материалдарға қарағанда, қала өсіреле қарқынды түрде X—XIII ғасырларда өмір сүрген. XIII ғасырдың басында Жент қыпшақ мемлекетінің астанасы болған. Моңғол шапқыншылығы кезінде қала Жошы армиясына қарсылық көрсетіп, басып алынып тоналған. XIII ғасырдың соны — XIV ғасырларда жазбаша деректер Жентті “қызу сауда базары бар кішігірім қала” деп сипаттайды. Жамал-Қаршидің (XIV ғ. басы) мағлұматы бойынша, бұрын “Жент қаласы едөүір маңызы бар қала еді, ол жақын уақыттан бері кираган, бірақ сонда да ол көпестердің бакталасатын және таразылары үнемі тербеліп тұратын қызу сауда орны”.

Қалада осы уақытта тының соғылған деген деректер бар, қалай болғанда да, “Жент” деген жазуы бар күміс дөнгелек бір қазынаның құрамында табылған.

Кызылордаға оңтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жақын жерде тағы бір белгілі Аснас (Асанаса) қаласының қалдықтары жатыр. Жазбаша деректерде Асанас қаласы туралы Жошы өскерлеріне қарсылық жасап, 1219 жылы басып алғынған қала ретінде мәлімденген. Көне қала Асанас-Ұзақтың тартылған аринасының жағасында орналасқан. Ол жобасында дұрыс емес пішінді және биіктігі 5 м дуалмен қоршалған.

Қаланың шығыс жағында ішкі қамал орналасқан. Қазір ол көлемі 50 м-ге жақын, биіктігі — 1 м төбе. Қазба жұмыстары кезінде алғынған деректерге қарағанда, қала б.з.д. I ғасыр б.з. XV ғасыр аралығында болған.

Оғыз және қыпшақ мәдениетімен байланысты қышындыстары көптеп жиналған.

Сығанақ қаласы туралы алғаш рет X ғасырда жататын жазбаша деректерде айтылған, ал XI ғасырда оны Махмұт Қашқари оғыз қалаларының ішінде атап өткен.

XII ғасырда Сығанақ Қыпшақ мемлекеті бірлестігінің астанасы болады.

XIII ғасыр тарихшысы Джувейніде монғолдарға көрсеткен қарсылығы үшін қаланың 1220 жылы талқандалуының суреттемесі бар. Ол Жошы өскерлерінің Сырдария бойымен төмен жылжи келе бір қаладан кейін бір қаланы алдып отырганын жазады. Жошыға жергілікті екі саудагер Хасан-қожа мен Әли-қожа еріп жүрген. Хасан-қожа қала тұрғындарын берілуге көндіру үшін Сығанаққа жіберілген, бірақ олар сатқынды өлтіріп, жауға қарсылық жасайды. Сығанақ 7 күндік шабуылдан кейін ғана алынып, тұрғындары түгелдей қырып салынған.

Талқандалғанына қарамастан, Сығанақ қайта салынып, XIII ғасырдың орта шенінде Гетумның жүрген жолы суреттемесінде аталған. Біртіндеп қала кайтадан Сырдария өніріндегі ірі саяси және экономикалық орталыққа айнала бастады.

XIV ғасырда Сығанақ Ақ Орданың астанасы болды; онда мешіттер, үйлер басқа қоғамдық ғимараттар салынады, әсірлес Ерзен хан мен Орыс хан тұсында.

XV ғасырдың 20-жылдары біраз уақыт даala Ұлықбектің қарауында болған, ал 1446 жылы қаланы Әбілқайыр хан билеген.

80-жылдары қаланы Мұхаммед Шайбани, ал онан соң қазақ ханы Бұрындық иемденген. Соナン кейін ол қолдан-

қолға ауысқан: XVI ғасырдың 50—60-жылдарында оған өзбек хандары ие болған, ал ғасыр сонында қала қазақ хандықтарының қол астына өткен.

XVI ғасырдың бас кезіне, Рузбиханның айтуы бойынша, қаланың біршама өлсірегені, тұрғындар санының азайғаны байқалған, ал Ежелдегі Сығанақ “жайқалып тұрған, үй-жайлар және қөгерген бау-бақшалармен қоршалған, азық-түлікке бай және қазақ халқы үшін маңызды сауда орны болған. Түркістан аймақтары мен Мауереннахрдан, Шығыстан бастап, Кашқар, Хотан шекараларынан келген саудагерлер Сығанаққа сол жерлердің тауарларын алыш келіп, Дешті елдерімен сауда жасаған”. Сығанақ өзінің сөүлеттік ескерткіштерімен, өсіресе Қек-Кесене кесенесімен белгілі болған. Зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл кесене — Әбілқайырдың қабірі, ал оның немересі Шейбани хан XVI ғасырдың басында Тимур патшалығын құлатқан.

Ортағасырлық Сығанаққа сөзсіз сәйкес келетін Сұнақ ата деген қала қалдығы Төменарақ темір жол стансасынан солтүстік-батысқа қарай 20 шақырым жерде, қазіргі Түркістан — Қызылорда тас жолынан 1,5 шақырым онға қарай орналасқан. Жобасында көне қала дұрыс емес бесбұрыш пішінді болып келген. Оның топографиясында ішкі қамал мен шахристан оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Шахристанның өлшемдері: солтүстік жағы — 250 м, батысы — 360 м, оңтүстігі — 250 м және оңтүстік-шығысы — 450 м, солтүстік-шығысы — 350 м, қаланың жалпы ауданы 20 га шамасында. Ішкі қамалдың ауданы — 7,2 га. Бұл — қаланың жақсы бекітілген бөлігі. Мысалы, қамал қабырғасы болған дуалдың биіктігі 6-7 м дейін жетеді. Бес бұрышында уш-үштен сыртына шығынқы тұрған дөңгелек мұнаралар жұмыс істеген. Қала аумағына кіретін жер екеу болған. Батыс және солтүстік қабырғаларының ортасында 20 м алға шығып тұрған қабырға кесінділерімен бекітілген, ішкі қамал қақпасы шығыс жағындағы қабырғасының солтүстік-шығыс бұрышына жақын жерінде орналастырылған.

Сығанақтың айналасында Сырдариядан Төменарақ және Бұзғыл-Ұзак арқылы шығарылған каналдармен және Қаратаудан ағатын Мыңбұлак, Шолак, Арсланды, Қызылтала, Келте-Шалғыз тау өзендерінен шығарылған арықтармен суарылып, айдалған жерлер жатқан. Ол каналдар мен арықтардың арналары көне қала маңайында өлі күнге дейін сақталған.

Қала басқа да көптеген Сырдария қалалары сияқты, XIX ғасырдың орта шенінде иесіз қалған, бірақ осы күнге дейін бұл және Сырдарияның басқа қалалары туралы Ұлы Жібек жолында ірі сауда орталығы ретінде халық аныздары мен ертегілері сақталған.

Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., 1992. 90—97-бб.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЫГУЫ ТУРАЛЫ

(ұзінді)

... Қошпелі түркі-монгол халықтары алғашқы кезде экономикасы, тұрмысы мен тілі жағынан жат Түркістанның отырықшы халықтарына — тәжіктер мен арабтарға қарсы болды. Содан кейін қошпелі халықтар отырықшыланып, тәжіктермен араласа келе қошпелілер өздерінен қол үзіп, отырықшыға айналған, сөйтіп “сарт”, яғни *саудагер* атанып кеткен руластарына қарсы тұрды. Өйткені қошпелінің “сарттан” негізгі айырмашылығы тілінде емес, тіршілік қарекетінде. Оның үстіне, “сарт” деген сөз қошпелі халықтың табиғатына біртурлі жат естілетін. Кейін, ұлы орыс отаршыларының тіліне ауысқан кезде, бұл кірме сөз анық жиіркенішті, балағаттау мағынасына ие болды. Бұдан әрі қалың қошпелілер бұқараасынан оқшауланып шыққан өзбектер де отырықшылана келе, өздерін қошпелі “қазактарға” қарсы қоя бастады.

Қошпелі тайпалардың бұрынғы қазақ-өзбек-ногай бірлестігі, сол халықтардың аумақтық, экономикалық, тілдік және басқа өзгерген тұрмыстық белгілеріне сәйкес, енді жеке-жеке құрамдас бөлшектерге болінеле бастады. Сөйтіп, қазіргі Қазақстан жерін мекендеген қошпелі рулар “қазақ” деген атпен таныла бастады. Олар онтүстікте — отырықшы тұрмыска ауысқан өзбектермен, тәжіктермен, солтустігінде — Мәскеу патшалығымен, шығысында — Монголия, Шыңқашаң қошпелілерімен шекарадас болды. Сол кезеңде көршілес аймақтардағы феодалдық езgi мейлінше қатал, тағылық сипат алған еді, сондықтан етек-жені кен, еркін жатқан қыр еліне қашып паналау да көп болды. “Еркін”, “азат адам” деген мағынаны білдіретін орыстың “казак” сөзі де осыдан келіп шыққан. Орыс тіліне бұл сөз Шығыстан енген, сондықтан “казак” деген сөзben төркіндес болуы да ғажап емес. Бұл, әрине, жай жорамал ретіндеған айтылған пікір.

Сонымен, біз Орталық және Орта Азияның тарихи даму барысын қалпына келтіріп елестетуге және соның негізінде әртүрлі этностық топтардың ұлт болып қалыптасу жолында бастан кешкен эволюциясын анықтауға талап қылдық. Біз бұл үдерістің үш кезеңнен өткенін байқадық.

Бірінші кезең. Азия далаларын, оның ішінде, қазіргі Қазақстан жерін мекендейген халықтар қоғамдық дамудың белгілі бір сатысында бірлесіп өмір сурген. Ол кезеңнің өзіне тән белгісі — ұлттық шекаралардың мейлінше тұрақсыздығы және айқын еместігі, ол халықтардың ылғи аралас-құралас болып, кейде “жұтылып”, “жойылып” кетіп жатуы. Түркі, монгол, қанлы, керей, найман, қарақытай, үйсін және тағы сол сияқты түркі-монголдардан қалған көне халық, одақ тайпа, ру аттары — сол дәуірлердің айғактары.

Екінші кезең. Далалық шығыс және батыс аймақтары бөліне бастайды. Аумақта экономикалық және тілдік жана өзгешеліктер, солармен байланысты халықтардың жаңа топтары (батыста — татарлар, қазақ-ноғай-өзбек одағы, “сарттар”, тәжіктер; шығыста — монголдар, буряттар және ойраттар) пайда болады.

Үшінші кезең. Халықтардың жаңаша топтасуы бой көрсетеді: ноғайлар бөлініп шығып, Солтүстік Кавказға қарай қоныс аударады, өзбектер Түркістанға кетеді, қазактар Қазақстан далаларында қалады.

Кеткен халықтар да, қалғандары да жағдайдың өзгеруіне қарай белгілі бір аумақта шектеліп, экономикадағы, тіл мен тұрмыстағы өзгерістер күшінен сайын, неғұрлым тұрақты ұлттық белгілерге ие бола бастайды. Бұрынғы кезеңдерден тек ескі тарихи атауларға ғана қалып, олардың өздері де талай өзгерістерге, бұрмалауларға үшірайды. “Түрік” деген атау Осман сұлтаның бастауымен Кіші Азияға кеткен түрік руладарында қалады (Анадолы түріктерінің “осман” деген ескі аты содан шыққан). Еділ бойында орын теуіп қалған түркі-монгол руладары “татар” атанады, т.б. Қазіргі Қазақстан далаларында түйікталып қалған халық өздерін **қазақ** деп атайды.

Асфердиаров С. Қазақ тарихы. 1993.
№1. 37-38-бб.

БҮЛ ҚАЗАҚ ҚАЙ ҰАҚЫТТА ҮШ ЖУЗ АТАНҒАН

Қырық сан Қырым, отыз сан Рұм, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, қырық сан қара Қалмақ, Қатсыбан, он сан Ноғай бүлінгенде, Орманбет би өлгенде, Ноғайлышың елі бір алаша тайдан бөлініпті, “Алатаидай бүлдірді” делінген сөз соナン қалған деседі. Жұрт аузында бір замандарда осылай сөйлеген. Сол замандарда Құндыкер, Құбан, Қотан, Қоғам дегендер болышты.

“Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” деген болышты. Тоғыз ханды қоюнан таққа отырғызған кісі екен деседі. Сол заманда қырық ханның бірі болған қызыл Арыстан хан Бұкарада тұрып билік жүргізген екен.

Бір өзінде он бес азашы жұма күні азан айтады. Мұнараны сол қызыл Арыстан хан жасатқан екен деседі. Бейбішесінен бала болмай, Қызылаяқ деген бір елді шауып алыш келген бір қызға хан бір аяқ салып, онаң бір бала туып, өзі сауысқанның аласындай ала туып, бейбіше өзінен тумай, тоқалдан туғандығын іштарлық қылыш күнделеп: “Бұл баланды “балам” деп сақтама, көзін жоғалт, қарашибын батыр. Мынау өскенде, жұрттыңды ала қылыш, ала тайдай бүлдіреді”, — деген соң, хан қырық жігітке бұйырыпты:

— Мына баланы, тапқан шептесін Сырдариядан әрі өткізіп, коя беріндер! Өлсе — өлсін, өлмесе, өз бетімен қанғыш күн көрсін, — деп, жер аударыпты. — Егіз екі қайтып, бұл жұртты мына қатын мен бала да көрмесін. Сендер де көрмендер, — деп.

Бұлар Сыр суынан өтіп, Алатау, Қаратаудың алабына келіп, жан сақтап, күн кешіріпті. Бала өз асын алыш ішерлік болған соң, өзінен басқа жанды жактырмай, керек қылмай, тағы болыш жалғыз жонға шығып кетіпті. Тобылғыдан жақ қылыш, жүзгеннен оқ қылыш, көзіне көрінгенде қорек қылыш, ішіп-жеп, оғын құралайдың көзінен өткізетін мерген болышты. Дәл он екі жасында аң аулап жүрген Майқы бидің баласы Үйсінге оқтай үшырап кез болыш, ләм-мим деп бір ауыз тіл қатпай, қала беріпті. Үйсін батыр үйіне барған соң әкесіне айтыпты:

— Бір ағаштың көлеңкесінде отырған бала көрдім. Ай дейін десен, аузы бар, күн дейін десен, көзі бар. Қөрген кісі қызыққаннан бір қасық сумен жұтып жіберерлік келбеті, сымбаты бар. Құсбегі тіккен томағадай құнысып түрган бала. Өзінде Әзірейлдің анық бір түгі бар. Маңайына жан батып бара алмаса керек. Жалғыз-ақ айыбы — тілі жоқ екен, — депті.

Майқы би өзі ақсак, өмір бойы арбамен жүреді екен. Арбасын көлікке салдырмай, жаяу кісіге тартқызады екен. “Мені арбамен алыш барындар, көрейін,” — депті.

“Баяғы сағымнан пайды болған Шыңғыстың шын ұлын да көріп едім, мынау соナン соң жалғанға жалғыз қара болыш келген жан екен”, — деп барса, бала Майқы биді көре сала ұшып түрегелігі:

— Ассалаумағалайкүм, хан атаулының қазығы, қара бұқараның азығы, — дегенде, Майқы би:

— Уағалайкүмассалам, өмісі аман бол, балам. Сөтті күні туған ұл екенсің, жеріце жетпей түр екенсің. Кел, балам, қасыма мін, — деп үйіне алыш келіп, төрткүл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, төменгі елді жидырып, жорға бие сойдырып, ала бие сойдырып, айлақ елді алдырып, Үйсінді бас қылып атқа мінгізіп, ердін ері, егеудің сынығы дегендей іріктең, таңдал, жұз жігітті қасына қосып: — Мына баланы жебе қылып бастарына шашындар, шеп қылып беттеріне ұстандар, ту қылып төбелеріне қөтеріндер. Қарататудан әрмен қарай асындар, Шу мен Сарысудан қөктей өтіндер, Ұльтату, Қішітау деген таулар бар, Қарақенгір, Сарықенгір, Айдаһарлы, Құдайберді деген жерлер бар, соған барыш салық салындар. Ақ найзаның ұшымен, ақ білеクトің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойландар. Құндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қараша боласындар. Хан әділ болса, басынан тағы таймайды; қараашасы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді, — деген батасын беріп жөнелтті.

Бұл жорықшылар Қарататудан асып, Шу мен Сарысудан қөктей өтіп, Майқы бидін айтқан жерлеріне келіп, ұйқыны бұзып — жылқы алды, күймені бұзып — қыз алды. Қош елді қош жөнекей шапты. Еру елді отырған жерінде шапты. Асулы қазан, тігулі даяр үйге ие болыш, орныға бастады. Өз алдына мал малданып, жан жанданып, үйлі-куйлі болды. Сатусыз дүние алған соң, қалыңсыз қатын алған соң, ел болмасқа немене, жұрт болмасқа немене. Бұлардың мұндаи болғанын баяғы қызыл Арыстан хан естіді. Қотан, Қофам, Құндықер, Құбан, Майқы билерге елші жіберді:

— Менің баламды жігіт-желен беріп, желіктіріп жібергени не қылғаны? Баламды өзіме алыш келіп тапсырып, менен қалағанын алсын, — деп. Соナン соң ақсақалдар жұз жігітпен Қотанұлы Болатты жіберді: “Барып шақырып келіндер”, — деп. Бұлар келген соң, бұрынғы келгендер: “Қайт” деген сөзді бізге айтпа, өздерің де қайтпа. Аты бестісінде қаратұяғын, тауықтан басқа құсы жоқ, көк шөпті жүлғаннан басқа ісі

жок, еркегі ат болатұғын, әйелі жат болатұғын; тымақты тақияға айырбастап, пышақты қасыққа айырбастап, төлімі бидайдың нанын жегенге, тары көженің сүнін ішкенге әлде-қандай көріп, мас болып, биттей бөдененің бір санын жеумен құпті болып қалатұғын, сарттың жаз болса, тұзын, қыс болса, отыны мен көмірін тасып, бейнет тартқаннан басқа көрер қызығы жок жерде не ақыларың қалды?” — деген соң, “Рас-ау, рас”, — деп шакыра келгендердің өздері де қайтуды керек қылмады. Қызыл Арыстан хан қайта-қайта кісі жібере берген соң, Қоғамұлы Алшынды жүз жігіт қосып тағы жіберді. Он үш ақсақал қости. “Есеп сан үш жүз он үшке жетсе, дүниежүзі жабылып жау болса, бетіне келмейді” деп айтылған сөз бар”, — дейді деп.

Бұлар да келіп орнығып тұрып қалышты.

Енді біз ел болғанымызды, жұрт болғанымызды жұрт көзіне түсірейік деп, баяғы ала баланы алашага салып, Ұлытаудың басына алашамен көтеріп шығарып, хан көтерді. Оған “Алаша хан” деп ат қойды. Бастапқы бір келген жүз жігіт оның қолбасы, мырзасы Үйсінді “Ұлы жүз Үйсін” атады.

“Гүпқазық салықшы болсын, жауға шапқанда, бұлар шаппасын, тас түйін болып тұрсын, — десті. — Ортаныш келген жүз жігіт оның қолбасы, мырзасы Болатқожа — бұл жүз жігіт тосқауылшы, орта буында жүрсін, ханның бақташысы есепті болсын деп, оны орта жүз “Ақжол” атады. — Соңғы келген жүз жігіт оның қолбасы, мырзасы Алшын — беті қайтпаған жаужурук, жан қадірін білмейтіндер, бұлар кезуші болып қарсы алдында жүріп жауға шабатұғын осылар болсын деп, кіші жүз “Алшын” деп ат қойды“. Барлаушы қашса, тосқауылшыға, тосқауылшы қашса, тірекшіге тірекші қашпайды. Олар тұрган жерінде өліп қалуға дайын. Қазақтың үш жүз аталаған жері — осы.

Бұрынғы заманда қазақтың Жүз деген аталарының аты болса керек. “Алашты” ұран қылып жауға шапқанда: “Алаш, алаш!” деп шабындар. “Алаш, алаш!” демегенді — әкең де болса үрып жық”, — деп бата қылышыпты. Кеше: “Алаш, алаш болғанда. Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш, ұранымыз Алаш болғанда, үш жүздің баласы қазақ емес пе едік!” — деп айтылған сөз сонан қалды. Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, жұрт болып өз алдына отау тіккен емес, әр жүртқа бұратана қоңсы болып жүрген.

Біреу Болатқожа дейді. Біреу Ақжол дейді. Екеуі бір кісіге аталған ат деседі. Ақарыс, Жанаарыс, Бекарыс — үш жұздін аталарының аты деседі. Біреулер Ақсақ Келімбет, Қара Келімбет, Сары Келімбет, Науан, Шодан деген аталары бар десіп жүрді. Бірақ олардың ар жағы кім, бер жағы кім екенін біліп сөйлеуші жоқ болды.

*Мәшиһүр Жұсін Қөпейұлы. Қазақ тарихы. 1993.
№2. 15—17-бб.*

ЖҰЗДЕР ТУРАЛЫ

Тағы бір мәселеге көніл аударғым келеді. Жұз — тарихи-әлеуметтік категория. Ол байтақ қазақ сахаrasындағасырлар бойы қалыптасқан көшпелі шаруашылықтың жер ыңғайына қарай орналасуына байланысты экономикалық мұқтаждықтан туған. Әрбір тайпалық одақ қыс қонысын, жаз жайлауын көшпелі тіршіліктің өзіндік ерекшелігіне орай құрган. Екінші фактор — ел корғау, отан корғау, жер қорғау мұддесінен туындаған. Үшіншіден, жеті атага дейін ғана араластырмай, тұқым тазалығын сактау арқылы этностың генетикалық қорын аман алғы қалуға бағытталған. Бұл болса, белгілі бір географиялық шенберде, белгілі бір ортада ортақ бүкілхалықтық бақылауға алынған. Үш жұз бола отырып, қазақ елінің тәуелсіздігін, қазақ жерінің тұтастығын қорғаған. Ортақ тіл, діл, атамекен халықтық бірлікке, мұдде бірлігіне қызмет еткен.

“Жұз” туралы сөз болғанда тағы бір еске алар жағдай — ол мемлекеттік қызметті де орындаған. Жұз ішінде даудамай, көші-кон жолдары, рулар арасындағы қарым-қатынас аймақтық дәрежеде шешілген. Жұзаралық — жер, қоныс, ел қорғау, қазақ жерінің тұтастығы, өскери жасақ, ортақ қолбасшы, хандар сайлауы, т.б. ел, халық дәрежесіндегі келісіліп отырған. Сонымен бірге үш жұз көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты бірігіп, ұлттық биіктікten барлай шешікен.

Сондықтан қазақ халқындағы жұз мәселесі өлдебір дүмбілез атқамінерлер айтып жүргендей “жұзшілдік”, “жұзшіл” деген үғымнан ада жай. Жалпы, қазақ этносы — біртұтас этнос. Қазақ атаулы елін, руын сұрағаны болмаса, ешқашан жүзге біліп көрмеген, бір-біріне атам қазақтың, бір қазақтың баласы деп қараған.

*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.
Қазақ шежіресі ҳақында. А., 2000. 9-10-бб.*

V тарау. КӨШПЕЛІЛЕР ӨРКЕНИЕТІ

ЕЖЕЛГІ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Темір ғасырының басына қарай Еуропа мен Азияның көптеген елдерінде ерекше бекініс паналар — бекіністер, жауынгерлік мұнаралар, т.б. кеңінен тарапталды. Мұнда жау шапқыншылығы кезінде адамдар өзінің өмірі мен мұлкін сақтап құтқарған. Соғыс тәсілдері күрделілене түсті, шабуыл және қорғаныс тактикасы жетілдірілді, біріккен соғыс әрекеттерін жүргізуі тәртіпке келтіру керек болды. Тайпалық үйым рулық үйымнан күрт басымдық алып, өзінші бір әскери-тайпалық үйымға айналғанда бастады. Соғыс пен қорғаныс мақсатын көздел, өзара туыстас болып келетін тайпалар барлық жерде одақтарға біріге бастады.

Бұл жағдайда әскери қолбасшы үлкен маңызға ие болды. Себебі тайпаластардың тағдыры көп жағдайда соған төуелді болды. Тайпалардың немесе тайпалар одағының әскери күшін барлық соғысуға қабілетті ерлер, бүкіл қаруланған халық құрады, бірақ олардың арасынан тонаушылық жорықтарға үнемі қатысып отырған және оның жасактары ретіндегі көсемнің айналасына бірте-бірте топтасқан күшті де батыр жауынгерлер бөліне бастады. Мәселен, XVIII ғасырдың орта шенінде әскери демократия жүйесі қалыптаса бастаған өулеттерде табысты бөліскенде, көсем мен артықшылыққа ие болған жауынгерлер барлық тұтқындарды өздері алатын болған, ал қалғандары қолына түскен қару-жарактар мен үй мұлкі заттарының өзіне тиғен үлесімен ғана ризашылық ететін-ді. Көшпелі араб тайпаларында шабуылдан кейін әскери қолбасшылар мен олардың жәрдемшілері барлық айдал алынған биелерді немесе барлық жүрдек түйелерді, т.б. өздері алып отырған.

Азды-көпті нышан білдірген әскери демократия жүйесі рулық құрылыштан таптық қоғамға өтуді бастан кешірген дүниежүзінің барлық халықтарына тән болып келді. Тарихи, археологиялық және фольклорлық түп-төркіндерге қарағанда, әскери демократияны інжілдік еврейлер, гректер, этрускілер, римдіктер, скифтер, сарматтар, исламға дейінгі арабтар, кавказ нарт эпостарының кейіпкерлері, т.б. білген.

Этнографиялық әскери демократия Африкадағы банту тайпасында, ал оның бастапқы кезендері — Солтүстік Америка мен Сібірдің бірқатар тайпаларында жақсы мәлім болған.

Байлықтың пайда болуымен шарттас бола отырып, тонаушылық соғыстар мен әскери демократияның бүкіл жүйесі өз кезегінде жекеменшіктіктің дамуының, ал сонымен бірге таптар мен мемлекеттер туузының маңызды факторына саналады.

*Першиц А.И., Монгайт А.Л., Алексеев В.П.
Алғашқы қорам тарихы. А., 1974. 174-175-бб.*

АТАМЕКЕН: ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАР ТАРАЗ АЙМАҒЫ

Тарихқа жүгінсек, Ежелгі Қазақстан аумағы үлкен мәдениет орталығы болғанын көреміз. Бұған дәлел: Қазақстан жерінде ерте заманнан қалған қоғамалардың орны мен үйінділерінің сақталуы. Мысалы, ертеде Сырдария өнірінде, Қаратаяу, Жетісу өлкелерінде, яғни Іле, Шу, Талас, Арыс өзендерінің аймағында, Орталық Қазақстанда және Маңғыстау аймағындағы (Сам, Қызыл қала, Везир, Құмкент, Адақ, Шақпак ата, т.б.) ескі қалалар ертедегі Қазақ жерінде озық өркениет пен қала мәдениетінің қарыштап дамығанын көрсетеді.

Ертедегі Қазақстан қалалары сак, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларының мәдениетіне байланысты. Одан кейінгі мәдениет Түрік, Қарлук, Оғыз, Қыпшак қағанаттарының саяси өрлеуіне саяды. Міне, осы тарихи мәдениеттердің 2 мын жылдан астам уақытта тірі қуәсі болған — Тараз өнірі. Қола мәдениеті, қол өнер, зергерлік өнер, ауыл шаруашылығы бұл өлкеде қарыштап дамыды.

Сондай-ақ бұл өлкे ертедегі түркі жазуларын көптеп сақтаған жер. Еуропа ғалымдарының түркі жазуларын зерттеуіне Тараз өнірі көп мәліметтер берді...

Ертедегі сак, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларының тарихта өшпестей орны қалған қалалары Қытай империясының шабуылы кезінде күйреді (б.з.д. I ғ.).

Одан кейін, яғни б.з. VI ғасырына дейін, Сырдария мен Жетісу өлкесінде Тарбан, Тараз, Испиджаб, Суяб, т.б. көптеген қалалар өсіп жетілді. Ал VII—X ғасырларда бұл өлкелерде Барысхан, Талхиз, Баласағұн, Мерке, Құлан, Шелже, Тараз, Шаш, Сұткент, Отырар, Шаугар, Сауран, Сығанақ, Жент, Жанкент, т.б. көптеген мәдени жөне сауда орталығы саналған ірі қалалар пайда болды. Әйгілі Жібек жолы осы қалалар үстінен өткен...

Қысқаша айтқанда, ата-бабамыздан қалған тарих бетін ашсақ, біздің өлкеміздің адамзат тарихындағы үлкен орын алатын озық мәдениетін көре аламыз. Бірінші — мал шаруашылығымен айналысқан көшпелілер мәдениеті, екінші — жер өндеп, егін еккен отырықшылар мәдениеті. Әрине, көшпелілер өмірінде бұл екі мәдениет қатар дамыған.

Ақын Олжас Сүлейменовтің “Адамға табын, Жер, енді!” поэмасында:

Рим,
Тараз,
Не қалды мәнді кезден.
Арулар құтылмайды тауды кезген.
Қыльыш қол кездесті ме,
Сарт-сұрт болып,
Қарадың дүниеге қанды көзбен?

Ғұн,
Монғол,
Қыпшақтар мен Қызылбастар,
Жүзжылдық соғысының жузін бастар.
Ежелгі мәдениет туы құлап,
Надандық келіп оның ізін басқан, —

деген шумақтарды көруге болады. Демек, осындай әйгілі поэмалардың тарихқа арналған беттерінен ertedegi ата-бабамыз жасаған керемет мәдениеттің құлап, артын надандық басқанына күә боламыз.

Тарихқа көз салсақ, Жетісу өлкесінің ertedegi мәдениет орталығы Шу қаласы болды. Сол замандағы тайпалардың басшысының атымен бұл қаланы Шу деп атаған. Кейінрек қала атымен жаңынан ағатын өзен де солай аталды. Бұл өнірдегі Испиджаб, Талас (кейінгі Тараз), Баласағұн қалалары Шудан өлдекайда кейін пайда болды.

Александр Македонский (б.з.д. 356—323 жж.) жер қайысқан қолымен Орта Азия жерінде ат ойнатып, Самарқандты алған соң, Жетісу дағы түрік тайпаларын бағындыру үшін Шу қаласына қарай үлкен жорық жасайды. Бірақ бұл жорығынан ештеңе шыққан жок.

Ата-бабамыз батырлықты, ерлікті сүйген. Ел қорғаған ерді сүйген. Елге жау шапса, ер-азаматы түгелдей атқа қонған.

Б.з.д. VI ғасырда сак тайпалары Парсы патшасы Кирдің жойқын жорықтарына қарсы тұрды. Кир әскері түгелдей сақтардан жеңілді. Парсы патшасының өзі де сак жауын-герлерінің қолынан қаза тапты.

Кир өлген соң, оның ісін Дарий I (б.з.д. 521—486 жж.) жалғастырды. Парсының бұл патшасы да сак тайпаларын бағындыру үшін үлкен жорықтар үйімдастыруды. Бірақ біздің ата-бабамыз сақтар бұған да мойынсұнып тізе бүкпеді. Грек тарихшылары жазып қалдырыған мына бір оқиғаны еске түсірейік: сақтардың Ширак дейтін жауынгері тамаша ерліктің үлгісін қалдырыған. Ширак өз денесін өзі жарапал, парсыларға қашып барады. Оларға өз туыстарынан жәбір көргендігін және солардан кек алғысы келетінін айтады. Ол парсы әскеріне қызмет етіп жүріп үлкен сенімге ие болады. Сак әскеріне бастап барамын деп, ол парсы әскерін сусыз шөлге апарып қырады...

Сол сиякты А.Македонский өзінің жер қайысқан әскерімен сақтарды тізе бүктіре алған жок...

Ата тарихында күрес дүбірі ешқашан толастаған жок. Ата-бабамыз келешек ұрпағына батырлық пен ерліктің үлгісін қалдырып отырған. Олар ешкімге бас имеген. Өлімнен қорықпаған, тек құлдықтан қорыққан.

Шу мен Талас қалалары ежелгі Жетісу өлкесіндегі үлкен мәдени орталықтар болып саналған. Бұл екі қала б.з.д. 36 жылды Қытай әскерінің шабуылынан құйреп, тек үйінділері гана қалған болатын.

Шу мен Талас қалалары сол замандағы сак, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларының өскелең мәдениетінің айғағы екенін көреміз.

Жетісу өнірінде сол заманда ғұндар үстемдік жүргізді. Талас қаласын салғызған ғұн тайпасының билеушісі өрі көсемі — Чжи-Чжи. Бұл өнірдегі Шу қаласы ғұндар келмес бұрын пайда болған...

Жетісу өлкесін бағындыруды Қытай империясы ертеден ақ ойластырған болатын. Б.з.д. 72 жылды осы мақсатпен

Қытайдың көп өскери бүл өлкеге баса-көктеп кірді. Бірақ сақ, үйсін, қанлы, ғұн тайпаларының біріккен өскерінен женілген соң, масқара болып, кейін қашуга мәжбур болды.

Ғұн көсемі Чжи-Чжидің негізгі ордасы Шу қаласында болды. Дегенмен ол ғұн мемлекеті үшін жаңа астана салуға бүйрыйқ берді. Ол Талас өзенінің жағасындағы осы өзенмен аттас қала болды. Иргелес қаланған Талас қаласы тез өсіп көркейді.

Әрине, астананың тез өсіу Ғұн мемлекетінің күшеюі мен саяси жағдайына байланысты. Ғұн ордасы керемет күшейіп, нығайды. Ордаға сол замандағы көптеген тайпалар бірікті.

Талас қаласының үстімен Жібек жолы өтетін болғандықтан, ғұндар астанасы үлкен сауда орталығына айналды. Ғұндардың батыстағы сауда жолы Рим империясына дейін барды. Ғұн мемлекетінің басшысы Чжи-Чжи Юлий Цезарь (б.з.д.100—44 жж.) заманында Рим империясымен достық қарым-қатынас жүргізді. Мемлекеттің астанасы Талас қаласында Рим империясының, яғни Марк Красс өскерінің бірнеше легиондарының түруы бүл хабарға үлкен дәлел бола алады.

Ғұн мемлекетінің күшейгенін көрген Қытай басшылары үрейленеді, Чжи-Чжи ордасы Қытайдың батысқа баратын сауда жолына ғана емес, империяның өзіне қауіп төндіре бастайды.

Айлакер Қытай басшылары Жетісудағы Ғұн мемлекетін қайткен күнде де ыдыратуды ойлап, көптеген елшілерін аттаандырды. Олар ордаға біріккен тайпалар арасына іріткі салып, бір-біріне қарсы қойды. Тіпті үйсін тайпасының өзі ордаға мойынсұнбай Чжи-Чжиге қарсы шықты. Осындаи жағдайларға байланысты Ғұн мемлекеті әлсірій бастайды.

Ғұн мемлекетінің әлсірегенін пайдаланған Қытай империясы Чентан мен Ганянышу сияқты тәжірибелі қолбасшылар басшылық еткен өскерді Ғұн мемлекетіне жібереді. Бүл б.з.д. 36 жылы болған жағдай еді.

Жолда кезіккеннің бәрін қырып-жойған Қытайдың көп өскери Ғұн мемлекетінің астанасы Таласқа жақындап келеді. Осы жерде үлкен шайқас болады. Көп ұзамай Талас коршауда қалады.

Талас — сол замандағы ең сұлу қала. Қалада зөулім ғимараттар көп болған. Әсіресе Чжи-Чжи сарайы алыстан көз тартады. Қала қорғаны да биік етіп құрылған...

Қала халкы мен ғұн әскері өз астанасын жан аямай қорғаган. Жауынгерлер қала мұнараларында тұрып Қытай әскеріне оқ атқан. Ұзақ уақыт қоршауда тұрган қалаға Қытай басқыншылары баса-көктеп кіріп, халқын қырып-жойып, әсем ғимараттарды қиратады. Ғұн көсемі Чжи-Чжи сарайының құлін көкке ұшырып, оның басын императорға табыс ету үшін Қытайға алып кетеді.

Жетісү жеріндегі ең сұлу қала Талас тағдыры осылай болды. Әлі күнге дейін Қытай мұражайында Жібек матаға салынған Талас қаласын және Чентан әскерінің қалаға жасаған шабуылын бейнелейтін суреттер сақтаулы...

Алайда қала түгелдей жойылып кеткен жок. Қираған қала ұзақ уақыттан кейін, яғни VI ғасырда қайта гүлденіп, көркейе бастады. Әрине, қираған қаланың жаңадан жандануы сол өлкелердегі бұрынғы өркениеттің (цивилизация) қайтадан жанғырганын көрсетеді. Бұрынғы сұлу қала Талас бұл кезде Тараз деп атала бастады. Тараздың қайта жанғырып, үлкейе бастауы сол кездегі, яғни VI ғасырда пайда болып, қанатын кең жая бастаған Түрік қағанатының нығаюына байланысты.... Қайта құрылып, өсіп-көркейе бастаған Тараз Түрік мемлекетінің сауда және мәдени орталықтарының біріне айналады.

Тараз аймағын ерте заманда түрік тайпалары (үйсін, сак, қаңлы, кейінірек ғұндар) мекендеді. Кейін қарлұқтар және түркештер үстемдік жүргізді.

VII—VIII ғасырларда бұл қала Батыс Түрік қағанатының үлкен орталығының біріне айналды. Алайда VIII ғасырда бұл өлкеге аса қауіпті екі апат екі жақтан келе жатты. Бұл, әрине, сол замандағы Түрік қағанаты үшін ерекше ауыр жылдар болды.

Б.з.д. дейінгі I ғасырда Шу, Талас өнірін жайпап кеткен Қытай империясының қызығушылығы бұл өлкеге VII ғасырда қайта ашылды. Оның үстіне, Орта Азияны түгелдей бағындырып, әмірін жүргізе бастаған араб халифаты да бұл өлкеге көз аларта бастады.

Әрине, мұнданың қауіпті жағдайда тууына жалғыз себеп — Түрік қағанатының өлсірей бастауы болды. Түрік қағанаты күшін тұрган кезде Орта Азияға емін-еркін кіріп билей бастаған араб басқыншылары да, Шығыстағы Қытай империясы да Түрік тайпалары бірлестігінін мәдени орталықтары түгіл, мемлекет шекарасына да жақындаі алмаған еді.

Түрік қағанатының әлсірегенін пайдаланған араб қолбасшыларының бірі Насыр ибн Сейяр 737—749 жылдары Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан аймақтарына бірнеше рет жойқын жорықтар жасады.

Сол сияқты Шығыстан Қытайдың жер қайысқан көп өскері баса көктеп кіре бастады. Бұл қауіпті жағдай түрік тайпаларын арабтармен одактасуға мәжбүр етті. Шығыс Түркістан мен Жетісіу жеріне ойран салып, көптеген мәдени орталықтарды қиратқан қытай өскері 751 жылы Таразға жақындаған келді. Арабтар мен Түрік өскерлерінің біріккен күштері Қытай басқыншыларына қарсы тұрды, Тараз аймағына қарасты Атлах қаласының түбінде қытайлармен үлкен шайқас болды. Шайқас 5-6 күнге созылды. Қытай өскерінің құрамына еріксіз кіргізілген түрік (карлук) жауынгерлері өз бауырластары жағына шығып кету нәтижесінде шайқас тағдыры шешілді. Қытай өскері женілді.

Қытайларды құған соң, бұл өлкенің халқы енді түгелдей арабтарға қарсы күресті. 766 жылдан бастап Тараз Қарлук мемлекетінің құрамына кірді. Осы кезден бастап арабтарға қарсы күресті қарлук басшылары басқарды.

VIII ғасырдың сонына дейін бұл өлкедегі түрік тайпалары арабтарға әлденеше рет соққы беріп, ислам дінін қабылдаудан бас тартты. Арабтар бұл аймақтан түгелдей үмітін үзді...

Алайда IX ғасырда Оңтүстік Қазақстан аймағына саманилер шабуыл жасап, қарлук мемлекетінің басшысы Білге Құл Қадыр хан қаза табады. Оның қазасынан кейін мемлекет билігі үшін екі ұлы таласып, үлкен ұлы Базар Арслан хан Баласағұн (Шу өзенінің бойындағы қала) аймағын, ал екінші ұлы Оғұлшак Қадыр хан Тараз аймағын биледі.

893 жылы саманилер басшысы Исмаил ибн Ахмед Таразға қарсы соғыс ашты. Соғыс ұзаққа созылды. Тараз аймағындағылар оларға күшті қарсылық көрсетті, бірақ ақырында бағынуға мәжбүр болды...

Араб тарихшысы Наршахидің мәлімдеуіне қарағанда, Исмаил ибн Ахмед қарлук астанасы Таразды және мемлекет патшасының (Оғұлшак Қадыр ханның) әйелін, 10 000 адамды қолға түсірді. Тараз аймағындағы елдің малының көптігі сонша, тіпті санап шығу мүмкін болмаған. Қала халқы және аймақтағы қалың ел ислам дінін осы кезден

бастап қабылдады. Қала ортасындағы үлкен шіркеу мұсылман мешітіне айналды...

Тараз патшасы Оғулшак саманилерден жеңілген соң, Қашқарға қашуға мәжбүр болды. Ол сонда жүріп көп өскер жинаған соң, 904 жылы самани мемлекетіне қарсы жойқын шабуылдар үйімдастырып, бүйідей тиді.

Қысқаша айтқанда, 893 жылдан бастап Тараз Самани мемлекетінің құрамына кірді, бірақ түгелдей бағынышты болған жоқ. Бірнеше жылдан кейін қала саманилерден азат етілді.

*Мырзахметұлы М., Жеменей И., Әбдуәлиев А.
Көне Тараз. А., 2002. 21—31-бб.*

БАЙЫРҒЫ ТҮРКІЛЕРДІҢ ЕЛ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ


...Байырғы бабаларымыз өкіметке табына қарағаны соншалық, “төр” (өкімет) сөзінің алдына “ер теңү ұлұғ” сөзін қосып жазған. “Ер теңү ұлұғ төр” (Ер теңдігі ұлы төр—өкімет) (БКХб. 9-10).

Күлтегін мәтінінде жүргінелік:

Илгеру, құрығарусуlep ірміш,	басын қосты (жинақтады).
қобаратмыш. Өмүғы иеті иүз ер болмуш.	Барлығы жеті жүз ер (саrbаз)
Иеті иүзер болып, Елсіреміс, қағансырамыс бодунығ,	болды. Жеті жүз ер бас қосқанда
Күң етміс, құл етміш бодунығ,	елін аңсаған, қағанын аңсаған
Түрк төрүсін ығғынмыс бодунығ,	халыққа, құлданған, күндденген
Ечум апам төрү ісінче иаратмыс	халыққа, Түрік төрінен (өкіметінен) айырылған халыққа,
бошғурмыс	Ата-бабам төрін (өкіметін)
Төліс, тардұш...	құрып, орнықтыврыдь.
Иабғу, шадығ берміс.	Төлес, Тардұш қанатқа (бөліп),
Ілгері (оңтүстікке), кейін (солтүстікке)	жабғу, шад(ат) берді.
аттанып жинады,	

Қағанатты Тардұш, Төлес қанатқа бөліп, басшыларына жабғу, шад лауазымы сыйланғанын мәлімдеген.

Осы жүйені сыйбамен көрсетсек:



Түркілердің әскери басқару жүйесі. Байырғы түркілер әкімшілікке де, қосынға да ондық жүйені мықтап енгізді. Ондық жүйе қағанат ішіндегі байып, дәулеттеніп бара жатқан феодалдар мен қоғамның жоғарғы сатыдағы лауазым иелерінің құқын қорғаумен қатар қол астындағыларды әкімет тараپынан қозғалтпай ұстап отыруға тым ілкімді болды. Сөйтіп, ондық жүйе, бір жағынан, әкімшілік, екінші жағынан, қосындық қызметті қатар атқарып отырды.

Жоғарыдағы әкімшілікке берілген үш қанат ішіндегі тайпалар мен тайпалар одағын түмен (он мындық), бесмындық, мындық, бесжүздік, жүздікке бөліп, әкімшілік жүйеге жүтіндірді. Олар бұл жерде тайпалық құрылымды бұзбаған. Бір тайпаның ішінен бірнеше жүздік ұйымдастырығанда, жүздікке толмай қалған кезде екінші бір тайпаның адамдарын алғып келіп қоспаған. Тайпалық құрамды қатаң ұстаган. Ал XIII ғасырдағы Шынғыс хан үкіметі тайпалық құрамды әдейі бұзуды үкіметтік саясат етіп, тайпаларды мидай араластырып жіберді. Сөйтіп, тайпа ішіндегі жүз басы болған ру басшыларына қосын сенундеріне Ұлығ Өз-Інанчу деген әрі қосындық (әскери) шен, әрі әкімшілік лауазым беріп отырды. Бір ғажабы — сол үкіметтік ең жоғарғы қосындық (әскер) орталық кеңеске жүзбасылардың ішіндегі ең сенімді де құдіретті ұлығ Өз-Інанчулардың бірін сайладап,

қатыстырып отырған. Жұздік бесжүздікке, бесжүздік мыңдыққа, мыңдық бесмыңдыққа, бесмыңдық түменге бағынды.

Түркі мемлекетінің ішкі өлеуметтік ерекшелігіне байланысты сатылы бағынушылық мықты орын алған. Ел ішінде тайпалардың қоғамда иеленетін орны қатаң белгіленген. Мәселен, Төлес бектері, Төлес мыңдығы Тардұш бектері мен мыңдығының дәрежесін иеленбеген.

Қағанатты қосындық (өскери) өкімшілікке бөлу ондық жүйе бойынша жасалған.

Мыңдықтар. Қаған өргөсін (хан орда) қорғайтын Қағас Атачук мыңдығы, Қаған сарайы мен ордасына күнделікті қызмет көрсетіп, шаруашылығын жүргізіп отыратын Тойқан Бақұғ мыңдығы, Тардұш қанатынан Құлұқ қосындар (сарбаздар) мыңдығы, Тардұш қанатының Ышбара бесмыңдығы, Алып Ышбара Сенғұн басқаратын Яғлақар мыңдығы, Төлес қанатының бектері басқаратын Ұлығ Үрүнү мыңдығы, Төлес қосындар мыңдығы.

Түмендер. Тәнір тексті қағанның атты сарбаздар қосындары түменге топтастырылған. Шежіреге қарағанда, оларды ішінен жүздікке бөліп, жұз басына сенгүрлерді тағайындаған.

Бейбіт уақытта шаруашылық жүргізу, отбасын асырау, салық төлеу, қаған қазынасын молайту секілді шаралар қосындық (өскери) өкімшілік жүйесі бойынша іске асырылды. Ал егер ел ішінде тынышсыздық пайда болса, елге жау шапса немесе басқа қағанатқа соғыс жарияласа, өкіметтік бұл қосындық (өскери) өкімшілік жүйесі алдын ала жасалып қалыптасқан тәртіп бойынша тұра қосынға айналып, міндеттін атқарған.

Жұздік, бесжүздік, мыңдық, бесмыңдық, түмендердің орналасу құрылымын көне түркілерде “еб” деп атаған. Бұны Шыңғыс империясы “курень” деп аударып қолданған. Ондық жүйесі осылайша байырғы түркілердің өкімет өкімшілігінің күнделікті ісін атқарушыға темірдей тәртіп ұстанған тетікке айналған. Түркілер бұл тәртіпті тас бетіне: “tenrim qanum temir tegelig tufdy” — тәнір тексті өкем темірдей ел “мемлекет” тұтты (Терхин. 25)” деп қашап жазып қалдырыған.

Бұл арада сарбаз туралы түсінік береді. Еркек кіндіктілер көмелеттік жасқа толғаннан кейін, оның күш-

қуаты, ептілігі, бейімділігіне орай “ер ат”, “сарбаз” атағы берілетін болған. Сарбаз болған азамат нағыз азамат аталады. Ал кейбір жағдайда ықпалды әке-шешенің шешімімен *erat* (*сарбаз*) атаған.

Мысалы, Құлтегін 16 жасқа толғанда *erat* (*сарбаз*) атанған. Анасы батасын беріп, *erat* (*сарбаз*) болдырған. Ерат (*сарбаз*) болғанда жасалатын сөн-салтанат, ырым, дәстүр, ол бір сала әңгіме. Бұл — Құлтегіннің азамат болып, қосынға кіріп, жастайынан қосынды басшылыққа алуға үлкен жол ашылғандығының дәлелі.

Далалық қошпелілер қағанатында — мындаған жылдар бойы ел басқару сабактастығы үзілмеген. Олар үкіметтік әкімшілік жүйесі қалыптасқан байырғы халықтардың бірі.

Қ. Сартқожаұлы, түркітанушы.
Егемен Қазақстан. 2001, 16 қазан.

ТҮРІКТЕРДІҢ САЛТЫ

“Жыу” кітабынан. Түріктер шаштарын жайып, сол жақ етегін жоғары қайырып жүреді. Киіз үйлерде тұрған. Судың тұнығын, шөптің шұрайлышын қызып, қошпіл отырады. Мал шаруашылығымен, аң аулаумен айналысады. Ет жеп, қымыз іshedі. Теріден және жүннен тоқылған киім киеді.

Билеушісін алғаш хан көтергенде, жақын жоғары шенді ұлықтары оны ақ киізге әкеп отырғызып, күн қозғалысы бағытымен тоғыз рет айналады. Әр айналған сайын ұлықтары оған тағзым етіп отырады. Бұдан кейін оны атқа мінгізіп, торғын матамен мойнын орап, катты тартады, сонан соң тез босатып, одан: “Неше жыл қаған боласың?” — деп сұрайды. Оның билеушісінің өңі бұзылып, көзі қарауытып кетеді. Қанша жыл қаған болатынын нақты айта алмайды. Ұлықтары оның айтқанына сай өздерінше есептеп шығарады. Бектері арасында жоғары шендісі — иеху, одан кейінгісі — тычин, сонан соң — сылифа, сосын — тумаофа. Барлығы, төменгі шенділерімен қосқанда, 28 дәреже және олардың бәрі бұл шенге мұрагерлікпен ие болады.

Қару-жарактан оларда: ысқырма жебелі садақ (“Суй” кітабында: “мүйіз сияқты садақ” деген), сауыт, наиза, қыльш және семсер бар. Сонау соңғы екеуін бойларынан тастамай, сөн үшін асып жүреді. Туында бөрінің алтын басы бар. Қағанды қорғаушыны *фули* деп атайды. Бұл — Орталық

төніректегілер тілінде “бәрі” деген ұғымды білдіреді. Олар өз тегінің қасқырдан жаратылғаны есте сақтайтындарының белгісі ретінде осылай дейді. Ат үстінде шауып келе жатып садақ тартуға шебер. Жазуды білмейді. Әскерді жинағанда және оны таратқанда, қанша адам, қанша ат болғанын, салықтың және малдың санын ағашқа көртіп белгі салу арқылы есептейді. Алдын ала қағазға жазып қоюдың орнына алтын үшты жебені және балауыз мөрді пайдаланады. Әдетте, шапқыншылық пен тонаушылық жорықтарын жасау үшін айдың толуын күтеді.

Олардың қылмыстық зандары бойынша, бүлікшілік, опасыздық, кісі өлтіру, біреудің әйелін зорлау, ат үрлау — өлім жазасымен жазаланады. Біреудің қызын зорласа, оған мүліктей ауыр айып төлетеді және сол қызға үйленуге мәжбүр етеді. Төбелес кезінде келтірілген зақым үшін айыпты сол зақымның түріне қарай заттай құн төлейді. Мысалы, көз шықса, айыпты қызын береді, егер қызы болмаса, әйелінің дүние-мұлкін беруге міндettі. Ал дененің басқа бір мүшесін зақымдаса, онда жылқы төлейді. Ат немесе басқа зат үрлаушы сол үрлағанының құнын он есе етіп қайтарады.

...Қаған үнемі Дыужин тауында тұрады. Оның шатырының (ордасының) есігі шығысқа қаратылады, бұл — күннің шығуына құрмет еткені. Ол жыл сайын өзінің ұлықтарын бастап, аталарының үңгіріне барып, құрбан шалады, ал бесінші айдың ортасында басқаларды жинал апарып, өзен жағасында Кек төнірге құрбандық шалып, табынатынын білдіреді. Дыужин тауынан батысқа қарай 500 ли жерде биік, басына не ағаш өспейтін, не өсімдік өспейтін бір асқар тау бар. Оны Бодың-инли деп атайды. Бұл орталық төніректегілердің тілінде “жер төнірісі” деген мағынаны білдіреді. Олардың жазу өрпі *ху* халқының өрпіне үқсайды. Жазудың шыққан жылы белгісіз, жапырағынан кек бояу алынатын шөптің бояуымен жазылады.

Еркектері чупу, қыздары тәшенбау ойнауды ұнатады. Қымызды мас болғандарынша ішпеді. Бір-біріне қарсы тұрып ән салады. Аруаққа сиынып, бақсыға сенеді. Соғыста өлуді ардақ тұтады, ауырып өлгенді намыс көреді. Олардың салты көбіне сиуннулармен үқсас.

Түріктер (Құрастырган Салғараұлы Қ.).
А., 1999. 36—38-бб.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ XIII—XIV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТАЙПАЛАР ТУРАЛЫ

Мен сізге айтайын, бие сүтін ақ шарап төрізді ішеді; оны шемиңс (қымыз) деп атайды, ол өте дәмді.

Карулары — садақ, семсер және шоқпар; садақ тартудың шебері болғандықтан, оны жиірек қолданады... Өте тамаша және ерлікпен соғысады.

Озгелерге қарағанда кезбе келеді: қажет болса, айлық жолға ешбір азықсыз шыға береді; өзі бие сүтімен, аң етімен қоректенсе, аты жолдағы шөппен отығады, оған жолға бола арпа, сұлы алып жүрудің қажеті жоқ. Өз билеушісіне тақ тұрады; қажет болса, қару-жарагымен тұні бойы бүкіл тұнді ат үстінде өткізуге бар, ал аты от шала береді. Қылндық пен мұқтаждыққа төзімді, шығыны аз, жауға шабуда ең қабілетті халық.

Алыс жолға, соғысқа аттанғанда, екі тері ыдыс (торсық) пен ет асатын қыш ыдыс, жауыннан бас сауғалайтын кішкене шатыр алады. Сізге айтайын, олар азық-түліксіз, өз атының тамырын тесіп жіберіп, содан жүрек жалғап, осылай 10 күн бойы жүйткі береді. Олардың өзімен алып жүретін қою, қамыр сияқты құргақ сүтті тағамы (қатықты айттып отырса керек) бар. Оны суға езіп ішеді.

Сот билігі былай: болымсыз болса да, үрлік үшін заттың құнына қарай 7, 17, 27, т.с.с. ретпен 300-ге дейін дүре салады. Бұдан өліп кететіндер де аз емес. Ирі қара мал үрлаған адам өлім жазасына кесіледі — басын алады; егер үрланған нәрсени 10 есе құнымен өтесе, өлтірілмейді.

Дәүлетті адам барлық ірі қара малына белгі (ең, танба) салып, өріске бақташысыз жібереді, мал қосылып кетсе, белгісіне қарай иесіне қайтарылады; қой, ешкіні қойшы бағады.

Соғыста былай женеді: қашуға арланбайды, сол қалпында артына қайырылып атады. Аттар иттен де әрмен үйретілген. Қашып бара жатып қуғыншы дүшпаның өзін де, атын да нысанана дәл алып, бетпе-бет тұрғандай соғысады; сөйтіп, “бас сауғалады” деп жансак үқкан жаудың қатары сирегенде қайта оралып, батырлық, ерлікпен жаудың тасталқанын шығарады.

Марко Поро. Қазақ жеріндегі XIII—XIV ғғ. тайпалар туралы.
А., 1994. 81—83-бб.

САҚТАР МӨДЕНИЕТІ

1. Сақтар мен қазактар

Қытайдын және басқа да елдердің тарихшылары үйсіндердің қазактың негізгі тегі екендігін растайды. Әйтсе де, үйсіндер Іле өзені бойын көне заманнан мекендейдеп келген халық емес, олардың мекені — Дунь хуаң мен Цилянь-Шань тауының аралығында. Кейін тек б.з.д. 160 жылдардың айналасында ғана олар сол өлкеден үдерес көшіп, Іле бойына келген. Үйсіндердің алдында бұл өлкені сақтар мен йозілер мекендейтін. Сондықтан “Хань” кітабының “Батыс өнір баянында”: “Үйсіндердің бұл қонысы бұрын сақтардікі болатын, йозілер Сақ қағанын бұл арадан ығыстырып шыққан соң, ол онтүстікке Шуан-дуга асып кетті де, бұл жерде йозілер қалды. Кейін үйсін күнбінен жеңілген соң, йозілер Бактрияға кетті, бұл жер үйсіндердің қол астында қалды. Әйтсе де, үйсіндердің ішінде сақ, йозілерден қалған тұқым да бар” дедінген. Бұдан біз үйсіндер Іле бойында елдік құрған заманда олардың арасында сақтардан кіріккен тектін де едөүір болғанын байқаймыз. Бұғінде қазактың арғын, қыпшақ тайпаларының құрамында “жерсак”, “бессак”, “борсак”, “карсак” деген рулар бар. Осындағы “сақ” жалғауы қытай тарихындағы “сайжон” — “сақ” деген атаумен төркіндес келеді. Бұл — сақтардың қазақ ұлтының тұптықияны екендігін дәлелдейді.

Сол себепті кей ғалымдар “қазақ” этнонимі Каспий теңізі өнірінде жасаған “каспийлер” мен Іледария бойында өмір сүрген сақтардың осы екі халық атының геоэтникалық тұрғыдан бірігуінен келіп шыққан деп есептейді. Бұл да сақтардың қазактың этнотикалық тегімен бұрыннан қатысты екендігін зердеге салады. Б.з.д. III ғасырдан б.з. V ғасырына дейінгі үйсіндердің археологиялық мурделеріне, өсіреле олардың антропологиялық белгілеріне талдау жасаған кезде, олардың бас сүйегі домалак, мандайы шығынқы, көз аясы терен, мұрны сүйір, атжақтылау екени байқалған. Бұл сақтарға тән типке жақындейдайды. Ендеше, сол дәүірде — сақтар мен үйсіндер белгілі деңгейде этнотикалық тоғысуды бастан кешірген. Алдыңғы жақта баяндалған Шыңжаның Құтыби ауданындағы Қызыл-Қысан (Қаңжия-Шымынзы) деген жерден жартас суреттерінің табылуы ежелгі сақтардың антропологиялық бейнелемесінде көрсетілген болып саналады.

сін анықтауға көп септігін тигізді. Ондағылар тегіс ат жақты, қою қасты, дөңгелек көз, қыр мұрынды, оймак ерін болып келеді. Бұл — ерте заманда Тянь-Шаньды (Еренқабырганы) мекендерген сақ қауымының бізге дейін сақталып келген негізгі келбеті.

40-жылдарда Лобнор өніріндегі бірнеше байырғы қабірлерге археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген-ди. Ауа райының құрғақ әрі өте ыстықтығына байланысты онда сақталған адам мейіттері сол қалында сартап болып қеудің қалған. Олармен қоса көмілген дүниелер де көп бұзылмаған. Жерленген адамдардың басына көбіне шошақ төбелі киіз бөрік киіп, бөріктерінің төбесіне қауырсын қадаған күйінде жатыр. Жерлеушілер оларды жалаңаш күйінде текеметке орап, аяқтарына құрым етік кигізіп, қасына өртүрлі ағаштан жасалған бүйімдар мен қару-жарактарын қойыпты.

...Парсылардың байырғы сына жазуымен жазылған тас ескерткіштерінде ертеде Қара теңіз бен Индүқүш, Тянь-Шань тауларының арасындағы ұлан-байтақ даланы мекен еткен сақ тайпаларды уш үлкен топқа бөлген. Біріншісі — хаомаварга сақтары, яғни “хаома” ағашының жапырагына тәу ететін сақтар. Бұлар Ферғана ойпаты мен Памир үстіртін мекендерген. Екіншісі — тиграхауда сақтары, яғни шошақ бөрікті сақтар, бұлар Қыргызстан мен Қазақстанның далалы аймактарын — Памир үстірті мен Алтай жотасынан тұра солтустікке — Тянь-Шань, Алтай таулары, Ташкент, Талас, Шу, Іле және Балқаш көлінің шығыс жағын қамтыған аумақта мекендерді. Үшіншісі — пардарайя сақтары, яғни теңіздің ар жағындағы сақтар, бұлар Өмударияның терістігін, Араг теңізінің шығыс жағын, Соғды жерін (Мөуереннахрды, яғни Өму-Сыр дарияларының арасын — *ayd.*) мекендерген. Ежелгі парсы жұрты Иран үстіртінің солтустігін мекендерген ғажайып қауымдардың бәрін “сақтар” деп атаған. Ал Геродотқа келсек, ол кең байтақ Еуразия даласының Карпаттан Қара теңізге, одан Каспий мен Орта Азияға дейінгі бөлігінде өмір сурген көшпелілерді түгелдей “скифтер” деп атаған. Бірақ осы скиф жұрты да бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, Геродот Дон өзенінен шығыска қарай мекендерген скифтерді *сарматтар* (сарматайлар) деп атады. Ол: “Сарматтардың тілі скифтердің тілімен бірдей”, — дейді. Бұдан сарматтардың да скиф халқы-

ның бір бөлігі екенін байқауға болады. Ол тағы Қаспий теңізінен Сырдарияға дейінгі жердегі көшпелілерді массагеттер дей келіп: “Массагеттер, біздің естуімізше, соғыска шебер, батыр халық екен. Олар сонау Алоксес өзенінің (Сырдарияның) бойында тұрып, иссодондармен тіресетін көрінеді, біреулер оларды да скифтердің бір тобы деседі”, — дейді. Іс жүзінде парсылардың Бихустин мәнгі тасына бәдізделген жазудағы Сақтар мемлекеті де “теңіздің ар жағын мекендерген, ондағылар да бастарына шошақ тәбелі бөрік киген”. Сондықтан Ксенофонның оларды “массагет сақтары” деуінде де негіз бар.

2. Сақтардың өлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мәдениеті

Сақ халқының басым бөлігі көшпелілер еді. “Хань” кітабында көрсетілгендей, сақтар да жер шұрайын сағалап, көшіп-конып жүреді екен. Ежелгі грек тарихшылары да оларды көшпелілер қатарына жатқызады. Еренқабырға бауырындағы Алагу сайынан байқалған сақ дәуіріне тән бір қабірді қазу барысында ондағы мүрдеге қоса көмілген ағаш астаудың ішінен қойдың сүйек-саяғы мен кішкентай темір пышак табылды. Бұл осы қабір иесінің фәнидегі тірлігінде ет тағамының өте маңызды орын алғандығын білдіреді. Онымен бірге қой, сиыр, жылқы малының жерленуі сақ заманында мал шаруашылығының дамығандығын айғақтай түседі.

Сақтар көшпелі өмірге ынғайлы киіз үй пайдаланған. Олардың киіз үйінің сыртқы пошымы дөп-дөңгелек, ал “ішінен қарағанда, ол тор көзді ағаштардан (керегеден — aуд.) құралған. Керегелер 6 немесе 10 қанатқа дейін жетіп, оны жаюға, жинауга, алып жүргуге де болады. Үй төбесін дөңгелек шанырак ұстап тұрады”. Ағаш қанқаның (уық-керегенің) сыртынан киіз жабу — сақтардың тапқырлығы. Ертеде Америка мен Африка құрлығында өмір сүрген халықтар қой бағуды білгенімен, оның жұнін пайдаланып, киіз жасауды білмеген. Америка ғалымы Лауфердің атап көрсетуінше, киіздің ойлап табылуы — Орта Азиядан тараптап тағы бір мәдениет көрінісі. Үй ағаштары мен туырлық, бау-шулар түгелімен көшпелі өмір жағдайына бейімделіп жасалған.

Алғашында сақтар шатырларын үлкен арбаларға қондырып, екі-үш өгіз немесе түйелер жегіп алғып жүрген. Ол арбалар екі, төрт, алты дөңгелекті болып келетін. Көші-қон кезінде сақтар арбаларда әйелдер мен балаларды, үй жиһаздары мен тұрмыстық керек-жараптарын алғып жүретін. Олар жер шұрайын сағалап, көшіп-қонып жүрген кездерінде осы арбаларға не оның маңайына түнеген. Бүгінде қазақ халқы пайдаланып жүрген киіз үйлер мен қой жүнінен жасалған әдемі киіздерден қиуластырып өрнек басылған оюлы сырмақтар — сонау сақтар заманынан бері қарай келе жатқан өнер туындысы. Сақтар қыста балшық пен шөптен жасалған үйлерде қыстаған. Егіншілікпен шұғылданатын сақтар, көп жағдайда арпа, бидай, тары дақылдарын егіп қунелткен.

Саяси құрылымы жағынан сақтарда патшалық болған. Кей мәліметтерде: “Олар төрт ірі тайпалық бөлікке бөлінеді, әрбір бөлік өз ішінен және де белгілі аумақтан құралады, әр аумақты бір басқақ (Тұтықбек немесе губернатор — *ауд.*) басқарады” дедінген. Бұл басқақтар әр ру-тайпа ішінен билік басына дәстүрлі мирасқорлық бойынша келеді. Сақтар құлдық қоғам сатысына кіргенімен, кәдімгі рулық-тайпалық қауымдастық үлгілерін ғасырлар бойы сақтап келген. Сондықтан әлгіндей басқақтардың әмірі бұлжымай орындалған. Ал сақ патшасын (қағанын) әр тайпаның төбебасылары мен басқақтары, ақылгөй қариялары сайлайтындықтан, олардың әмірі тілті де құшті болады.

...Сақ патшасы ең мәртебелі адам болғандықтан, қарамағындағы бұқара жұрты оған сөзсіз бағынатын. Сондықтан сақ билеушісінің олімі де өте салтанатты, қаралы жағдайда өтетін. Алдымен патша мәйітінің үстіне хош иісті жұпар майы жағылып, әдейі жасалған сөүлетті ырдуан арбаға салынатын, әр шалғайдағы сақ тайпаларын аралатып шығатын... Бұл рәсім аяқталған соң, патшаның мурдесі бағыдан патша әuletінен тараған текті тұқымның әuletтері жататын арнаулы молаға апарылады. Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген тіктөртбұрыш пішінді осындаи молалардың көлемі өте үлкен. Онда өлген адам мурдесі киізге оралып, дәл орта тұсқа орналастырылады, оның екі жағына бес қаруы қойылады. Патшаның қасына оның әйелдері, аспаз, атбегілері де өлтіріліп қоса жерленетін. Тіпті көзі тірісінде мінген аттары да патшаның жанына қоса көміледі. Ен соңында, бір тайпа ел қабір басына тас қалап, топырақ

үйеді. Патша өлміне бір жыл толған кезде тағы да 50 құл, 50 жылқы патша рухы үшін құрбандыққа шалынады, хәм патша моласының қасына көміледі.

Әдетте, ру-тайпа ішінде жай адамдар өлгенде де, олардың туған-туысқандары өлген кісінің мұрдесін арбаға салып, жақын-жұрагаттарын аралайды. Олар ас-тағамын өзірлең, қаралы топты қарсы алып, шығарып салады. Бұдан рәсім қырық күнге жалғасқан соң барып өлікті жерлейді. Олар марқұмға өзінің ен әдемі киімін кигізіп, сауыт-сайман, ат-әбzel, ас-тағамын қоса көмеді. Қозі тірісінде жақсы көретін атын да пышаққа жығып, қабірінің қасына көмеді. Мұндай қабірлер жалпақ тастар мен топырақтан қаланып, айналасына қиыршық тастардан жол жасалады.

Cу Бэйхай (Қытайдан аударған Зәкенұлы Т.).
Қазақ тарихы. 2000. №1. 8—11-бб.

ҚАРЛҮҚ ҚАҒАНАТЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫГЫ, САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТИК ҚҰРЫЛЫМЫ

Карлұқтар қоғамында шаруашылықтардың бірнеше түрі қалыптасқан. Олар: көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығы және отырықшылық жер шаруашылығы болып бөлінеді. Егер де сол қарастырып отырған кезеңде қыпшактар мен оғыздарда, негізінен, көшпелі мал шаруашылығы басым болса, қарлұқтарда жартылай көшпелілік орын алды. Мұның себебін қарлұқтардың орналасу, тарихи-жаграпиялық ерекшеліктерінен іздестіру қажет. Олар, бір жағынан, көшпелі мал шаруашылығы басым оғыздар, қыпшактар, қимактармен шекаралас болса, екінші жағынан, егіншілікпен жиі айналысқан соғдылықтармен көрші болған. Сонымен қатар қарлұқтар аумағында қалалардың көп болуы, Ұлы Жібек жолының да қарлұқ жері арқылы өтуі олардың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше әсер етті.

VIII—X ғасырлардағы Жетісү өніріндегі археологиялық қазба жұмыстарында айтылған тұжырымдардың дұрыс екенін көрсетеді. Қарлұқ кезеңіне жататын Баба-ата мекенінде мал шаруашылығы басым болғанымен, егіс дақылдарының қалдығы, темір орақ және қарбыз бер қауын дәндерінің сақталуы отырықшы жер шаруашылығымен айналысатын егіншіліктің қатар дамығандығын дөлелдеді. Академик Ә.Марғұлан Іленің төмөнгі ағысы, Қаратал жазығы мен

Көксуда VIII—X ғасырларда отырықшы және жартылай отырықшы жер шаруашылығымен айналысатын түрік халықтарының мекендерінің айтады. Мұның өзі отырықшылықты ұстанғандар тек қалада, қала маңында ғана емес, сонымен қатар далалық аймақтарда көшпелілермен көршілес орналасқанын айғақтайды.

Іле жазығында көшпелі мал шаруашылығы дамыған. Онда далалық қыстау мен таулы жайлау аралығындағы көшіп-қону 200 шақырымнан аспайтын. Мұндай шаруашылықтың тағы бір ерекшелігі — олар көктемгі және күзгі жайылымдарда ұзақ уақыт бір жерде, көбінесе, тау етегінде тұрып қалуы. Елді мекендердің осындай жерлерде, тау етектерінде көптеп табылуы осы шаруашылық түрінің дамуымен түсіндіріледі. Көшпелілер мен жартылай көшпелілердің белгілі бір топтары әртүрлі әлеуметтік экономикалық және саяси жағдайларда отырықшылыққа ауысып отырады. Оның негізгі себептері: таптық жіктелудің күшесі, соғыстар, малдың қырылуы, жайылымның жетіспеуі, т.б.

Отырықшылыққа көшудің тағы бір себебі: түркілердің арабтар әкелген ислам дінін қабылдауы еді. Бұл дінді қабылдаған түркілер “гази”, яғни дінді қорғаушы және уағыздындауши болып, жергілікті халықпен бірге арасынан отырықшылыққа көшкен. Мұндай жағдай қарлұқтар кезеңінде Шаш пен Испиджаб аймақтарында жиі болып отырған.

Қытай деректеріне қарағанда, сахарада қоныстанған көне түркі рулары бұрын малдарын қыста Сырдария, Шу, Талас өзендерінің бойында ұстал, жазда Ертіс, Есіл, Тобыл өзендері аралықтарын жайлап, Орал тауы мен Обь өзеніне дейін барған. Бұл дәстүр қазактарда тіпті XVIII ғасырдың ортасына дейін сақталып келді. Ортағасырлық араб жазушысы ибн Өсирдің айтуыша, түркілердің басты-басты тайпалары жазда салқын жерді, ал қыста жылы жерді (Сыр бойы, Талас, Шу маңын) қоныстанып жүріп, 960 жылдары ислам дінін қабылдай бастады. Мұны қытай деректері де раставайды.

Халықтың аузызекі шығармашылығында:

Каркаралы, Қазылық
Жататұғын жазылып, —

деп айттылады. Қарлұқты кейде Қазылық деп атағаны ертеден белгілі. Қазылық “Манас” эпосында жиі аталады.

Атақты түркітанушы ғалымдардың көпшілігі Қазылық тауының қазақ жерінде екенін айтып кеткен. Біздің пікірімізше, Қазылық—Түркістандағы таудың аты. Ендеше, көшпелі қарлұқтардың жаз мекені Қарқаралы—Сарыарқа, ал қыс бойы Жетісу мен Оңтүстік батысқа қарай Қазылық тауын қыстаған.

Көшпелі қарлұқтардың негізгі көсібі — мал шаруашылығы. Олар кой, жылқы, ешкі, сиыр және түйе өсірген. Ірі құйрықты қойлар мен төзімді және жүрдек жылқы өсіру мал шаруашылығында ерекше орын алған. Өсіреле жылқы еті мен оның сүтінен қымыз ашыттып ішу түркілердің сүйікті ісі болған.

Карлұқтардың жылқы өсіру шаруашылығының өзіндік ерекшелігі болған. ХІІІ ғасырда түркі халықтарында аласа бойлы, кең арқалы, жінішке тірсекті, тегі аралас жылқы кеңінен тараған. Мұндай шабысқа жылдам, төзімді өрі көп күтімді қажет етпейтін, аласа бойлы, жартылай жабайы аттарды түркілер ерте кезден үй жылқыларын таулы дала-ларға жіберіп, жабайы жылқылармен будандастыру арқылы алғаны мәлім. Кейбір көрші елдердің қызықканы сонша, осында жылқыларды алдыру үшін арнаулы топ жабдықтап жіберіп отырған екен. Мұндай жылқылардың қанқасы қарлұқтар мекендерінде көптеп кездесетінін қазба жұмыстары анықтады. Олар жергілікті табиғат жағдайы мен көшпелі жайылымға таптырмайтын жылқылар болған.

Түркі тілдес халықтардың әпостық мұраларынан жоғарыда аталған жылқылар кеңінен орын алған. Мысалы: “Манаста” кездесетін “алабас жорға шубар ат”, “Қорқыт ата кітабындағы” “сайрап жүрген Қазылық атына мінгейсің”, Ә.Науайдегі “атының сұлулығы сүрша құстай” деген жолдар бұл аттардың түркілерге қаншалықты танымал екенін және олардың арасында қанша мадаққа ие болғандығын айтастыры. Халық азыз-жырларында бұл жылқы жиі кездеседі. Осылардың ішінде ерекше бейнеленетіні — қазылық, яғни қарлұқ жылқысы.

Қой өсіру — мал шаруашылығының негізгі саласының бірі. Түркі қойларының ірі, семіз болып келетін ортағасырлық жазба деректерінде жиі айтылады. Ибн әл-Факих ол қойлардың құйрығы жерге салбырап тұратынын жазады. Қарлұқтардың құнделікті өміріндегі негізгі қорегі — қой етінен жасалған тағамдар. Қойдың жүнін, майын да әжетке

жарата білген. Ал қойдан алынатын шикізат өнімі базарға шығарылған. Сауда үшін, өсіреке түрлі түсті қозы терілерінің өте құнды болғаны ертедегі деректерден белгілі.

Карлұқтар түрмиста түйеден алынатын шикізаттарды да пайдаланған. Түйе өте жай көбейеді және олар үшін өте ыстық климат қажет. Сондықтан түйе өсіру Сыр бойы мен онғустік батыста оғыздармен көршілес тұрган қарлұқтарда орын алды деуге негіз бар. Бірақ қарлұқтар түйенің етін тағам ретінде пайдаланбаған.

Мал шаруашылығының негізі — ет-сүт өнімдерін, жұн, түбіт дайындау. Жұн киіз, киім, кілем, тағы басқа бұйымдар жасауға пайдаланылады. Мал өнімдері тек қарлұқ елінің ішкі, жекеменшік қажеттілігін ғана қанағаттандырып қоймай, отырықшылықпен айналысқан көрші елдермен сауда қатынасында да маңызды рөл атқарды. Истахри бұл жөнінде: “Қойлар Хорасанға халаждардан, ал ет Мауерен-нахрға оғыздар мен қарлұқтардан қажетті мөлшерден де артық өкелінеді”, — деп жазды.

Карлұқтар аң аулау көсібімен де шұғылданған. Олар, өсіреке қымбат терілі андарды (құндыз, сусар, бұлғын, тиін), жыртқыштарды (барыс, жолбарыс) аулаған. Ол туралы ортағасырлық қосалқы деректерде көп айтылған. Аң аулау тек шаруашылық пен түрмиста ғана емес, соғысқа жаттығу үшін де қажет болған. Оны біз “Корқыт ата кітабындағы” Қазыбектің баласы Оразды соғыс өнеріне үйрету үшін анға алым шыққанынан айқын анғарамыз.

Иакуби IX ғасырда барлық түркілердің көбінесе жабайы құсты аулайтынын айтады. Осы ғасырда түркілердің жабайы құсты қалай аулайтынын әл-Жахиз де баяндайды. Түркілер, оның айтуынша, жауынгершілік заманда да жабайы құсты аулауды көсіп еткен. Өздерімен бірге құлын мен биені ала жүрген. Егер аң аулау сөті түспесе, бие қымызымен сусындал, жылқыны сойған. Түркілер ат үстінде жүріп аң аулаап, құс атқан.

Көшпелі қарлұқтар шаруашылығында қолөнер ерекше орын алды. Алайда зерттеу енбектерінде көшпелі түркі халықтары тарихындағы қолөнердің даму мәселесі толық өз шешімін тапқан жоқ. Қолөнердің бұл қоғамда жеке сала болып қалыптасуын ғалымдар: “Көбінесе көшпелілер шаруашылығының отырықшылыққа қарағанда артта қалғандығынан”, — деп тек К.Маркстің айтқан ілімдері бойынша

ғана дәлелдеуге тырысады. Әрине, көшпелі мал шаруашылығымен айналысушылардың қысы-жазы малды бағып-күтумен шұғылдану мүмкіндігі аз еді. Бірақ қолөнердің жеке сала ретінде толық бөлініп шыға алмауын біз көшпелілердің отырықшылармен өзара тығыз байланысынан іздейміз. Көшпелілер егіншілікпен айналысушылармен көрші отырып, олармен сауда-саттық байланыста болған. Ұлы Жібек жолы да осының айғағы, яғни көшпелілер үшін қолөнер бүйымдарын отырықшы елден алу тиімдірек еді. Өйткені мал өнімдерін отырықшы елге өткізе отырып, олар керекті енбек құралы, тұрмыс мәдениет жабдықтары және басқа бүйымдарды айырбастап алғып отырған. Бұл жағдай Жетісуга қарлуктар үстемдігі кезеңінде өзінің тиімділігімен айқын корінеді. Жетісуды мекендерен соғдылардың қалаларын қарлуктардың қоршай орналасуы дәстүрге айналған еді. Ертеден жер, егіншілік мәдениетімен айналысушы соғдылықтар түркі елі үшін қолөнер бүйымдарымен толық қамтамасыз ете алатын таптырмас бейбіт көрші болып шықты.

Қолөнердің жеке сала болып бөлініп шықпауының екінші бір себебі: көшпелілердің мал шаруашылығы техникалық жетілдіруді өте аз қажет етуінде.

Темір кенін өндіруде көшпелілердің ертеден бай тәжірибесі болғаны зерттеулерден мәлім. Қазіргі Қазақстан жерінен қарлуктар кезіндегі көптеген кен орындары табылған. Олар, әсіресе Орталық Қазақстан жерінің оңтүстік-шығысы, яғни қарлуктардың жазғы жайлау мекендерінен көбірек кездеседі. Мұны қазіргі жер аттары да (мысалы, Қарқаралының оңтүстік шығысындағы Темірші, Кентау, т.б.) растай түседі. Кезінде Махмұт Қашқарі өзінің сөздігінде темір кені өндірілген жердің атына сәйкес “темурлук” терминін енгізген. Ал қытай деректерінде қарлуктардың осы тауды мекендерені айтылады. IX ғасырда өмір сүрген автордың айтуы бойынша, түркілер қару, садак оқтарын, сауыт жасап, ер-тұрмандарды безендірумен айналысқан. Ортағасырлық деректерде түркілердің қолөнермен шұғылданғанда оның барлық қыр-сырларын басқадан көмек сұрамай, өздері істей білгені айтылады. Олар өздерінің алғашқы мемлекетін (Түрік қағанаты) құрардан бұрын жер қойнауынан темір кенін өндіріп, одан керекті әртүрлі бүйымдар мен қару-жараптарды жасаушы шеберлер ретінде танылған. Жазба

деректерде бұл жауынгер халықтың дұлыға мен сауыт киүнді дәстурге айналдырганы айттылады. Кейінгі кезде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі де осыны дәлелдейді.

Металл корыту және оны өндеу қарлук елінде зергерлік, ұсталық сияқты қолөнер дәстурінің қалыптасуына себеп болды.

IX—XI ғасырларда Таласта күміс кеніштері болған. Со-лардың ең ірісі Шалжы қаласы маңында. Ол Испиджабқа еніп, Тараздан төрт фарсах жерде орналасқан.

Карлуктардың алғашқы мемлекеттік құрылымдарының қалыптасу үдерісін тездеткен фактор олардың VIII ғасырдың ортасында Ұйғыр қағанатынан бөлініп шығуы болды. Бұдан соң олар Жетісу дағы билікті түркештерден тартып алғып, өздерінің мемлекетін құрды.

Карлуктарда дербес “жабгулық” мемлекеттердің қалыптасуына әлеуметтік-саяси және экономикалық алғышшарттар VIII ғасырда-ақ қалыптасқан еді. Оған қарлуктардың қазіргі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағына келіп, шаруашылығы жағынан отырыкшы соғдылармен тығыз қарым-қатынасының басталып, Ұлы Жібек жолының үстіне орналасуы себеп болды. Мұндай жағдай қалалардың дамуы мен сан жағынан өсіміне алғып келді. Басқа түркі тайпа бірлестіктеріне қарағанда осындай қалалардың карлуктарда көп болуы иеліктерінде қалалары бар жабгулардың өзара дербестікке үмтүлудына ықпал етті.

Шығыс елдерінде мемлекеттің қалыптасуы және дамуы Еуропа елдеріне қарағанда басқа жолмен жүрген. Қарлуктар заманында түркілер дәстүрлі мемлекеттік құрылымдарға онша мұқтаж болмаған. Әйткені оған шаруашылықтың даму ерекшелігі тікелей ықпал етті. Бұл соғды отар қалаларын қоршаган және оған саяси үстемдік етіп түрған қарлуктардың қауымдық қоғамдар мүддесімен сәйкес келеді. Еуропадағыдай дәстүрлі мемлекеттік жүйе құрылымының болуы — бұл қауымдық қоғам дәстурінің одан әрі қалыпты дамуына кедегі жасайтын еді. Сондықтан да түркілердің ру-тайпалық құрылышы соғдылықтардың қауымдық қоғамдарымен қайшы келмей, қайта бір-бірімен толыса дами берді. Екінші жағынан, бұл түркілер мен соғдылықтардың өзара бейбіт қарым-қатынаста өмір сүруіне де ықпал етті.

“VIII—IX ғасырларда Жетісү, Сырдария қалалары және Мауереннахр мен Хорасан қалаларының материалдық мәдениетінің көп тұрғыда жақын болуы кездейсөк емес” екендігі белгілі. Мұның өзі бұл жерде Әртүрлі этностық топтардың болуына қарамастан, бір жүйеден саяси-географиялық тұрғыдан қалыптасып келе жатқан алғашқы мемлекеттік құрылыштың пайда болғандығын антартады. Қарлұқтарда өзіндік мемлекеттік құрылымдардың бар болғандығын араб жазбалары да дәлелдейді. Онда: “Түркістан және түріктер... бірнеше мемлекеттерге белінеді, олардың ішінде қарлұқтар, тогызы-оғыздар, қимақтар және оғыздар бар. Түріктердің әрбір тайпасының өз алдына мемлекеті бар және олар бір-бірімен соғысып жатады”, — деп жазылған.

Жалпы қарлұқтар кезеңін басталған мемлекеттің қалыптасуы Қарахан әулетінің негізін салушы Сатық Беғра ханның 942 жылды Баласағұнда өзін жоғары қаған етіп жариялауымен аяқталады.

Сыздықов С. Қазак тарихы. 1995. №5, 16—19-бб.

ҚАРЛҰҚ ЕЛІНІҢ ҚАЛАЛАРЫ (VIII—X ғғ.)

...Қарлұқтардың бір ірі қаласы — *Талхиз* немесе қазіргі Талғар. “Худуд әл-alam” шығармасында ол “шігілдер мен қарлұқтар ортасындағы тау ішінде орналасқан” делінеді. Бұл қала Іле жазығындағы түріктердің экономикалық, саяси және мәдени орталығы болып, әсіресе қарлұқтар дәүірінен бастап, яғни IX—XII ғасырларда өзінің гүлдену шегіне жеткен. Қаланың мұндай жедел дамуына оның Шығыс пен Батысты байланыстыратын керуен жолының үстінде жатуы себеп болды.

Қазба жұмыстарының нәтижесінде бұл қаланың ірі қолөнер орталығы екені анықталды. Мұнда үсталық, металл өндеу, құмыра жасау, шыны және сүйектен жасалған бүйімдарды шығару жоғары дәрежеде дамыған. X—XI ғасырларда тұрғындардың ислам дінін қабылдауына байланысты қала ірі рухани мәдениет орталығына айналды.

Карлұқтар Отырар шұраттарындағы қалаларды да мекен еткен. Қарлұқтардың бұл аймақта күшеюі VIII—X ғасырларға жатады. Осы кезеңдегі ірі ескерткіш — *Құйрық төбе*. Қаланың іргетасын қазу кезінде қарлұқ дәүіріне жататын бірнеше тамаша ескерткіштер табылды. Солардың

бірі — қаланың ішкі қамалынан табылған оюлы өрнекпен салынған сюжеттері бар ағаштар. Мұндағы сюжеттер ішкі қамал өмірінен хабар береді. Мысалы, бірінде “құда тұсу” бейнеленген. Ондағы 2 адамның бірі — әйел, ал екіншісі — ер адам. Ер адамға көне түріктер тас балбалдар үстіндегі киім тәрізді шапан кигізілген. Екеуінің де бай өuletten шыққаны көрініп тұр. Келесі бір ағашқа салынған сюжетте жаудың қамалды қоршауы және оны қорғап жатқан адамдар бейнеленген. Қорғаушылар қамал қабыргасынан садақпен атып жатыр. Композицияның орта тұсында алақанында (қолдары жоғары көтерілген) Құн мен Ай бар Құдай бейнесі түсірілген. Бұдан сюжеттің мифологиямен астарлас екені байқалады.

Араб деректерінде IX ғасырда қарлук жабгуы Отырар-бендтегі арабтарға алым төлемегені үшін араб әскер басы Хасан ибн Сахлдың Отырар облысын өзіне қаратпақшы болып шабуыл жасағанын және қарлук жабгуының ұлы мен әйелін тұтқындал кеткенін баяндайды. Сондықтан бұл ескерткіштерде қарлуктардың бейнеленуі өбден мүмкін.

Қазақ авторлары Отырартөбенің ортағасырлық Тарбендік сәйкес келетіні туралы жазады. Оның көлемі 200 гектарға жуық. VI—VIII ғасырларда Отырар ірі орталық бола отырып, көршілес мемлекеттердің саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Осы өнірде табылған тынынның бет жағында — түріктердің ру таңбасы, ал екінші жағында — Шаш белгісі — арыстан бейнеленген. Тынынның өзі мыстан жасалғандықтан, ол тек жергілікті жерде ғана қолданылған.

Ерте орта ғасырларда мыс тыны шетелдерде айналымға жүре алмайтындықтан, өзінің сатып алу қабілетін тез жоятын... Отырартөбедегі тыны VII немесе VIII ғасырдың бірінші жартысында жасалған деп топшылауга негіз бар. Өйткені VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, Орта Азиядағы барлық елдер тыны шығаруда халифат үлгісіне көшті.

Карлуктардың онтустік-батысындағы ірі қалалары: Тараз және Испиджаб (Сайрам). Тараз кезінде Батыс Түрік қағанатының іелігінде болған, кейін түркештерге ауысқан. Археологиялық мәліметтер бойынша, қаланың шахристан көлемі солтустікте — 370 м, батыста — 160 м-ге, ал онтустікте — 200 м-ге дейін байқалған. Тараздың өрлеуі, негізінен, IX—X ғасырларға жатады. Егер VII ғасырдың

ортасында Тараздың аумағы 2,7 шаршы шақырым болса, IX ғасырға қарай ол екі есе ұлғайды. Қаланың өсүі оның аймағының дамуымен тығыз байланысты болды. Тараз аймағы бірнеше кішігірім қалалар мен қоныстардан тұрды.

Тараз аймағындағы қалалардың дамуын ерекшеліктіріне қарай шаруашылықты қамтамасыз ететін екі топқа бөлуге болады. Солтүстік-батыс бөлігіндегі қалалар, негізінен, жер өндеу, қол өнері және сауда арқылы дамыса, оңтүстік-шығыс жақтағы қалалар кен, қазба байлықтарын өндіру, жер өндеу арқылы өркендейді. Бехлу, Атлах, Хамукет, Шігіл туралы ортағасырлық деректерде сипаттама бергенде, базар, бақ, жұзім өсіру сияқты шаруашылық жайлы айтылса, Текабкет, Жұл, Сұс, Шелжі жөнінде олардың тауға жақын тұратыны және кен өндіретіні көрсетіледі.

Қарастырылып отырған кезеңдегі ірі қалаларға ортақ үлгіні біз өл-Махдисидің Испиджаб қаласын сипаттағанынан көреміз. “Оның (Испиджабтың — С.С.) рабады мен ел тұратын мединасы бар. Онда (мединада) төбесі жабық базарлар, мата базары мен үлкен мешіт бар. Оның (медианын) төрт қақпасы: Нұджакет, Фархан, Шақрана, Бұхара деп аталады және әр қақпаның жаңында рабады бар. Рабадтар: нахшебтіктер рабады, бұхаралықтар рабады, самарқандықтар рабады, Қаратегін рабады”... Онда (қалада) 1700 рабад бар деседі. Оның рабадын айнала дуал, ал өзінің ішінде бос қалған ішкі қамал бар...

Испиджабта мұндан көршілес қалалармен аттас қақпалардың болуы — оның іргелес жатқан облыстармен тығыз сауда, мәдени және саяси байланыстардың болғанын көрсетеді.

Тараз өнірінің бір елді мекені — Шігіл қалашығы. Макдисидің сипаттауында: “Шігіл—Тараздан кісі айғайы естілетін жерде орналасқан кішігірім елді мекен”. А.Н.Бернштам мұны Қоштөбе қалашығымен дәлдестіреді. Ал Г.И.Пацевич және Т.Сенигова Шігілді Тараздан бір жарым километрден қашықтықтағы Жалпақтөбе деп түсіндіреді. Қарлұқтар құрамындағы үлкен бір тайпа шігілдер атымен аталғаны мәлім.

Түрік көлінің (қазіргі Ыстықкөл) Оңтүстік жағалауында Жоғары Барсхан қаласы орналасқан. Бұл өнірде қарлұқтардың шігілдер тайпасы тұрғанын ортағасырлық деректер айфактайды.

Жалпы, сол кездегі қалалардың ішкі құрылсынын Талхиз қаласын мысалға ала отырып көруге болады. Қаланың орналасқан жері шаршы тәріздес, орталық тұсы биік алаңқай болып келеді. Жалпы қөлемі — 28 га, оның 9-ын орталығы алыш жатыр. Қаланың қолайлы жерде орналасқанын байқаймыз. Батыс жағынан қала тұрғындарына қажетті сумен қамтамасыз ететін өзен, оңтүстігінде қоршаған тау жаудың жақындағанын бақылайтын күзет қоюға мүмкіндік берді. Ал солтүстік пен шығыста егістік және жайылым бар. Талхиз, сонымен қатар жергілікті және халықаралық манызы бар сауда керуендерінің торабында орналасқан. Қала өз ішінде тік өрі тұра көшепелермен махалла торларын жасай отырып, өр махалланың өзі 12—14 үй-жайдан тұрады, олар бір-бірімен ұсақ көшепелер арқылы қатынасады.

Өрбір үй-жай: тұрғын үй және мал қора жайы болып бөлінеді. Мал қораларындағы есіктердің бағыты оңтүстік жаққа қарайды. Мұның өзі махаллааралық көшепелер арқылы малды суаруға, жаюға шығаруға қолайлы жағдай жасады. Қатты қыс кезінде де үй махаллаларының тұрғындарына сұық онша сезілмейтін. Өйткені сұық жел тар көшепелер мен биік қабыргалар арқылы махалла ішінен өте алмайтын еді.

VIII ғасырдың екінші жартысында Жетісуда және Оңтүстік Қазақстанда билікті қолға алған қарлұқтарға ислам ықпалы басқа түрік ру-тайпалары бірлестіктеріне қарағанда басым болды. Бірақ мұны қарлұқтардың барлығы жөнінде айтуға болмайды.

Қарастырып отырган уақытта қалаларда этностық үдерістер жедел жүріп жатты. Қала тұрғындарының түркіленуі күштейді. М. Қашқарі Баласағұн, Испиджаб пен Отырардағы соғдылықтардың түркіленіп кеткенін, олардың өдег-түрпін қабылдағандықтары туралы жазады.

Қаланың этностық үдерістерінде тұрғындардың тілдік ассимиляциялануы ерекше орын алды. Түркі тілдес халықтардың қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісү өлкесінде билік орнатылған қалалардағы бұрынғы жергілікті тұрғындардың, әсіресе соғдылықтардың түркі тілімен ассимиляциялану үдерісі жүрді. Бірақ бұл үдеріс біркелкі болған жок және барлық жерді түгел қамти алмады.

...Түрік-қарлұқ қалаларының сөүлет өнерінде соғды мәдениетінің ықпалы зор болды. Олардың суретшілері түрік

ақсүйектері мен шонжарларының өтініші арқылы қала құрылышының қабыргаларын безендіріп отырды. Өсіресе соғдыштардың алғашқы әртүрлі жазу-сызуы, әшекей мен ою-өрнек салуы ерекше орын алды.

Қарлұқ мәдениетінің, оның ішінде, қолөнерінің, соғдыларға тигізген ықпалы аз болған жоқ. Оны өсіресе қолөнер бұйымдарынан көруге болады. Мысалы, Таразда VIII—X ғасырларда кеңінен тараған құс тәрізді құмыралар соғдылықтарға кейіннен тарағаны айқындалды.

Қалалардағы қолөнердің дамуына көшпелі түркілердің байланысы, қарым-қатынасы ерекше ықпал етті. Олар өздерінің тұрмысына, шаруашылығына қажетті құрал-жабдықтарды қаладан алғып отырды. Қолөнер бұйымдарына сұраныс есті. Нәтижесінде, қолөнершілер шаруашылығы өркендер, қала рабады үлгайды.

Қалалардың өсуіне көптеген саяси, әлеуметтік және экономикалық факторлар ықпал етті. Олардың ең бастылары: Ұлы Жібек жолына байланысты сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көшпелілер мен отырықшылар іргелес отырған жердегі шаруашылық, саяси қарым-қатынас, діни орталықтардың пайда болуы, т.б. Бұл факторлар сол аумақтарға қоныстанған барлық түркі тектес халықтарға тән болса да, қарлұқтар конфедерациясы үшін маңызы ерекше болды. Шынында да, олар басқа тектес тайпаларға қараганда отырықшы-егіншілікпен айналысушылармен тікелей көршилес, тіпті аралас орналасты. Ал Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан және Жетісү өніріндегі Ұлы Жібек жолының дені осы қарлұқтар үстінен өтетін. Сонымен қатар ислам дінінің енуінің қүшеюі нақ осы қарлұқтар үстемдігі заманына сәйкес келді. Қарлұқтардың бір бөлігі VIII ғасырдың ортасында-ақ исламды қабылдады.

Зерттеуші қазақстандық ғалымдар арасында қалыптасқан көзқарас бойынша Оңтүстік Қазақстан мен Жетісүдағы қалалар салынған, даму ерекшеліктеріне қарай үш аймаққа бөлінеді. Қазақстанның оңтүстігін жайлаған қарлұқтар қаласының ерекшеліктері Отырар шұратындағы (оазис) қалалар (мысалы, Баба-Ата мен Құйрықтебе мекендері) орындарын зерттеуде байқалады. Ол қалалар мынадай бөліктөрден: билеуші ақсүйектер орналасқан қамал, шахристан, оның сыртында қолөнершілер мен саудагерлер тұратын рабадтан тұрды.

Оңтүстік-Батыс Жетісу дағы қалаларға тән өзгешелік — қамал мен шахристаннан кейін қоршалған жердің болуы. Мұндай ерекшелік қазіргі Жамбыл облысы жерінде табылған қалаларда жиі кездеседі. Иле бойындағы қалалар жартылай көшпелі қарлұқтардың қыстайтын мекенінде, оның ішінде, байзұллеттілер тобының қоныстарында қалыптасып, қала айналасы ұзын, бұрышты дуалдармен қоршалды. Бұған Қойлық, Талхиз (Талғар), т.б. қалалар жатады.

Жалпы осы қарастырылып отырған кезенде Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларының дамуында мәдени шаруашылықтың қалыптасуы ерекше қоғамдың аудараптық мәселе. Осы орайда С.П.Толстов қалалардың дамуын: “Шығыс қоғамының отырықшы бөлігінің ғана нәтижесі деуге болмайды. Қоғамдық еңбек бөлінісі жағдайында қала — мал өсірушілер мен егіншілер арасындағы заттай айырбас орталығы ретінде қоғамның ішкі байланысын сақтап тұратын буын болып табылады”, — деп әділ баға берді.

Осындай байланыстарды қамтамасыз ететін ішкі сауда Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өңірлеріндегі қалааралық байланыстарда қалыптасқанын байқаймыз.

Ұлытау, Орталық Қазақстан мен Шаш және Тараздың экономикалық байланыстарын металдан жасалған қаружарактардың таралуынан-ақ көреміз. Мысалы, темірден, қоладан жасалған садақ өкітариның жебелері Ұлытау, Сарысу өзені бойынан, Бетпақдала мәдени қабаттарынан табылған. Жезқазған кен орындарында садақ өкітариң дайындайтын болған. Әдемі жебелер мен садақтардың Шаш пен Тараздан кездесетінін Фирдоуси өзінің “Шахнамасында” жазған. Мұндай жебелерді дайындайтын орталық кезінде Сығанақ болған. Егер Сығанақ Шаш пен Таразды қамтамасыз етсе, Сығанақты темірмен жабдықтап тұрған Орталық Қазақстандағы кен орындары болуы керек.

Карлұқтар тұсындағы қалалардың дамуында көшпелілердің ықпалы зор болды. Қала құрылышы мал шаруашылығымен айналысуга ыңғайластырылып жасалды. Мұның өзі жер өндеге мен мал шаруашылығын қатар жүргізуге мүмкіндік берді, ал соның арқасында қолөнердің дамып, өсүін қамтамасыз етті. Қалаларды осындай кешендейші шаруашылықтардың бір-бірімен тығыз байланыста, бір-бірін жетілдіру бағытында дамып, олардың географиялық шек-

терінің де өсуіне алып келді және қала өз айналасында берік экономикалық және мәдени аймақтарын құра алды. Бұл ерте ортағасырлық Шығыс қалаларының дамуындағы ерекше бағыт еді. Мұндай даму кейін Қарахан мемлекетінің тұсындағы ортағасырлық қалалардың гүлденеуіне әсер етті.

Көшпелі қарлуктардың қалаларға қоныстана бастауы үлкен қала аймақтарының дамуына және жергілікті отырықшы халықтардың шаруашылығына әсерін тигізді. Қалалар манында өндөлген жердің үлгаюы, қол өнердің дамуы жалпы феодалдану үдерісінің күшеюіне әкелді.

Қалалардың осындай жоғары дәрежеде дамуы сауда зор ықпалын тигізді. Сонымен бірге бұл жерлерде бұрыннан қалыптасып қалған Ұлы Жібек жолы бар еді. VIII—Х ғасырларда Ұлы Жібек жолының одан әрі өркендеуіне қарлуктардың үлесі мол болды. Оған қарлуктардың алып жатқан ұланбайтақ аумағы да әсерін тигізді. Егер VII ғасырға дейін Қытай мен Батыс елдерінің арасын жалғастыратын жол Қашқар — Ферғана арқылы өтсе, VII ғасырдан бастап, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісүді басып өтті. Себебі бұл кезде Ферғана өніріндегі саяси жағдайларға байланысты керуен жолдарының қауіпсіздігі сақталмады.

Керісінше, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісүді мекендереген түркілер сауда жолының сақталуына және оның одан әрі дамуына барынша мүдделі болды. Оның негізгі себебі, бұл жерлер отырықшылар мен көшпелілердің неғұрлым шоғырланған, тоғысқан аймағында орналасты.

Бұл жолдың маңызының арта тұсуіне түркі қағандары ордаларының жиі орналасқаны да ықпал етті. Олар сауданың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп тұрды. Деректерде сауда керуенін жаудың тонауынан қорғау үшін Гәлолудан, яғни қарлуктардан жасақ құрылыш, оның керуенінді күзеткендігі айтылады.

Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісү бөлігіндегі, яғни қарлуктар мекендереген аумақтағы негізгі бағыты: Шаш — Испиджаб — Таразға барып, одан әрі жол екіге айырылады. Бірі — солтүстікке қимақтарға кетсе, екіншісі — оңтүстікке қарай Төменгі Барысхан — Қасрабас — Құлан — Меркеге өтіп, Жоғарғы Барысхан арқылы Шығыс Түркістанға бағытталды.

Карлуктардың ірі сауда орталығы Испиджаб қаласы болды. Шығыс елдерінің барлық саудагерлері осы қалаға

келіп түйісетін. Бұл қала феодалдарының саудаға деген мүддесін арттырып, олар ірі базары бар рабад салды. Қаратегін әмірші болып тұрган кезде бұл базардан айна 7 мың диргем пайда түсіп отырды. Мұндай рабадтар қарлуктардың басқа бір қаласы Меркеде де салынды.

Бірнеше керуен жолының түйісу — Таразды сол кездегі ірі сауда орталығы етті. Қала солтүстік-шығыс жағында тікелей көшпелілермен байланысты. Таразда басқа елдерден келген саудагерлер тұрды. Ал Тараздың өз саудагерлерінің де отарлары болды. Мысалы, Исфаханда көптеген Тараз көпестері тұрып, саудамен айналысты. Тараздың ірі сауда орталығына айналуына оның өнірінде қалалардың жиі орналасуы және олардың түрлі шаруашылық пен өндірістік бұйымдар шығаруы да әсер етті.

Іле ангарындағы Талхизға қарай баратын жолдың ашылуына байланысты Шығыс Түркістан, Алтай және Монголияға баратын сауда керуендері жиіледі. Ал Испиджабтан қарлуктардың жазғы жайылымы болып саналатын Қенгір, Жезді, Нұра сияқты Орталық Қазақстан өзендері бойындағы елді мекендерге қарай баратын сауда жолдары тарады. Бұл жақта саудагерлер қыпшақтар мен қимақтар арасында сауда жүргізе алатын еді.

Ұлы Жібек жолында жатқан, қарлуктар ақсүйектерінің қаласы — Өрнек VIII—Х ғасырлардағы Тараз аймағының аумағына енді.

Талас жазығынан Шу алқабына өтер жолда Қасрабас қаласы орналасқан. Ол туралы ибн Хордадбек: “Бұл жер қарлуктар қыстайтын жылы мекен, ал оларға жақын жерде халаждардың қыстаулары орналасқан”, — дейді. Соңғы пікірлер бойынша, бұл Ақыртас қалашығы, яғни керуен-сарай болып аталды. Ақыртас қарлуктардың қаласы екенін айналасында түрік зираттарының көп болуы да дәлелдей түседі.

Іле жазығындағы Қойлық қаласы қарлук жабгуының бір сауда орталығы болды. Ол туралы В.Рубрук өзінің саяхатында былай деп жазды: “Келесі күні онтүстікке қарай орналасқан ірі тауларды асып түскен соң, оң жағында биік таулы, ал сол жақта айналасы 25 күндік көл немесе теңізі бар әдемі бір алқапқа келіп кірдік. Таулардан ағып шыққан мол су жоғарыда аталған көлге құяды... Жазықта мал бағуға қолайлыш қалалар бар. Біз сол жерден улкен Қойлық қаласын таптық”.

Сауданың өркендеуіне көшпелі түркілердің ықпалы зор болды. Қала тұргындары көшпелілерден көп мөлшерде жылқы, мал, жұн, тери, киіз, сұт, айран, қаймак, ірімшік алыш отырды...

Көшпелі түркілердің сарқылмас, үнемі өкеліп тұратын шикізаттарының арқасында қалалардың өздері белгілі бір өнім шығаруға мамандана бастады. Мысалы, әл-Мақдисидің хабарлауы бойынша: “Шаштан сапалы ер-тоқымдар, оқ салғыш қорамсақтар және орамалдар өкелінеді (С.С.). Тері тұріктерден өкелініп иленеді... Ферғана мен Испиджабтан ак мата, қару, семсер, мыс пен темір, сонымен бірге түрік құлдары өкелінеді. Тараздан ешкі терісі, Шелжіден күміс, Түркістаннан жылқы мен қашыр жеткізіледі”.

Кейін Қарахан әулеті тұсында Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда мемлекет ішінде маңызы орасан зор болған, ортақ нарықтың қалыптаса бастағанын байқаймыз.

Халықаралық сауда тауарларының біраз бөлігі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы түркілерде қалып отырды. Византия, Соғды, Қытайдың әшекей бүйімдары мен қымбат заттарын түркі қағаны және басқа бай ақсүйектер сатып алыш қалатын. Оған мысал ретінде осы жерде археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған византиялық белгісі бар күміс құмыралар мен олардың алтын тенгелері және қытай айналарын айтуда болады. Жетісу қарлұқтарының сауда қатынасында Қытай ерекше орын алды. Одан көшпелі түркілер жібек сатып алыш, өздерінің шикізат өнімдерін өткізіп отырды. Сонымен бірге олар тек шикізат қана апарып қоймай, өздері өндірген бүйімдарын да (мысалы, май, тұз, қалкан, найза, мата және мускус) базарға шығарып отырды.

IX—X ғасырларда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісү арқылы өтетін сауда жолының одан әрі өркендеуіне арабтар өкелген ислам дінінің зор ықпалы болды. Бай саудагер мұсылман мәдениетін таратты. Олар өз қаражатын базарлар көбейтуге жұмсап отырды.

Қарлұқтардың көшпелі белгінде сауданың еркін дамуына сол кездегі түркілердің қонақжайлышы, мейманостығы көп септігін тигізді. Өйткені түркілер саудагерлерді ерекше қарсы алыш күтетін және осы арқылы өздері сол саудагер еліне барғанда сондай мүмкіндіктерді пайдаланатын.

Карлұқтардың саудасында жылқының маңызы үлкен еді. Жабайы тұқыммен будандастырылған бұл жылқылар тәзімділігі жағынан анға, жорыққа шыққанда зор рөл атқарды.

Карлұқ құрамындағы ірі тайпалар: ягма, тухси, шігілдерде аңшылықпен айналысушылар көп болды. Сондықтан олар саудаға мал өнімдерімен қатар бағалы аң терілерін шығарып отырды. Бұл туралы деректер “Худуд әл-alamda” жиңі кездеседі.

VI—X ғасырларда түркілердің өздері көршілес елдерге жорықтар жасап, көптеген құлдарды қолға түсіріп отырған. “Олар (турікттер — авт.) тағы да келіп, Самдун мекенжайын тонады, мұсылмандарды тұтқындал әкетті”, — десе, Гардизи қыргыздардың гуздарға шабуыл жасап, тонап, кіслерін өлтіріп, ал аман қалғандарын құлдыққа сатып жібергенін хабарлайды. Әл-Жахиз карлұқтардың бір адамын тұтқындал, қалай қолма-қол сатып жібергенін әнгімелейді. Құлдыққа түркі әйелдері де түсіп отырған. Фирдоусидің атақты “Шахнамасында” карлұқтардың Тараз қаласынан әкелген әдемі түрік қыздары туралы айттылады.

Жалпы, құл саудасы IX ғасырға қарай күштейе түсті. Оған себеп, араб қолбасыларының түркі құлдарынан өздерінің ұландарын құруы болды. Осындай ұландарды алғаш рет құрған — халиф Мутасим. Оның құрамына, негізінен, түркі-қарлұқтар алынды. Ирі транзиттік құл саудасының жолы Мауереннахр мен Хорезм арқылы өтті. Бұл жерлерде түркілермен бірге славян, хазар құлдары сатылды.

Сонымен, қарлұқтар қарастырып отырған кезенде Ұлы Жібек жолының маңызды болігінде орналасып, дүниежүзілік әркениетпен қарым-қатынаста болды. Мұның өзі отырықшылар мен көшпелілер дүниесінің бір-біріне өзара ықпалы арқылы ғана жүзеге асты.

Сыздықов С. Қазақ тарихы. 1994. №6. 13—19-бб.

VI тарау. ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТИҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ: ЭВОЛЮЦИЯНЫң БАСТАЛУЫ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Сақтар мен үйсіндер мемлекеті

...Сақтар мен ежелгі үйсіндер өмір сүрген көшпелі қоғамда байлықты жеке қолға (мал мен сән-салтанат бүйімдарын) жылдам жинақтау нәтижесінде халықтың мемлекеттік құрлымдардың пайда болуы мейлінше ерте жүзеге асты. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын жылдамдатуда сыртқы факторлар ерекше орын алды: сақтарға Ахеменид және Грек-бактриялық мемлекеттердің, ал үйсін кезеңінде Хань империясының әсері болды.

Сақ қоғамындағы әлеуметтік стратификацияларды қалпына келтіруде жазба дерек мәліметтерінің аздығынан біз тек археологиялық материалдарға ғана сүйенеміз. Зерттеу жұмыстары кезінде табылған бүйімдардың қымбаттылығы мен жұтандығы, ескерткіштердің көлемі қабір үстіндегі және ішіндегі құрылыштардың күрделілігі, оларды жасауға жұмсалған еңбек күші және шалынған құрбандықтың көлемі іспетті мәліметтерді ғана пайдалануға мүмкіндік бар.

Алғашқы қауымдық құрылыштың ыдырауы және таптық қоғамның қалыптасуы дәуірінде жерлеу рәсімі мен әлеуметтік құрылымының арасында мынадай төте байланыс орнады: жерлеу рәсімі адамның байлығын ғана емес, әлеуметтік орнындағы артықшылығын білдіреді.

Әлеуметтік қалпына келтіру ісінде Жетісүндік археологиялық қазбаларына ерекше мән беріледі. Өйткені мұндағы сақ дәуірінің обалары Орта Азия мен Қазақстанның басқа аудандарына қараганда мейлінше көп зерттелді. Сондай-ақ биіктігі 18—20 метрге жететін, “Патша обалары” деп аталатын археологиялық қазбалар да нақ осында. Мын-

мындаған төмпешіктермен салыстырғанда, сан жағынан жоққа тән алып обалардың болуы қоғамның екі топқа бөлінгендігін айғақтайты: артықшылыққа ие болған ат төбеліндегі азгана байлар тобы және артықшылығы болмаған көпшілік. Ал қоғамның байлар мен кедейлерге бөлінуі — өлеуметтік теңсіздіктің күесі, таптың қалыптасуының алғашқы қадамы.

Азиялық сақтардың жерлеу рәсімін қоғамның жоғары сатыдағы әмірлерін, патшаларды дәріптейтін зәулім ескерткіштер салу арқылы мәңгілік есте қалдырудың бұлжымас этномәдени дәстүрі деп түсіндіруге болады.

Мұндай дәстүрдің болғандығын археологиялық қазбалар да растианды. Б.з.д. VII—V ғасырларда Қазақстанның және Орта Азияның ұшы-қырысыз далаларында Бесшатыр, Есік және Шілікті іспетті тас және балшықтан түрғызылған зәулім обалар, малшы және диқан сақтар орналасқан ауданда Түгіскен мазары пайда болады. Оның сөүлеттік пішімі құрделі қам кесектен құйылған. Қазба жұмысы кезде бұлар сақ қоғамының мөртебелілер тобына жататын адамдар екені анықталдды.

Археологиялық деректерден (үйінділер параметрінің бас-қыштап дамуы, үлкен материалдық байлықтардың болуы, құрылышқа жұмсалған қол күшінің, бұйымның мөлшері, жазба мәліметтер және т.б.) келтірілген мәліметтерді тұжырымдай отырып, біз: “Жетісу сақтары өлеуметтік құрылымы жағынан қарағанда өндірістік қатынастары мемлекеттік құрылым іспетті орган тарарапынан тәртіпке түсіріліп әрі үйлестіріліп отырған ерте таптық қоғамның қалыптасу сатысында болды” деген байламға келеміз. Жазбаша және археологиялық деректер ежелгі үйсін қоғамында б.з.д. II—I ғасырлардың өзінде-ақ заттай болшектену басталып, жекелеген адамдардың, өсіресе билеушілердің, лауазымды адамдардың ру бекзадаларының қолына байлықтың жинақталғанын дәлелдейді. Сақ дөүірінде болған, малға, еңбек қуралдарына және тұрмыс буйымдарына деген жекеменшік мұнда да кең қанат жайып, қоғамның негізіне айналды. Ал мемлекет мешіншігіндегі жер енді жекелей иелену түріне ауысты. Бұл кезеңде қоғамның өлеуметтік құрылымы таптық қатынастарға негізделді. Бірақ таптардың қалыптасуы үдерісі тоқталмай жүріп жатты.

III—V ғасырларда мал, мұлік, жиһаз атаулының билеуші таптың қолына жинақталуы жалғасын тапты. Қоғамның

екі топқа: байлар мен кедейлерге, билеушілер мен тәуелділөрге, қанаушылар мен қаналушыларға бөлінуінің аражігі мейлінше айқын байқалды. Қоғамның екі ұшына екі тап қарама-қарсы түрді: бір жағында — ру аксүйектері — құл иеленушілер, жаңа феодалданған бекзадалар, екінші жағында — тәуелді ұсак өндірушілер, жартылай тәуелді және үйдегі құлдар. Жерді жекелей иелену қатынастарымен қатар иерархиялық иелену түрі де пайда болып, дамыды. Ежелгі үйсіндер дамуының барлық кезеңдерінде өлеуметтік-экономикалық қатынастары таптық қоғамның отпелі кезең үдерісіне тән сипатта болады. Ол дамудың барлық кезеңінде, тілті Ашина түркілер мемлекетінің құрамына кіргенше не құлиленушілік, не феодалдық формацияның аяқталған түріне жете алған жок. Әйтседе бұл мәні жағынан таптық қоғамға айналған еді.

Дамудың мұндай ерекше түрінің болу себебі: экономикалық көп құрылышты болуына байланысты. Жартылай көшпелі және жартылай отырықшы үйсін қоғамында өндірістің негізгі екі түрі болды: мал және жер. Негізінен, мал түріндегі байлықтың жинақталуы — мал-мұлік, жиһазға жекеменшіктің, тауар алмасуының дамуына, яғни таптық қатынастардың пайда болуына әкелді. Әйтсе де, көшпелі қоғам ерекшелігіне сай (ру байланыстарының кертартпалығы мен бекемдігі) қоғамдық қатынастар аса ірі және шағын дәүлетті мал иелерінің жекеменшік қатынастары түрінде дамыды. Рұлық құрылыштың ыдырауы феодалдық қатынасты айқындастыны шаруашылық бірлестіктер түрінде ауылдық қауымдастықтың қалыптасуына жете алған жок. Сондықтан туындаған таптық қатынастар құлиелеушілік қатынастар сипатына ие болды. Дегенмен үйсін қоғамында өндіріске құлдың еңбегін пайдалану өзіндік ерекше түрде дамыды; яғни құл еңбегі өндірістің негізгі тірепіне айналған жок, ал құл иелену кемеліне келе алмады.

Ежелгі үйсін қоғамында билеушілер қолына мал-мұлік-тің жинақтау және біртіндеп жер байлығы шоғырландыру үдерісі жүріп жатты.

...Сөйтіп, Үйсін мемлекетінде бұрыннан бар рұлық құрылыштың сарқыншақтары құлиленушілікпен, жаңадан қалыптаса бастаған феодалдық қатынастармен үйлесім тапты.

...Үйсін мемлекеті жартылай көшпелі негізде өмір сургенімен, оның барлық көшпелі мемлекеттерге тән қалыптасуы мен дамуын айқындастың шыны мен шынырауы, прогресі мен регресі болды.

Үйсін мықты мемлекеттердің бірі болып саналады. Сюй Сұнның айтуына қарағанда, ол Батыс өлкедегі үлкен мемлекет болған. Мұндай тұжырымды үйсін мәдениеті ескерткіштерінің Жетису, Ферғана (бөлігі), Шығыс Туркістанның солтүстік және батыс бөлігін алым жатқан ұлан-тайыр аймаққа тараған археологиялық мәліметтер де растайды.

Үйсіндер шекараға жақын аудандардағы иеліктер мен тайпаларға ықпал етіп, тіпті билеп отырган. Мәселен, “Цянь-Ханьшуда” Үйсін мемлекеті “көптеген иеліктерді бағындырыды”, “Давань-чжуаньда” көршілес шағын иеліктерге шабуыл жасады, ал “Янь Ши-гуде” “бағындыра салысымен өздерінің вассалына айналдырыды” деп көрсетеді.

Үйсін мемлекеті қызы беріп, келін түсіру арқылы басқа мемлекеттермен одақтық қатынастар да орнатты.

Ежелгі Үйсін мемлекетінде үлкен және шағын қызметтер, лауазымдар өкеден балаға мұра ретінде қалып отырды...

Мемлекеттік-әкімшілік және өскери-саяси басқару дамыған борократтық аппарат арқылы жүзеге асырылды.

Ақышев К. Қазақ тарихы. 1994. № 3. 9—12-бб.

ҚАЗАҚ, РЕСЕЙ ЖӘНЕ СІБІР МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

XVI ғасырдың басында орыстар қазактарды ержүрек дала халқы ретінде қабылдаған. Бұл кезеңде Қазақ хандығы арқылы Шығыстан Ресейге, Ресейден Шығысқа тауар таситын сауда жолдары өткен.

XVI ғасырдың ортасында Қазақ хандығы Ноғай Ордасына, Сібір хандығына және Орта Азия хандықтарына әжептөүір қауіп төндірді. Ағылшын көпесі Антон Дженкинсон 1558—1559 жылдары Орта Азияда болып, “Магомед дінінде кассактар оте күшті өрі көп халық” екенін жазған. Бұл кезде Сібір ханы Қөшім мен қазақ ханы Ақназар арасында күрес жүріп жатты. Екеуі де, қай жағынан алса да, бірбірінен кем түспейтін, біріне-бірі қауіпті қарсыластар еди. Мысалы, 1570 жылды Қөшім орыс тұтқынымен әнгімесінде: “... жақында қазақ ханымен соғыс күтіп тұр, хан мені жеңіп, Сібірді билеуі мүмкін”, — деген күдігін де жасырмайды.

Қазактардың Батыс Сібірде едәуір саяси рөл атқарғаны Ресейдің қазақтармен де қарым-қатынас жасауына ықпал етеді. Ресей мемлекеті қазақ даласы арқылы сауда жолдарын жүргізбекші болады. Камадағы Ресей иеліктеріне қауіп

төндірген Көшім ханға қарсы қуресте Ресей патшасы Қазақ хандығымен одақтаспақшы болды. Бұл жөнінде Строганов жылнамасында былай жазылған: “Көшім өзінің ұлы Алейді Чусовойға шапқыншылық жасауға жіберді. Камаға дейін және Кама тұздары қаласына дейін барды әрі православиелік христиандарға көп қайғы өкелді”.

1538—1580 жылдары хандық құрған Ақназар хан қазактардың Ресеймен көршілік қарым-қатынас орнатуын жақтады. Ақназардың осы ниетін орыс патша байқаған сияқты. Өз мақсатын жүзеге асыру үшін IV Иван қазактармен экономикалық байланыс орнатады. Сонымен қатар Көшім хандығымен құресу үшін өскери одақ жасауды да жоспарлайды. Осындай оймен 1575 жылы тікелей қазақ даласына Третьяк Чебуков бастаған алғашқы орыс елшіліктерін жібереді. Бұл сапардың сәтсіз аяқталғаны Строганов жылнамасының Спасский тізіміндегі “Сібір сұлтаны патшазада Мәметқұлдың Чусовой өзеніне келуі және орыс адамдарын тұтқындауы туралы” деген тарауында былай жазылған: “1081 (казіргі жыл санауымызда —1573 ж.) жылы жазында, шілденің 20 жүлдізында Тобыл өзеніне Сібір сұлтаны Көшімнің ұлы Мәметқұл өзінің мырзаларымен және ұландарымен жолды байқауға келді. “Соғысуға қайда барсақ екен? Яков немесе Григорий Строгановтардың қаласына ма, әлде Ұлы Пермьге ме?”. Сол келгенінде остықтардың көптеген адамдарын өлтірді, олардың өйелдері мен балаларын тұтқындағанда әкетті және патша елшісі Третьяк Чебуковты әрі онымен бірге журген қызметші татарлардың бәрін өлтірді”. Осыдан кейін IV Иван уақытша бұл жұмысты ысырып қойды, тек Строгановтарға қазақтармен салықсыз сауда жасауға рұқсат грамотасын тапсырумен шектелді.

Қазан хандығын алғаннан кейін шамамен 20 жылдың ішінде орыстар Каманың жоғары ағысын игерді, Кама Тұздарының оңтүстік-шығысында орналасып алды. Сібірдегі су жолдарын қолына алды. Шептің алдында Строгановтар журді. Строгановтар жылнамасының Спасский тізімінде Яков пен Григорий Строгановтар патшага: “Тобыл, Ертіс, Обы өзендерінің жағасында қамалдар салуды, карауыл қоюды ұсынады”, — деп жазылған.

Осыған қарағанда, олар 1573—1574 жылдары-ақ Тобылда, Ертісте, Обыта орналасып алуға асықкан. Кейіннен IV Иванның грамотасымен бұл жерді Строгановтар өзүлеті

иемденді. Патша оларды “Тахчей мен Тобыл өзенінде қамал салуға” міндеттеп, жынырма жылға женелдік берді. Патша өкіметі бұл қамалда Ресей, Қазақстан және Орта Азияның сауда байланыстарын жүргізуі ойлады. Строганов жылна-масында: “...ол жаңа жерге бұқаралықтар мен Қазақ хандығының адамдары барады, ... жылқылар мен және түрлі тауармен (келеді)”, — деп жазылған.

Строгановтарға бұл жерді беріп, патша өкіметі оны Ресей мемлекеттерінің тұрақты аумағына айналдыруды ойлады. Осылай жақындағап алып, қазақтардың комегімен тылдан Көшім ханға үнемі қауіп төндіруді мақсат етті. Тылдан қырағылықтың болмауы Сібір хандығының құлауының себептерінің бірі болса керек.

Третьяк Чебуков бастаған Мәскеу елшілігін Көшімнің адамдары өлтіргеніне қарамастан, Ресей патшалығы қазақтармен мәмілегерлік катынастар орнатуды желеу етіп, Тобыл, Ертіс, Обь өзендері бойында бірнеше бекініс қалалар салды. Сол арқылы Қазақстан, Орта Азия, жалпы шығыс елдерімен сауда байланыстарын жандандыра тусты. Бұл туралы академик А.П. Окладников: “Сібірдегі жаңа аумақтардың игерілуімен, қазақ даласы арқылы төте жол түсін арқасында Ресейдің Қазақ хандығымен шаруашылық-сауда байланысы үздіксіз дами бастады. Орыс мемлекеті өзінің шығыс шекарасында тату көршілік орнатып, оның қауіп-сіздігін қамтамасыз етуге мүдделі еді”, — деп атап көрсетті.

Қазақ хандығын мемлекет ретінде мойындау, онымен тен дәрежеде мәмілегерлік байланыстар орнату арқылы патшалық Ресей қазақ жерін біртіндеп отарлау жоспарын жүзеге асырды.

Тәуекел хан 1594 жылдың 20—29 қантарында Мәскеуге Құл-Мұхаммед бастаған қазақ елшілігін жіберді. Елшіліктің мақсаты — Ресей патшасынан Бұхар хандығымен күресу үшін қару-жарақ сұрау және Мәскеу сарайындағы Ораз-Мұхаммедті азат ету еді. Ол Көшім хандығы мен Қазақ хандығы соғысқан жылдары тұтқынға түскен болатын. Ораз-Мұхаммед Сібірде жартылай қонақ, жартылай тұтқын ретінде Көшімнің қарсыласы Сейдақтың қасында жүрді.

Жалпы Сібір хандығы Көшімнің кезінде онтүстікегі көршілері ногайлармен одактас болған, ол қазақтармен үнемі соғыс жүргізген. Мысалы, 1570 жылғы Сібір хандығы Ақназар ханмен соғыс жүргізген. Сондай-ақ Тәуекел хан да солтүстікегі жайылымдарын кенейту үшін Көшіммен соғысқан.

Шоқан Уәлиханов айтқандай, Сібір жылнамаларында Ораз-Мұхаммедті “Қазақ патшазадасы Салтан” деп жазған. Шынында да, Сібір жылнамаларының бәрінде дерлік: “Князь Сейдақты және Қазақ ордасының патшазадасы Салтанды және Қарашаны тұтқындау, тағы басқаларын өлтіргені туралы” деген тарауы бар. Мұндағы Қараша деген — Қөшім ханның кеңесшісінің лауазымы. Есипов жылнамасының Абрамов тізімінде бұл оқиға былай жазылған: “Князь Сейдақ Сібір қаласынан, онымен бірге Қазақ Ордасының патшазадасы Салтан және Қөшім патшаның Қарашасы 500 өскери адамдармен бірге шықты.

“...Княжий Луг” деген жерге барып, қырғауылдар салды. Оларды өскер басы Данило Чулков пен орыс адамдары көріп, князь Сейдаққа елші жіберу жөніндегі кенесті...”

Елшілер бұл ұсынысты Сейдаққа жеткізгеннен кейін, Сейдақ патшазада Ораз-Мұхаммедпен және Қарашамен ақылдасып, Данило Чулковқа баруга келісті. Олар өздерімен бірге “қорғану үшін 100 өскери адамды алды, қалғанын қала сыртында қалдырды”. Олар әдет бойынша дастарқан басына отырғаннан кейін, князь Сейдақ ештеңе де ішпей, ойланып қалды. Оның бұл кейіпін байқаған өскер басы Данило Чулков тостағанға сусын құйыш, былай дейді: “Князь Сейдақ, сен християндарға зұлымдық ойламай тұрғанда... іш!” ...Сейдақ тостағаннан ішे бастағанда, шашалып қалды... патшазада Салтан ...Қараша ...шашалды. Орыс өскерлері адамдарды (оларды) үрүп-сога бастады. Князь Сейдақ мұны көріп терезеге қарай жүгірді, оның артынан патшазада Салтан және... Қараша жүгірді, сол кезде өскери адамдар... үстап алып байлады, ал басқа адамдарды үрді... өскер басы Данило Чулков Сейдақты, Ораз-Мұхаммедті және Қарашаны Мәскеуге патшага жібереді.

Сейдақ — Қөшімнің алдында хандық құрған Едігердің ұлы. Ол Қөшімнен кейін Тобыл ауданында біраз уақыт билік құрған. Оның өскерінің құрамында қазактардың да болғандығы белгілі. Орыстар Сейдақты, Ораз-Мұхаммедті, Қарашаны тұтқындалап, Қөшім билеген Сібір хандығын құлатқаннан кейін ондағы халықтың көп бөлігі онтүстікке көшкенімен, халықтың біразы қазақ даласында қалып қойғаны анық. Демек, Сібір татарларының белгілі бір бөлігі Қазақ хандығының құзырына қараған.

Ресей мемлекетінің Көшім ханмен қатынасы ушығып тұрған жағдайда Құл-Мұхаммед бастаған елшілік нәтижесіз болған жоқ. Ресей патшасының Тәуекел ханға жазған жауап грамотасында қару-жарак жіберетіндігін, “дүшпандардан қазактарды қорғайтындығын” жазған. Сонымен бірге патша өкіметі Қазақ хандығымен қалыптасқан саяси қатынасты ұлғайтып қана қоймай, оны жартылай отарына айналдыруға ұмтылды. Сондықтан Ресей мәмілегерлері Тәуекел ханның жайғана көмек сұрауын өз еркімен қосылу жағын іздеді деп түсінді де, Тәуекел ханға аманатқа өзінің ұлы Үсеінді жіберсе, Ораз-Мұхаммедті босататынын айтты.

Қазақ-орыс құжаттарына қарағанда, Көшім хан мен Абдолла ханның одағы да қауіпті болған. Сібір жылнамаларында, “Көшім патшаның діні туралы” деген тарауда: “Көшім патшаның діні мен заңы магомет...” — деп жазған.

XVI ғасырдың басында Мұхаммед Шайбани хан Орта Азияда Ақсақ Темір өүлетін құлатқаны белгілі. Ол осыдан соң Сібір хандығына да өз ықпалын жүргізбекші болды. Осы мақсатпен Шайбани хан ислам дінін таратуды желеу қылышп, 1700 адаммен Сібірге келген көрінеді. Жергілікті халықпен шайқаста екі жақ та едөүір шығынға ұшырады. Біраз адамдары Ертісте қалып, ислам дінін уағызыдаған.

Көшім хан да ислам дінін нығайту арқылы идеологиялық жағынан өз өкіметін қүштепекші болды. Ресей Қазан мен Астрахан хандықтарын жауулап алған соң, Сібір хандығы олардан бөлініп шықты. Сондықтан Көшім хан Орта Азиядан өзіне одактарастар іздеді. Өрі сауда қатынасын дамытуды көзdedі.

XVI ғасырдың екінші жартысында Орта Азияда Шайбани үрпағы Абдолла хан (1557—1598 жж.) басқарған мемлекет құрылды. Дін мәселесінде Көшім хан Абдолла ханға сүйенді. Ол 1572 жылы шейхтар мен сейдтерді сұратып, Абдолла ханға елшілер жіберді. Елшілер Бұхара-дан қабылданып, Ургеніштің билеушісі Сейд ханға Абдолла хан Сібір елшілеріне керекті адамдарын беру жөнінде хат берді. Ургеніште Сібірге баруга тілек білдірген адамдар көп болды. Ақырында Ярым Сейд және Шербет шейх Бұхараға келіп, одан 1000 адаммен Сібірге аттанды. Сейтіп, исламды тарату арқылы Көшім хан Сібір халықтарын біріктіріп, өз мемлекетін нығайтты.

1595 жылы наурызда қазақ елшілігіне патшаның жауап грамотасы тапсырылды. Қазақ хандығын Мәскеу пат-

шалығы “өз күзырына алатындығын және қару-жарақпен қамтамасыз ететіндігін” айтып, Қазақ хандығының “Бұхара патшасын жаулап, Қошімді ұлы мәртебелі Мәскеу патшасы босағасына әкелетінін” тапсыруын талап етті. Тәуекел хан Абдолла хан мен Қошім ханды шауып, патша өкіметінің құзырына қаратуға тиіс болды. Сонымен бірге 1595 жылы Вельямин Степанов бастаған орыс елшілігі егер Тәуекел хан Сібірдегі орыс саясатының жүзеге асуына Қазақ хандығы өз ықпалын жасаса ғана Ресей қару-жарақ беріп, қомектесетінін айтады. Тәуекел хан патша өкіметінің Сібірді жаулап алу мәселесіне араласқан жок, сейтіп бұл елшіліктің Қазақ хандығына қойған шарты орындалмады.

Ресейдің Қазақ хандығымен, Орта Азиямен тұрақты байланысы Қазан және Астрахан хандықтарын жаулап алғаннан кейін ғана бір арнаға түсті. Бұл шығыс бағыты бойынша патша өкіметіне бірден екі жолды ашып берді: Ресей мемлекетін Сібірге әкелген — Кама жолы және Жайық пен Каспийдің жағалауларындағы онтүстік-шығыс жолы. Дөл осы жолдар арқылы Ресей Қазақ хандығымен түйісті.

Қазан, Астрахан, Сібір хандықтарын жаулап алғаннан кейін орыстар Қазақ хандығы шекарасына батыс жолмен (Орал өзенінің ағысымен) және Солтүстік жолмен (Ертіс өзені және оның сағаларымен) жақындей бастады.

Ресей өкіметі, өсіреле Қазақ хандығы арқылы жүретін сауда жолдарына қатты қызықты. Кама жолдарына қауіп төндірген Қошімге қарсы куресте, Қазақ хандығымен одактаспақшы болды. 1572 жылы Қошім хан Онтүстіктең өзінің көршілері қырғыздармен және оларға тәуелсіз Тұра өзені ауданында тұратын бектермен, мырзалармен куресті ойдағыдай аяқтағаннан кейін сыртқы саясатта жаңа бағыт ұстанып, Пермь облысына шабуыл жасай бастады. Бұл жөнінде Строганов жылнамасының Толстой тізімінде былай жазылған: “Бұкіл Ресейдің патшасы әрі ұлы князі Иоан Васильевичке оның мемлекеттік қарастылығындағы Пермьге мұсылмандардың жиі келетіндігі, Қошім патшадан көп азап шегетіндігі жөнінде хабарланады. Патша Яков пен Григорий Строгановтарға Пермьді қорғауды және Қошім патшадан кек алуды тапсырды”.

...Ресей Тәуекел ханды Қошіммен куресте одактас ретінде пайдалана отырып, Орта Азия хандықтарымен келіссөз жүргізуде дедалдыққа пайдалануға тырысты. Сонымен бірге қазақ даласы жөнінде жаңа мәліметтер жинауға ұмтылды.

1590 жылы Тәуекел хан Бұхар хандығына шабуыл жасап, Абдолла ханның өскерін ығыстырды, Қөшімге өскери көмек көрсетуге кедергі жасады. Қөшімнің Бұхар ханмен өскери одақ жасауға талпынуы оның Ресей мемлекетіне қарсы өскери қақтығысқа дайындалғанын көрсетеді. Осыны ескеріп, патша өкіметі 1595 жылы Вельямин Степанов бастаған елшілікті қазақ ханы Тәуекелмен “Бұхар патшасы мен Қөшім патшага қарсы тұру” келісіміне келуге жіберді.

Мәскеудің бұл кезде қазақ даласында белсенді іс жүргізу мүмкіндігі болмаса да, Вельямин Степанов бастаған елшілік қазақ жүздерімен байланыс орнатты. Сойтіп, орыс-қазақ қатынастарының бірінші, яғни XVI ғасырдың сонына дейінгі кезеңінде, Сібір хандығына қарсы орыс-қазақ өскери-саяси одагын жасау мақсаты қойылды. Бірақ бірін-бірі қорғау, жақтау, сүйеу мәселесінде жетістікке жету мүмкін болмады. Ал мәмілегерлік қатынас және Мәскеу мемлекетімен сауда байланысы жалғаса берді.

Қазақ-орыс мәмілегерлік қатынасының дамуы керуен саудасының өркендеуіне әсер етті. Қазақтар базарға мал, сұт, ет өнімдерін, басқа да тауарларды шығарды. Тобылға келіп түскен орыс тауарларының негізгі бөлігі Сібірдің ішкі сұранысын қанағаттандырды, ал біраз бөлігі XVII ғасырдың сонына дейін Қазақстан, Орта Азия, Жонғария, Қытай базарларына шығарылды.

Қазақ хандығының аумағы арқылы Ресейден Орта Азия мен Сібірге қарай жол тартылды. Сауда жолы Тобылдан Орта Азияға Ертіс өзені арқылы Есілдің жоғары ағысына, одан Үлтытау арқылы Сарысудан Түркістанға, одан Сырдария арқылы Бұхараға жалғасты.

Орта Азия хандықтарына Қазақ хандығы арқылы жүре-тін тағы бір жол болды. Ол жолдың қысқаша сипаттамасы 1595 жылы Федор патшага елші Вельямин Степанов берген мәліметте кездеседі. Бұл жол Қазаннан Кама өзеніне және Башқұрт жері арқылы Уфаға немесе Уфандың баспай, Жайықтың жоғары ағысына ұласты. Одан өрі Ыргызың өзені және Қазақстанның шөл далалары мен Талас Алатауына қарай созылды. “... Қебі шөлден өлді, біраз бөлігі ғана Қазақ Ордасына жетті”, — дег хабарлаған В.Степанов.

Талас Алатауы арқылы Ташкентке де жол тұсті. Бұл жолдармен Ресей — Қазақстан арасындағы сауданың дәнеке-рі болған Орта Азия көпестерінің керуендері жүрді.

XVI ғасырдың соңғы ширегінде Сібірге апаратын жол Тұра өзені арқылы өтті. Сондыктан патша өкіметі ол жерді өзіне бекіту үшін 1586 жылы Тұмен қаласын салуга бүйрек берді. Бұл жөнінде Есипов жылнамасының Үндольский тізіміндегі “Мәскеуден әскери адамдар мен воеводалардың келуі және Сібірде Тұра өзенінде Тұмен қаласының салынуы туралы” деген тарауында былай жазылған: “1093 (григориан жыл санауында — 1585 ж.) жылы ұлы мәртебелі патшаның және ұлы князь Федор Иоанновичтің нұсқауымен бүкіл Ресейдің билеушісі атынан Мәскеуден Сібірге Василий Борисович Сукин мен Иван Мяснойды, олармен бірге Данило Чулковты әскери адамдармен жіберді. Бұл воеводалар Тұра өзенінде Тұмен қаласын салды, бұрын мұсылмандарда Чингидес қаласы деп аталған онда қасиетті шіркеу салынды”. Яғни, Тұмен ескі Шыңғыстөре қаласының орнына салынды. Шыңғыстөре қаласынан Жайықтың ар жағымен Орта Азияны қазак даласы арқылы байланыстыратын керуен жолы өткен. XVI ғасырдың соңында Тобыл мен Ертістің төменгі жағын Орта жүздің далалары арқылы Бұхарамен байланыстыратын сауда жолдары пайда болды.

XVII ғасырда Тобылдан Қазақстан мен Орта Азияға баратын үш жол айқындалады: Тобыл, Есіл және Ертіс... Сөйтіп, Қазақстан, Батыс Сібір біртіндегі Ресейдің сыртқы саясаты мен экономикасының ауқымына енді.

1697 жылы Тәуеке хан Тобылға орыс көпестерін шақырып Тәшім батырды жіберді. Қазақстанның Ресеймен сауда қатынасы XVI ғасырдың соңында Сібірге, Тұмен, Тобыл, Верхотуры, Тара, Том қалалары салынғаннан кейін өркендей түсті. Орыс-қазак қатынасын нығайтуға талпынса да, Тәуеке хан Ресейге төуелді болғысы келген жоқ. Тобыл өкімшілігіне берген хатында: “Біздің арамызда ізгі қарым-қатынас болады”, — деп атап көрсеткен. Тәшім елшілігі қалай аяқталғаны жөнінде құжаттар белгісіз. Алайда одан кейінгі орыс-қазак қатынастарына қарағанда нәтижесіз болмаған. 1689 жылдың соңында патшалық Ресейге Тұманшы батыр бастаған елшілік жіберілді. Ол да сауда қатынасын жаңарту, нығайту мәселесімен барады. Бірақ бұл байланыстар занды түрде құжаттандырылмаған.

Қазақ үстем таптары Орта Азиямен сауда қатынасын дамытуға да мүдделі болды, себебі салықтан көп пайда тусетін. Бұл пайда Сібірдегі орыс базарларында Ресей көпестерімен сауда жүргізуге мумкіндік берген.

1686—1690 жылдары Тәуке хан Сібірге бес елші жіберді, алайда олар нөтижесіз оралды. Соның бірі — 1690 жылы Тобылға келген Қабай бастаған елшілер. Бұлар Сібір өкімшілігіне орыс-қазақ байланысын екі жаққа тен құқықты негізде нығайту керектігін айтты.

Ресей өкіметінің өзі де Қазақ хандығымен өзара қарым-қатынасын өрістетуге мүдделі еді. XVII ғасырдың 90-жылдарында қазақ даласында Андрей Неприпасов пен Василий Кобяков, Федор Скибин мен Матвей Трошин бастаған елшілер тобы Қазақстан туралы көптеген мәліметтер жинайды. Осы мәліметтер негізінде 1697 жылдың 14 акпандары I Петрдің грамотасымен карта жасалынды. Онда елшіліктің Тобылдан Туркістанға, Бұхара арқылы Жайыққа, Еділге және Уфа арқылы Тобылға жүрген жолдары сзызылды. Осы картаның негізінде Семен Ремезов “Сібірдің Сызба кітабын” жазды. Онда “үш жұздің аумағы көрсетілді”.

С.Ремезовтің картасын ресейліктер қолданған. Алайда бұл картада Қазақ хандығы Балқаш көлі мен Шу, Сырдария өзендерінің аралығымен шектелген. Ал, шындығында, XVI—XVII ғасырларда Қазақ хандығының аумағы солтустігінде Сібірдегі орыс қалаларына дейін, ал солтустік-шығысында Ертістің жоғары ағысы мен Зайсан көліне дейін созылып жатты. XVII ғасырдың сонында солтустік пен солтустік-шығыстағы қазақ жерін біраз уақыт жоңғарлар отарлаған.

Сонымен, XVII ғасырда сауда-экономикалық байланысты кеңейту мәселесі бірінші орынға қойылады. Өзара елшіліктер жіберу жиіледі, сауда керуендерінің саны өсті. Өскери-саяси одақ жасау мәселесі де күн тәртібінен түспеді.

Шамилиденова Ф. Қазақ тарихы. 1995. №5. 52—58-бб.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ

Хандық өкіметіміздің құрылғандығы туралы мәселе XIX ғасырдың екінші жартысынан-ақ зерттелуі жағынан қолға алына бастаған. Мәселен, көрнекті шығыстанушы ғалымдар В.В.Вельяминов-Зернов пен А.Н.Харузиндер өздерінің ғылыми енбектерінде қазақ хандығының құрылғандығын атап көрсеткен. Бұл мәселе бұдан кейінгі XX ғасырдың алғашкы кезінде халқымыздың орта ғасырлар дәүірін зерттеуші

тариҳшыларымыз В.В.Бартольд, М.В.Вяткин, П.П.Иванов, М.Тынышбаев, С.Асфендияров, Б.А.Ахмедов, А.А.Семенов, С.К.Ибрагимовтер де өз еңбектерінде азды-көпті атап өткен. Ал осы ғасырдың 70-жылдарынан бастап үшінші бір буын — В.П.Юдин, Н.Мингулов, Т.И.Сұлтанов, К.А.Пищулина, М.К.Әбусейітовалар қазақ хандықтарына біраз көніл бөліп, өсіресе оның құрылған жылы туралы әркім өздерінше топшылайды. Сондай-ақ соңғы кездегі өз егемендігімізді алуымызға байланысты бұл мәселеге төртінші бір буын келіп араласа бастады. Олар туралы өз кезегінде айтамыз.

Алғашқы кездегі ғалымдар (В.В.Вельяминов-Зернов пен А.А.Харузин) хандықтың құрылуды туралы қазақ тариҳында талас-тартыс тумай тұрған кезде, мұндай мәселенің күн төртібінде онша қажеттілігі болмай тұрған мезгілде жазған еді. Сондықтан да олар бұл мәселеге онша жана шырлықпен қарамай: “Міне, осы жылды қазақ хандығының құрылған жылы деп алуға болады”, — деп түспалдан көрсеткен еді.

Ал екінші кезеңдегі ғалымдардың еңбектері Қенес дәүрінің кезіндегі тарихи зерттеу жұмысының жаппай жүре бастаған кезі. Бірақ, қанша дегенмен, отарлық үстемдік жасырын түрде болып, Ресей тариҳынан басқа елдердің тарихына онша мән берілмеген жағдайда жүрген еді. Орта Азиядағы және Еуразиядағы елдердің мекенжайы белгіленіп, этникалық ерекшеліктері анықталып, “мемлекеттік дәрежесі” белгіленіп, тарихы терең жазылмаса да, оны жазуға бет бұрган мезгіл де келген. Туган тарихымызға дәл осы кезеңде бүгінгі күндеңідей ерекше көніл болінгенде, халқымыздың тарихы туралы ел ішіндегі шежіре билетін көне көз карттардан сақталған тарихи аныз әңгімелерден көптеген деректер жазылып алынатын еді.

“Ұлттық тарих жылына” байланысты үйімдастырылған экспедиция кезінде: “Тарихи аныз әңгімелер билетін қарттар бар ма?” — деп сұрастырган кезімізде: “Бар еді, амал қанша, олар осыдан 10—15 жыл бұрын о дүниелік болып кетті”, — деген жауапты естисіз. Соған қарамастан, әлі де болса “Ел іші — алтын қазына” деп бекер айтқан ба? Батырлар туралы, хан, билер туралы қаншама мол деректер жинастырылды. Оған және бір дәлел: М.Х.Дулатидың Жәнібек пен Қерейдің Қозыбасы мен Шу жеріне келіп орналасқандығын дәлелдей түсетін тағы бір дерек бар. Шу бойының тұрғындары арасында екі сұлтанның тышқан жылы келіп орналасқандығы

туралы сақталған аңыздың қандай баға жетпес дерек екендігін көреміз. Бұл аңыз туралы төменде айтылады.

Тарихи зерттеу мәселеінің үшінші кезеңі XX ғасырдың 70-жылдарында басталады. Мезгілдің өзіне тән ерекшелігі—еліміздің тарихына көніл бөлініп, қоғамдық, саяси-әлеуметтік, экономикалық, этномәдени жағынан дамудың жаппай зерттеле бастаған кезі еді. Бұл мезгілде (XX ғ. 70—80-жж.) ғылыми мақалалар, көлемді тарихи зерттеулер шығып (Т.И.Сұлтанов, К.А.Пищулина, т.б.), халық өз елінің тарихын оқып-үйренуге жаппай ынта-жігерімен кірісе бастаған кезі. Оның басты бір дәлелі — бүгінгі таңда халқымыздың ертедегі тарихына байланысты шығып жатқан үлкенді-кішілі кітаптардың кітап дүкендерінің сөрелерінде көп түрмай, тез тараалып кетуі. Соңдықтан да халқымыздың көрнекті тарихшысы, ұлы бабамыз М.Х.Дулатидың 500 жылдық торқалы тойының атап етілуін және оның XV—XVI ғасырлардағы халқымыздың тарихы жайлы жазып қалдырған еңбектерін біз білуге тиісті. Олар туралы енді ғана жазыла бастады. Алайда ғалымның Жетісу жерінде Қазақ хандығының құрылған жылы туралы жазылған еңбектердегі пікірлер әртүрлі.

Бұл мәселе туралы соңғы кездे төртінші буындағы ғалымдарымыз да өздерінің ғылыми пікірлерін баспа бетінде батыл жаза бастады. Енді біз жоғарыда көрсетілген төрт кезеңдегі ғалымдардың алғашқы легіндегі М.Х.Дулатидың “Қазақ хандығының” құрылған жылы туралы жазған пікірлеріне қылқаша тоқталып өтелік.

Көрсетілген ғалымдардың арасында А.А.Семенов, А.П.Чулошников және С.К.Ибрағимовтердің пікірлері бойынша, “Жәнібек пен Керейдің бөлініп көшпү Әбілқайыр ханның хандығына ешбір әсері болған жоқ” дейді. Хандықтың не саяси, не этникалық жағына ешқандай өзгеріс тигізбекендігін жазады. Сонымен бірге бұл ғалымдар Қазақ хандығының өз алдына жеке хандық болып құрылған кезін XVI ғасырдың 30—40-жылдары деп көрсетеді. Біздің ойымызша, бұл пікірлер дұрыс емес сияқты. Оны мынадан байқауға болады. Біріншіден, осы бөлініп көшудің арқасында Қазақ хандығы құрылады. Екіншіден, осы көшудің әсерінен Әбілхайыр хандығы құлайды. Оның басты себебі: бөлініп көшү тек Жәнібек пен Керейден кейін тоқталып қоймай, одан кейін де бірнеше рет қайталанған. Оны жазба деректерден байқауға болады. Себебі, бөлініп көшудің кезінде Жәнібек

пен Керейдің қол астында адам саны 200 мыңға жеткен. Олай болса, бөлініп көшү Әбілқайыр хандығына әсер етпеуі мүмкін емес деп айтуға болады. Ал Қазақ хандығының жеke өз алдына хандық болып құрылған мезгілін XVI ғасырдың 30—40-жылдары деп көрсету ешбір сын көтермейді.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың ішінде С.Асфендияров пен П.А.Кунте өздерінің қурастырылған оқу қуралында М.Х.Дулатидан үзінді келтіріл, Жәнібек пен Керейдің бөлініп көшкен мерзімін 1455—1456 жылдар деп көрсеткен. Осы жылды өзбек халқының көрнекті шығыстанушы ғалымы Б.Ахмедов және қазақ халқынан шыққан алғашқы техника ғылымдарының білгір маманы әрі тарихшысы М.Тынышбаев та бұл көрсетілген жылды мақұлдаған. Алайда бұлар да көшудің не себепті болғандығына анықтама бермеген, тарихи жағдайға нақты көніл бөлмеген. М.Тынышбаевтың бір өзгешелігі — көшудің себебін ел аузында сакталған аңыз әңгімемен тығыз байланыстырады. Жәнібек пен Керейдің Шу, Хантау жерінде орын тепкен дігіне ерекше көніл бөлген.

Көрсетілген ғалымдардың ішінде үшінші буындағы ғалымдар — Т.И.Сұлтанов, Н.Мингулов, К.А.Пищулиналардың жазған пікірлері көніл аударуды қажет етеді. Халқыныздың орта ғасырлардағы тарихы туралы аса жемісті еңбек етіп жүрген Сұлтанов Қазақ хандығының құрылған жылына алғаш рет көніл болғендердің бірі. Ғалымның пікірі бойынша, Керей мен Жәнібектің Әбілқайырдан бөлініп көшкен мерзімін 1459 жыл деп көрсетеді. Біріншіден, ғалым көшіп келу Могол ханы Есенбұғаның тірі кезінде болған оқиға дейді. Біздің оймызыша, бұған ешбір талас болуы мүмкін емес. (1462 жылы Могол ханы Есенбұғаның қаза болған жылы).

Ғалымның екінші бір дерегінде, Есенбұға мен оның бауыры Жұніс ханының арасындағы билік үшін таластартыстың әсерінен болған деп көрсетіледі. Егер олардың арасында ондай талас болмаса, Жәнібек пен Керейдің көшпеуі де мүмкін сияқты.

Үшіншіден, Қазақ хандығының құрылуы — ол тек Әбілқайыр хан қаза болғаннан (1468 ж.) кейін, 1470 жылы Жәнібек пен Керейдің көшіп келген жерлеріне қайта барып, билікті өз қолдарына алған кезден басталады деп тұжырымдайды.

Бұл пікірлерді тағы бір шығыстанушы ғалыммызы К.А.Пищулина қолдамайтындығын жазады. Ол өзінің

пікірінде Сұлтановтың Қазақ хандығының құрылуын өте кеш көрсетеді десе, екіншіден, қазақ хандарының Әбілқайыр хан қаза болғанша қарап отырмағандығын, оған дейін-ак көшіп келген жақтарына қарай жылжығандарын жазады.

...Сонымен, жоғарыдағы аталған зерттеушілеріміздің ғылыми пікірлеріне қарасақ, олардың деректері әртүрлі болыш, бір жерден шықпай отырганын көреміз. Тек соңғы ғалымның пікіріне өзіміздің қосылатындығымызды айтқыым келеді. Енді біз оны неге қостайтындығымызды дәлелдеп көрелік.

М.Х.Дулатидың көрсеткен жылдары дәл болмағанымен де, жазған тарихи оқиғаларының бізге басында бір бағыт көрсететінін өрдайым ескеріп отырганымыз жөн. Соңдықтан Керей мен Жәнібектің Жетісу аймағының батыс жағына келіп орналасуын дәлелдейтін және оның жылын анықтай түсетін басты төрт тарихи уақыфа бар. Міне, осы төрт тарихи уақыфа алғашқы қазақ хандарының көшіп келген кезінде, хандықтың шанырак көтерген мерзімінде, билікті өз колдағына алған уақытын да көрсетеді. Оның біріншісі — 1457 жыл. Қалмақ ханы Ұз-Темір тайшаның Әбілқайыр ханды жеңіліске ұшыратып кетуі. Керек болса, оның бір баласын аманатқа альп кетіп, 7 жылдан кейін қайтаруы. Екіншісі — Могол ханы Есенбұғаның 1462 жылды қаза болуы. Үшіншісі — Жұніс хан мен Есенбұға арасындағы шиеленісті кезі. Т.Сұлтановтың көрсетуі бойынша, шиеленіс 1458—1459 жылдары болған. Төртіншісі — Әбілқайыр ханның Могол хандығының жеріне жорығы және оның сол жылы қаза болуы (1468 ж.).

Бұл уақығалардың біріншісі мен үшіншісі қазақ хандары Керей мен Жәнібектің көшіп келіп Жетісуға тұрақтағанын анықтай түседі. Мәселең, Ұз-Темір Әбілхайыр ханға көктемде шабуылға бара жатқан жолында өздерінің жанұяларын Шудың бойына қалдырып кетеді. Ал жеңіспен қайтып келіп, жанұяларын альп, өз жерлеріне кетеді. Бұл туралы жазба деректерде де хабар бар. Сонда, егер жоғарыда біз көрсеткен кейбір ғалымдарымыздың пікірі бойынша, Керей мен Жәнібек Шу бойына 1457 жылға дейін көшіп келген болса, қалмақтар өз жануяларын Шу бойына қалдырғаған болар еді. Жәнібек пен Керей, Жетісүдің батыс аймағына тек қалмақтар кеткеннен кейін, қара күзде көшіп келіп қоныстанған. Бұл пікірді М.Елеуұлы өзінің “Шу өнірі: аныз бер тарих” деген мақаласында қолдайтынын жазған. Бұл аңызды Б.Кәрібаев өзінің мақаласында өте орынды пайда-

ланған. Бұған қосымша екінші бір дәлел — жазба деректердің айтуы бойынша, Могол ханы қалмақтардың осы шабуылдан қорғану үшін де Жәнібек пен Қерейдің өз жеріне келіп қоныстануына қарсы болмаған.

...Жазба деректердің хабарына қарағанда, Могол хандары ағайынды Жұніс пен Есенбұға арасындағы шиеленіс Т.Сұлтанов көрсетіп отырған мерзімнен өлдеқайда ерте — 1455—1456 жылды басталған еді (Мұхаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. Ташир., 1996. 108-109-бб.). Ал ғалым көрсетіп отырған мезгіл ол шиеленістің ең жоғарғы шегіне жеткен кезі емес пе? Сондықтан да Есенбұға хан қазақ хандарының ертерек көшіп келуіне де қарсы болмаған. Оған қосымша дәл келген мерзім — 1457 жылды қалмақтардың Өбілқайырды женіліске ұшыратып кетуіне де сәйкес келіп отыр. Сонда көшіп келу мезгілі 1457 жылдың қара күзді немесе аңыз бойынша тышқан жылдының соңғы кезі.

Төртінші уақыға туралы жоғарыда аздал айтып өттік. Бұл жерде айтылатын басты мәселе — кейбір ғалымдардың пікірінше, Қерей мен Жәнібек Өбілқайыр хан өлген соң билікті өз қолдарына алғаннан кейінгі кез — 1470 жылды Қазақ хандығының құрылған кезі деп есептеген дұрыс дейді.

Бұл уақығаны көрсетіп отырған басты себебіміз, біріншіден, Өбілхайыр ханның қаза болған кезін тышқан жылы деп жаза тұрып, оны хижраның 874 жылды деп қателесіп, сиыр жылдың көрсетеді. Жалпы, мүшел жыл мен жыл аттарын көрсететін ел аузында сақталған аңыздар ешқашан қателес-пейтінің ескерген жөн. Мәселен, Махмұт ханның түрік сұлтаны Мехмед Фатихқа жолдаған хаты тауық жылы, хижра жылы бойынша 870 жылдың 5 ақпанында жазылғанын есепке алыш қарағанда, шындығында тышқан жылдының 1468 жыл екендігіне көз жеткіземіз. Сондықтан Шу бойында ел аузында сақталған аңыз бойынша, қазақ хандарының тышқан жылы көшіп келген мерзімі жазба дерекпен де сәйкес келеді. Олай болса, көшіп келу 1457 жылды екендігіне ешбір дау болуы мүмкін емес...

...Енді біз Хантау аймағында жүргізілген палеонтологиялық зерттеу жұмысы кезінде Жәнібек сұлтан туралы ел аузында сақталған аңызға тоқталайық.

Бірінші аңыз — Хантаудың солтүстік-шығыс жағында Жәнібек сұлтанның қорасы деген тарихи орынның сақталуы. Қора ұзындау келген. Дөңгелек жартастың ортасын қора үшін пайдаланғандығы бірден байқалады. Қораның

жер табанында көннің сақталғандығына қарағанда, оны 1950—1960 жылдарға дейін пайдаланған. Қораның терістік жағында жартастың етегінен төбесіне қарай кеңдігі 1 метр 30 см келетін, ұзындығы 25 метр тасты жарып, үстіне көтерілетін саты жасалған. Бізге бұл деректі беруші Мұқатаевтың айтуы бойынша, бұл сатыны “Хан сатысы” дейді екен. Былай алып қарағанда, расында да сатыға үқсас. Бірақ ол табиғи ма, жоқ әлде қолдан жасалды ма, ол жағы белгісіз. Ал сатының онтүстік жағында, кораның ішінде 30 метр жерде ұзындығы 10 метр, биіктігі 2-3 метр келетін бір тасты байқаисыз. Бұл — ханың мініс атын байлаған жері дейді. Тастың түбінде жалпақ тастандардан қалап жасаған ақыры болған көрінеді, оны соңғы кездері маңайдағы қойшылар бұзып кеткен төрізді.

Екінші аңызда (бізге дерек айтушының сөзіне қарағанда), осы Жәнібек сұлтанның қорасының батыс жағында онтүстікten солтүстікке қарай өтіп жатқан “Хан оры” деп аталатын оп бар екен, ол сол орды көрсетті. Оның сөзіне қарағанда, бұл жер “Хан арығы” немесе “Қан арық” деп те аталатынын ескертті. Аңыз бойынша, бұл орды кезінде Жәнібек сұлтан салғызған деседі. Қырғыздар өздерінің елшілерін Жәнібек сұлтанға жіберіп, бір баласын өздерінен хан етіп беруін сұратқан деседі. Хан бір баласын елшілерімен бірге аттандырады. Қырғыз елшілігі қайтып бара жатқанда, алдарынан құландардың бір үйірі шығып, хан баласын желіктіреді. Бала оларды ұстамақ болып артынан қуа шабады. Қуып бара жатқанда, бала аттан құлап, жазатайым қаза болса керек. Жәнібек сұлтан сол баласының кегін алу үшін осы ұзын орды қазғызып, құландарды орга қарай айдал қырғызған көрінеді. Бұл ордың “Қан арық” деп аталып, ел аузында сақталуы осы аңызға орай көрінеді.

Үшінші аңыз бойынша, осы Жәнібек сұлтанның қорасының батыс жағында, Хан таудың шығыс жағындағы бір шетінде Бала Хантау, Орта Хантау, Үлкен Хантау деген тау атаулары сақталған. Бізге осы деректі берушінің айтуы бойынша, таудың басында Үлкен хан отырған, екіншісінде Кіші хан, келесісінде Орта хан отырған тастан жасалған тақтар бар екен дейді.

Бұл аңыздардағы көніл бөлетін басты мәселе — Жәнібек сұлтанға байланысты жер аттарының және оның қорасының табылуы, оның жазба деректермен сәйкес келуі. Үлкен, Кіші, Орта хандардың ол кезде болғандығын көрсететін хан тақ-

тарының орындарының кездесуі жазба деректердегі Ұлы хан, Кіші хандардың болғандығын негұрлым дәлелдей түседі. Ал қыргыздардың Жәнібек ханының бір баласын хан болуга сұратып жіберуі — сол кезде тек Шынғыс тұқымынан шыққандардың ғана хан болуға құқығы бар екендігін байқатады. Және бұл кезде Могол хандығы ыдырап, олардың барлығы Шынғыс Түркістанға қарай ауған кезін көрсетеді. Ал бұл мезгіл Қазақ хандығының нығайып, көрші жатқан елдерге таныла бастаған кезі.

Зерттеу кезінде Хантаудың сай-салаларынан, құнгейлі шатқалдарынан осы мезгілге жататын жүздеген қыстаулардың орындарының табылуы — қазақ хандарының құрамына кірген ру-тайпалардың тұрақты үй-жайларының жүрті (орны) екендігін көрсетсе керек. Ал М. Елеуұлының “Жәнібек пен Керейді Шу бойына қала салғызыпты” деген пікірінің өзі қазақ хандарының жартылай көшпелі тұрмыс бастағанын да дәлелдей түседі.

Сонымен, бұл тарауды қорытындылай келгенде, Шу аймағына Керей мен Жәнібектің көшіп келген кезі 1457 жылдың қараша күзі десек, ал 1458 жылы көктемде Керейді хан көтеріп, Қазақ хандығының түпкілікті құрылған жылы дейміз. Ал Жәнібек пен Керейдің билікті алған 1465—1466 жылдары хандықтың күшіне бастаған, өзінің көшіп келген жағы — Оңтүстік Қазақстандағы иеліктерін қайтарып ала бастаған мезгіл деп тұжырымдаймыз.

Жолдасбаев С., М.Х. Дулати және XV—XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы. А., 2000. 20—33-бб.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ХАНДАР БИЛГІ

XVIII ғасыр басында қазақ қоғамының саяси құрылымы мен ата-бабамыздан келе жатқан этноқауымдық бірлестігінің тағдыры еріксіз дағдарысқа үшінраган. Бұл саяси ахуал Жонғария тарапынан болған шапқыншылықтарды былай қойғанда, Ресей мен Цин империяларының қазақ халқына қарсы сыйртқы саясаттарының нәтижесі еді. Осынау тарихи жағдайда сол уақытта көзімен көрген ұлы жырау бір ауыз өлеңмен былай сипаттайды.

Былай барсан, қоқан бар,
Қоқандаған әкең бар.
Былай барсан, қалмақ бар,
Күшінді еппен алмақ бар.

Былай барсан, орыс бар,
Баланды берсен, қоныс бар.
Былай барсан, қытай бар,
Жапырағынды бұтай бар.

Екі шумақ өлең аясына сол уақыттың әскери-саяси ахуалы ғана сыйып тұрған жоқ, сонымен бірге қазақ даласына сұғын қадаған елдердің саяси талғам-тәсілі мен басқыншылық тактикалары да аңғарылады. Осындай жагдайға қарамастан, аталмыш ғасырда қазақ қауымы дәстүрлі саяси құрылымы мен әлеуметтік даму үрдісінен айырылмай, өзін қалыпты жағдайда ұстай білді.

Дала өркениетінің құрамды болігі болып табылатын дәстүрлі қазақ қоғамында биліктің екі түрі: саяси және потестарлы жүйесі орын алғандығы қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы мен даму тамырлары теренде жатқанын байқатады. XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы мемлекеттіктің далалық дәстүрлерін бойына жинақтаған иерархиялық әлеуметтік-саяси құрылым болып табылады. Кез келген этностың мемлекет болғандығының үлгісі сол халықтың басына келген топтың жоғарғы билігін занды деп мойындау болатын болса, қазақ қоғамы сословиелік құрылымы жетілген, қалыптасқан этноәлеуметтік организм екені аян. Қазақ хандығында жоғарғы мемлекеттік саяси билік хандар мен сұлтандар қолында шоғырланған. “Хан” деген атақ Еуразия кеңістігінде өмір сүрген түркі және монгол халықтарына ортақ екені осы ел көне ескерткіштері арқылы мәлім. Осыған орай Құрбанғали Халид еңбекіндегі: “хан” түркі тілінде ерекше көnl болінетін — ұлық, шен сөзі арабша “әмір”, “падишах” деген сөз осымен сарындас. Ханнан да жоғары дәрежеге “хақан”, яғни хандар ханы, кейбір батыс елдеріндегі “император” дегені осыған сай келеді деп атап өткен. Қазақ қоғамындағы билеушілер туралы орыс құжаттарында біршама деректер келтірлген. Солардың ішінде хандық билік туралы “Брокгауз-Ефрон сөзіндегі” арнайы мақала берілген. Онда: “Хан—татар текстес шығыс халықтары билеушілерінің лауазымы, оның ертедегі түрі қаған болуы мүмкін” дей келе, хандық билік институттарының құрылымы мен жүзеге асу жолдарын көрсетеді.

Қазақ қоғамында хандар харизмалық билік өкілдері болған. Харизма сөзін грек тілінен аударғанда — “тәнір сыйы” деген ұғымды білдіреді. Қазақ халқы түсінігіндегі баламасында “ел үшін тәнір сыйлаған күт” немесе ерекше қасиеттер

дарыған “иелі, киелі тұлға” деген ұғымды білдірген. Осы аталған сөздер халық санасында қандай ұғымды білдіріп, қай мағынада қолданылған? Бұл туралы көрнекті ағартушы III. Уәлиханов былай деп жазады: “Қазақтар киеге үлкен мән береді. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жаңуарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталғанды құрмет тұту, ырым жорасын жасап тұру адам баласына байлық пен бақыт-құт әкеледі деп түсінеді. Ал осы кәделерді ұстамау, киелерді құрметтемеу — жоқшылыққа душар етеді. Жан-жануалар мен заттардың киесін қадірлемеу — киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары кесірі деп аталады”. Демек, зерттеуші этнограф “құт” халық өміріне бақыт пен байлық әкеледі деп түсіндіреді.

Халық ұғымында “құт” сөзі бақыт, байлық, молшылық мағынасында қолданылғанын ел аудында сақталған “Құтты қонақ келсе, қой егіз табады, құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады” сияқты мақал-мәтелдер айғақтаса керек.

К.Ибраева Еуразия кеңістігінде өмір сүрген түркі халықтарының жалпыға бірдей ортақ мәдениетін және өзара ұқсастығын айта келе, “құт” сөзіне анықтама берген. Зерттеуші түркі халықтарына ортақ “құт” сөзін көне ирандықтар түсінігіне сәйкес патша билігінің харизмалық екенін анықтайтын “фарн” терминімен катар қойған. “Фарн” терминін аударғанда, “қайырлы тағдыр”, “бақыт”, “патша мәртебесі” деген мағынада қолданылатынын атап өткен.

Дала өркениетінің құрамды бөлігі болып саналатын дәстүрлі қазақ қауымы ақ киізге көтеріп, қастерлеп сайлаған хандарынан халыққа бақыт, байлық, тыныштық әкеледі деп көп үміт күткен.

XVIII ғасырда Абылай ханға кеңесші болған атақты Бұқар жырау:

Қойға қошқар құт болса,
Қозы құрттан өлмейді.
Ел иесі құт болса,
Халқы ала болмайды, —

дейді.

Ал тарихымызды этномәдени тұрғыда қарастыруға мүмкіндік беретін халық ауыз әдебиеті мен оның кіндік тұлғаларының бірі — Мәшінүр-Жұсіп шежірелерінде айттылған: “Астында — тіреуі, үстінде байлауы жоқ, садағын сагымга

ілген" баланың Алла өмірі мен дүниеге "хан" болу мақсатында келгенді туралы әңгімелері хандық билікке деген халық көзқарасын аңғартса керек. Мәселен,

Бұқар ханы айтты:

— Өй, балам, мен артық па, Абылай артық па? — деді.

Бала:

— Абылай артық. — деді.

Бұқар ханы:

— Абылай менен қалайша артық болады? — деді.

Бала:

— Абылай атасы садағын сағымға көтерткен Нұрдан пайда болған. Сіздің атаңыз — Ақ маңғыт, Тоқ маңғыт. Біздің қазақтың балалары ойнағанда: "Маңғыт, аузына саңғыт", — деп ойнайды. Түбі тегің маңғыт жақсы болатұғын болса, ауызға өй деп алынбас еді, — деген жауабынан байқауға болады.

Қазақ менталитеті салт-дәстүрін жақсы білетін Шыңғыс хан ұрпағы III. Уәлиханов қазақ арасындағы, яғни этноәлеуметтік құрылымынан орын алған "ақсүйек" аталатын төрлер туралы жаза келе: "Халық ұғымында олар күн нұрынан жаратылған, демек, ерекше жаралған, тәнірлік тегіне қарай билік пен құрметке бөленіп жүреді", — деп атап көрсеткен.

Бұл пікірді XVIII ғасырда қазақ даласына саяхат жасаған неміс этнографы И. Георги де қуаттайды. И. Георгидің айтуынша: "Қазақтар хандарының ырқына қатты көнбекенмен, ерекше қасиетті тұлға ретінде құрмет тұтады".

Патша үкіметі қазақ даласын отарлау мақсатында өз бағдарламасын жүзеге асыру үшін жекелеген билеушілердің күші мен беделін пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармағанымен, хандық биліктің өлсіреуін көздеген. Бұған генерал-губернатор И. Неплюевтің сөзі айғақ бола алады.

XIX ғасырдың бас кезінде қазақ қорамы мен оның по-тестарлық саяси жүйесіндегі хандық биліктің маңызын түсінген орыс шенеуніктері хан сайлау рәсіміндегі ен түйінді шешім — ақ киізге көтеруіне тыйым салады. Бұдан патша үкіметінің ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан дәстүрлі мемлекеттік жүйені талқандаумен мақсатты түрде айналысқанын байқауға болады.

Ғасырлар бойы сакталып келе жатқан: "Ханға қарсылық — Құдайға қарсылық", "Хан баласы көпір болса, басып өтпе" дейтін ұғымдар хан тұқымының ерекше әлеуметтік құқығын ғана емес, хандық биліктің қасиеттілігін ел сана-

сына орнықтыру міндетін көздейді. Бұдан хан билігі идеологиялық түрғыда негізделіп, қоғам санасынан берік орын алғанын көреміз. Осы орайда мемлекеттік саяси билік тұғырына көтерілген идеологияның ең бір белгісі — шынғысшылдық болды.

Қазақ мемлекетіне тән саяси билік дәстүрі өз өзегін көне түріктер дәуірінен бастау алған. Ұлы далада өмір сүрген Алаша хан, Ұыз хан, Шынғыс хан енгізген “жаңа тәртіп” дәстүрлі мемлекеттілік ірге тасын нығайта түсіп, бұдан әрі даму барысында Шынғыс үрпақтарының жоғары саяси билікке ие болу құқықтарын бекітеді.”Жаза” ережелері далалық құқық тәртібін нығайтып, әлеуметтік топтар мәртебесін анықтайды және ол уақыт өткен сайын идеологиялық, психологиялық бағыныштылыққа айналады.

Бұл жөнінде шынғыстанушы В.П.Юдин: “Шынғыс хан мен оның үрпақтарының тарихи қызметі үрдісінде қалыптасқан шынғысшылдық шаманизм нышандарымен толыға отырып, олардың жаңа жүйесінде осынау аңыз-әңгімелер татар-моңғолдар үшін өздерінің әскери құдіретіне барабар қуатты рухани күш болды. Алайда шынғысшылдық дін ғана болып қойған жоқ. Шынғысшылдық көзқарас, идеология, философия, қоғамдық құрылымы пен әлеуметтік институттар құрылымының кепілдік шаралары, саяси һем құқықтық жүйе, мәдени доктрина, ағартушылық арқауы, отбасы мен қоғамдағы тәртіпті реттеу қуралдары болды.... шынғысшылдық Шынғыс хан тұқымының жоғарғы билікке деген құқықын дөріптеді. Шынғыс тұқымынан шықпагандарға хан атағын беру — түрік-моңғол және басқа халықтар санасында заңға қайшы, кейде тіпті адамгершілікке жатпайтын қарекет саналды. Мұндай қарекет оны жүзеге асыруға бел буган кісіні жалпы заңнан тыс қояр еді”, — деп жазады.

Алғашқы қазақ хандарының заманынан бері қарай хандық биліктің мирасқорлығы сакталып келген, бірақ тікелей атадан балаға мұраланудың қатаң тәртібі болмаған. Мәселен, хандықтың негізін салушылардың бірі Керей қайтыс болғаннан кейін, оның шөбере інісі Жәнібек, Жәнібектен соң Керейдің ұлы Бұрындық, Бұрындықтан соң Жәнібектің ұлы Қасым хан болған, одан соң хан тағына оның ұлы Мамаш отырған. Осылай жалғаса береді. Қазақ хандығының бұдан кейінгі тарихында хандық биліктің тікелей мұрагерге көшуі одан сайын сирей берген. Мұрагерлік мейлінше демократия-

лы тәсілмен шешілген. Ағайынды немесе аталаң сұлтандар арасынан беделді ата немесе әке баласы, оның ішінде де ел арасындағы беделділер хан көтерілген. Ол Хан кенесінде шешілген. Ежелгі дәстүрге сәйкес, хандық ағадан ініге көшіп отырған. Ханың балаларынан ханың інісі үлкен деп саналған, бірақ бұл құқық кейде бұзылып отырған. Қазақ хандығында хан майорат тәртібімен сайланған, яғни жасы үлкен билікке ие болғанда, кішісі байлыққа ие болған. Мирасқорлық дәстүрінің негізіне меритократия ұстанымы алынған. Жалпак тілмен айтқанда, сирек кездесетін ақыл-парасаты және қоғамға нақты саяси ықпалы бар адам хан болып сайланған.

Демек, қазақ хандары тұрмысымен емес, тұлғасымен мұрагерлікке жеткен, ағайын-жекжат үміткерлер арасынан озып шыққаны хан болған. Яғни, ханың жеке басына тән қасиеттері үлкен рөл атқарған. Ұлы көшпелі империялардың тағдырына сипаттама бере келіп, В.Радлов: “Осы мемлекеттер басында тұрған тұлға өзінің қолындағы орталық өкімет билігін босаңсытып алса, онда оның қарамағындағы тайпалар одағы ыдырап, бөлшектеліп, өзара қырқысқан немесе басқа билеушінің құрамына еніп, жаңа мемлекет құрған”, — деген екен.

Қазақ қоғамының мемлекеттік құрылымындағы мұндай ерекшелікті өткен замандағы орыс мәмілегерлері мен оқымыстылары бірден байқапты. XVIII ғасырдың 30—40-жылдарында Ресей мен Қазақстан арасында елшілікте жүрген Тевкелев пен Орынбор шекаралық шебі құрылып, кейін губерния болғанда, осы өлкे өкімдерінің бүкіл қарым-қатынас хат қағаздарын жүргізген және Орынбор тарихының авторы П.И. Рычков хан тағына мұрагерлік жөнінде: “Хан мұрагерлік тәртіппен сайланбады. Ру басылар кімді таңдаса, сол хан болған, оның билігі мен абыроны хан тағына байланысты емес, ел ісін атқара алатын ширақтығы мен ақылнина байланысты”, — деп көрсеткен.

Осы дәстүр жөнінде қазақтар туралы орасан зор этнографиялық мәліметтер қалдырған зерттеуші А.Левшин: “Канша жерден хан мұрагері ақсүйек болғанмен, ол ақылымен, ел ісін атқара алатын парасаттылығымен және т.б. қасиеттерімен ерекшеленіп, дауыс берушілердің ойынан шықпаса, онда ол халық сайлаудында көп дауыс ала алмайды”, — деген.

Хан сайлау — сұлтандар мен ру-тайпа өкілдерінің қатысуымен өтетін “хан көтеру” құрылтайында өтіп отырған.

Бикенов А. Қазақ тарихы. 2000. №3.

“ЖЕТИ ЖАРҒЫНЫҢ” ТҮП ТӨРКІНІН ТҮСІНДІРУ

Қазақ халқының әдет-ғұрып заң нормалары мен этикалық қағидалары — ғасырлар бойы үзак жинақталған, біртебірте жазылмаған заңға айналған жол-жоба.

Қай халықты алыңыз, бәрінің де әдет-ғұрып заңдарына рухани сезімі, елдің физикалық, географиялық табиғи жағдайлары, қоғамдық-әлеуметтік өмірінің түрі, экономикалық хал ахуалы, ғылым мен көркеменерінің осіп-өркендеу дәрежесі, оның үстіне, қанына біte қайнасқан мінез-құлықтары мен діни сенім-нанымы тікелей ықпал етеді. Міне, осылардың өсерінен құқықтық көзқарасы пайда болып, ол қоғамның мақсат-мұддесін қорғауға, елдің елдігін сақтауға, тәртіпті өз шеңберінде ұстап туруға арналады. Барлық халықтың осындай ерекше қасиеттері өздерінің әдет-ғұрпында толық көрініс табады. Бұл әдет-ғұрып өз кезегінде мемлекеттік заң шығару қызметіне де өсер етеді.

Ертедегі қазақ халқының әдет-ғұрып заңдары өте қаралайым әрі өз қоғамына ынғайлы есептеліп, ол заңдарды мұлтіксіз орынданап отырган. Оның орындалуын ханнан бастап, ру ақсақалдары, билер қадағалаған.

Ол замандағы заңгерлерді ешкім сайлап қоймаган. Билер билік айтуда қаршадайынан өуестеніп көп ізденген. Барлық дау-жанжалды ата-баба жолымен әділ шешкен. Қара қылды қақ жарып билік айтпаса, өз халқының әдет-ғұрып қағидаларын жетік білмесе, ел біrlігін ыдышратса, онда ол заңгер емес. Ердің күнін екі ауыз сөзben біріктіріп, айтқанын оңай орыннатқан билерді халық қастерлеген. Ол замандағы басты қағида — сот түзелмей, мін түзелмейді.

Әрине, хан ел ішіндегі ірі, маңызы зор мәселелерді шешкен. Ал ел арасындағы қылмыстық құқық мәселелерімен билер соты айналысқан. Билік айту — сонау ертеден түгел создін тұп атасы Майқы биден басталады. Билікке құмартақан адам кішкентай кезінен билік айтуда икемделіп, ел жағдайын жақсы білетін көнекөз қарттардан уйренген. Би — өз халқының тірі шежірешісі, заңын көп білетін заңгер болып қана қоймай, тілдің майын ағызатын суырыпсалма төкпе ақын, халқымен біte қайнасып, тұрмысына, әдет-ғұрпуна жетік болған саясаткерлер. Мұндай билердің кесімі жерде қалған емес.

О бастан-ақ қазақ билері екі жақтың қатысуымен ашық аспан астында, жиналған қалың көшпілік алдында, ешқан-

дай даярлықсыз, қағаз-қаламсыз бітістіреді еken. Қөпшілік қауым олардың сыншысы болған. Өділетсіз билерді халық құрметтемеген, екінші билік айтуға қатыстырмаган немесе екінші оның алдына ешкім жүгінуге келмеген. Ондай би абыройдан жүрдай болған. Керісінше, тұғансыз билердің тұра сөзін халық табанды жаттап алыш, жалпақ жүртқа жайып отырған. Сондықтан мұндай билердің шешімі хатқа түспей-ақ осы құнғе келіп жеткен ғой! Әлбетте, әділ би әркімнің қолынан келе бермеген. “Жұзден—жүйрік” дегендей, мындан біреуі ғана шығып, елді аузына қаратқан. Тәуке хан заманында үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, алшын Өйтеке би, қырғыздан Сәмеке би, қарақалпақтан Сасық би басқалардан сұрырып алға шыққан.

Қазақ тайпалары VIII ғасырдың өзінде-ақ “Ақсақалдар ережесі”, “Ата-баба жолы”, “Жөн-жосықтар” деп аталатын заң тізбектерін шығарған. Йасыда, Сауранда билер жиі-жі кенесіп, қоғамға зәру заң қағидалары талқыланып, бекітілген. Алаша ханның тұсында осындей бір кенесте қазакты үш жүзге бөлгөн деген аңыз бар.

Бізге жеткен деректер бойынша, Қазақстан аумағында өмір сурген тайпалар ислам діні тарамай тұрган кезде-ақ өзінің ерекше тарихи-әлеуметтік және саяси-экономикальық жағдайына орай “жарғы” деп аталатын зандарын қарастырып, ел салтына сінірген. Бұл халыққа түсінікті заң еді.

“Жеті Жарғының” негізі мен тұп төркіні туралы кесіп пікір айту тым қыын. Дегенмен де оны есте жоқ ескі заманнан, сол дәуірде өмір сурген түркі тектес ата-баба дәстүрлерінен, олар үстанған қағидалардан іздеуіміз керек. Қазақ әдет-ғұрып заң жобаларының бастауын сол бабалар дәуіріне тән әдettіk құқықтан бастаған жөн сияқты. Қоپтеген ғалым мұны Шыңғыс ханның “Жаса” жарғысынан іздейді. Енді біреулері: “Оған үш қайнаса да сорпасы қосылмайды, саф таза қазақ әдет-ғұрып зандары”, — дейді. Біздің пікірімізше, “Жеті Жарғы” — ежелгі бабаларымыздың, туысқан түркі халықтарының әдettіk құқықтарының жемісі, кейін әр дәуірдің өз үлесіне тиген жаңалық, өзгерістерімен, өсірепе “Ақсақалдар ережесі”, “Билер шешімі”, “Жөн-жосықтар”, сол секілді Шыңғыс ханның “Жаса” заңына негізделген “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы” секілді жол-жоба жоралғыларының тікелей әсер етуінен туындаған ірі зандар кодексі болса керек.

“Жарғы” сөзі қазақта — әділдік, шешім деген ұғымды білдірген. Тұпқі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жа-

ғына аудармай, дәл де әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тұра шешкен билерді халық: “Қара қылды қақ жарған” деп мадақтайды. Ол заманда бас кетсе де әділ сөйлеген.

Кезінде Орыс хан, Хакназар хан, Қасым хан, Есім хан тұсында әдет-ғұрып заңдарына ірі өзгерістер енгізілген. Алайда бұл өзгерістер бізге тұтас күйінде келіп жетпеген.

Қасым хан 1445 жыл шамасында туып, 1518 жыл шамасында дүние салған. Кейбір деректер бойынша, 1523 жылы, 70 жас шамасында қайтыс болған. Оның хандық құрған аумағы батыста Сырдарияның оңтүстік жағалауынан басталып, оңтүстік-батысы Түркістан қалаларына дейін жетіп, оңтүстік-шығыста Жетісұдың солтүстік бөлігіндегі таулар мен алқаптарды қамтыса, солтүстік-шығыста Ұлытау қыраттары мен Балқаш көліне тіреледі. Ал солтүстік-батыста Жайық өзені алабына дейін созылып жатты.

“Қасым ханның қасқа жолы” ел басқару ісінде ежелгі әдет-ғұрып үрдісіне сүйенген. Ал Жошы ханның екінші баласының тұқымы Орыс ханның бесінші атасы кейінге қалдырып кеткен әдет-ғұрып жол-жоба жоралғыларына өз дәуіріне сай кейір өзгерістер енгізгені әдебиеттен мәлім.

“Қасым ханның қасқа жолы” өзінің мазмұны бойынша ежелгі өскери-демократия арнасына барып тіреледі. XV ғасырдың сонында, XVI ғасырдың басында Бұхардың ишан қазылары қазақ өлкесіне діни үгіт таратып: “Ежелгі Жарғы заңын естен шығарындар, ол кекке табынатын дінсіздіктің ісі, оның орнына шариат қағидасын алып, соған ауысындар, ант бергенде: “Қек соқсын!” деп айтпандар, “Құран ұрсын!” деп, Құранды бастарына көтеріндер”, — деп үгіттейді. Бірақ халық бұқарасы оған селсоқ қарап, көп заман бойы шариат қағидасына ойыса қоймайды. Ұақыттың көбін мал бағумен өткізген халық бұқарасына шариаттық қағида-зандары оте қын болып көрінген. Оның үстіне, өз ата-баба қағидалары адамгершліктің биік мұраттарына керегар емес еді.

Бұл тарихи оқиғаларды жақсы білген Қасым хан саяси жағдайының шиеленіскең кезінде халық бұқарасына, билер тобының көптен бері қалыптасқан дәуіріне қарсы тұрмай, оларды қолдан, қуаттап, шариат зандарын бүтіндей алмай, халықтың тілегіне жақын, діліне сіңген әрі ерте заманнан оларға түсінікті “Жарғы” заңын қайтадан күштейді. Билердің кенесінде көптен ақылдасып, “Жарғы” ережелеріне мәнді өзгерістер енгізеді. Халық бұқарасы Қасым ханның ежелден қалыптасқан билер заңы — жарғыны жаңадан көтергенін ұнатып, оны “Қасым ханның қасқа жолы” деп атап кеткен екен.

Бұрынғы заң-қағидаларға енгізген ережелер:

1. Мұлік заны (мал-мұлік, жер-су, қоныс дауларын шешу ережелері).

2. Қылымыс заны (кісі өлімі, ел шабу, мал үрлау, үрлық, т.б. қолданылатын жазалар).

3. Әскери зан (косын үрлау, аламан міндеті, қара қазан, түлпар ат, ердің құны, т.б.).

4. Елшілік жоралары (шешенендік, әдептілік, халықара-лық қатынастардағы съпайылық, сөйлеу мәнері).

5. Жұртшылық заны (шүлен тарту, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер, жылу, асар, т.б.).

Өлбетте “Жеті Жарғыға” ислам діні мен оның құқықтық көрінісі — шариаттың әсері тимеді деген пікір зерттеуді қажет етеді. Өйткені ол — исламды насиҳаттайтын ақын-жыраулар ел ішінде көптеп шыға бастаған, қожаларды әрбір қазак пір тұтып, айтқандарын екі етпей жатқан кез еді. Әл-Фараби, Йасауи секілді ғұламаларды айтпағанның өзінде, діни уағыз дүркіреп тұрган-ды. Сондықтан діннің әсері болды. Бірақ ежелгі әдет-ғұрып жобалары жоғалмағаны да ақиқат. Сол тұстарда дүниеге келген өлең-жыр, қиссалар, нақыл сөздер бұл пікірімізді жоққа шығармайды. Қазак “Жарғысының” “шариат” заны талаптарымен ұштасып жатуының сырын арабтар мен қазақтардың көшпенде тұрмыс салтынан іздеғеніміз мақұл. Бұл екі халықтың әдет-ғұрпы бірбірінен онша оқшауланып жатқан жоқ. Оның үстіне, Құран адамзат баласының ең жақсы мураттарын өзіне қағида етіп алғаны хақ. Тек қазақтар исламның басты қағидаларын: бес уақыт намаз оку, ораза тұту секілді талаптарын орындаі бермелеген. Оған үнемі мал бағу, көшіп-қонудың әсері болған. Ал үрлық-карлық, қылымыс, қоғамдық өзара қарым-қатынас жайындағы аса маңызды заңдар мен этикалық қағидалар қазақтарда арабтардан кемшін не керағар еместігі айдан анық.

“Есім ханның ескі жолы” деп аталатын заң жобалары Қасымхан мен туысқаны Жәдік ханның немересі Шығай ханның баласы Есімхан заманында қабылданған. “Жошы ханның өүлетінде қырық жылдан астам тақта отырған тек Есім хан болған” деседі. Бұл деректі әлі де анықтай түсken дұрыс. Өйткені Қазақ Кенес энциклопедиясында “Есім 47 жыл (1598—1645) хандық құрды” десе, Қазақ КСР тарихында “30 жыл (1598—1628) хандық құрған” деп көрсетілген.

Есім хан көбіне ойраттардың шабуылына тойтарыс беру үшін жорықтарда жүрді. Сол себепті де, ол “Қасым салған қасқа жолға” көп өзгеріс енгізбесе керек. Бізге келіп жеткен деректер бойынша, Есім хан ердің құнына 100 жылқы және алты жақсы (6 түйе) кесім белгілеген. Ол бай-кедей, жасқөрі, қараша-сұltан демей, ерекк атаулының бәріне бірдей қолданылған. Одан басқа да үстеме: өнер құны, сүйек құны бар. Егер өлген адам батыр не ақын, жырау немесе би болса, сол өнері үшін үстеме құн алынған. Сол секілді өлген адамның сүйегі туысқандарының қолына тимей, ит пен құска жем болса, сүйегі үшін құн төлеген. Ал әйел құны алынатын қалың малы мөлшерінде белгіленген.

Тәуке хан зандарының неліктен “Жеті Жарғы” деп аталу этимологиясына тоқтала кетейік. Өйткені әлі күнге “Жеті Жарғы” деп не себепті аталғанын түсіндіру түпкілікті шешілмей келеді. Әрбір зерттеуші “Жеті Жарғы” деген сөзге өздерінше қарап, бір-біrine ұқсамайтын өзіндік мағына береді. Заң әдебиеттерінде “Жеті Жарғыны” — Жеті бидің туындысы, яғни жеті бидің қатысуымен қабылданған қазақ заңы деп тұжырымдайды. Мұны қолдаушылар зерттеушілер арасында әжептеуір орын алған. Мысалы, Н.И.Гродеков: “Тәуке ханның тұсында жеті би, яғни жеті жарғыш немесе жеті жарғы, жеті іс бітіретін қызыметкерлер жиналған”, — дейді. Л.А.Словохотов та: “Күлтөбеде Тәуке хан жеті би жинады”, — деп көрсетеді. Біздің бірқатар ғалымдарымыз да осы пікірді қолдайды. А.П.Чулошников “Жеті Жарғыны” — “жетеудің жариялауы” дейді. Кейде “Жеті Жарғыны” “Жеті жорғага” балайды: “Тәуке ханның жеті би болған, төрт аяғын тен басқан жорға секілді, жетеуі де тілге шешен, жүйірк екен, сондықтан да халық Тәуке ханның жеті жорғасы немесе жеті жорға атап кеткен”, — дейді.

Тарихта, соның ішінде, кошпелі Орта Азия хандықтарының тарихында күрделі өзгерістерді енгізіп, занды реформалауға қатысқан адам санымен алынған болса, олардың есімдері әлі халық жадында сақталған болар еді, бірақ адам санымен атау тіпті кездеспейтін жайт. Бірқатар деректерге қарағанда, Тәуке хан қырық рудан қырық би жинал, кенесіп отырған. Әлбетте 7 би емес, “Жеті Жарғыны” жүйелеуге көптеген билердің қатысқаны даусыз. Солардың ішінде беделді де ең басты үш бидің (Ұлы жүзден — Төле би, Орта жүзден — Қазыбек би және Кіші жүзден — Әйтеке би) атығана халық жадында сақталған.

Енді бір зерттеушілер “Жеті Жарғыны” былайша түсіндіреді: *Жеті* қазақта киелі санды білдіреді. Бұл сан шығыс халықтарында толықтықты, жан-жактылықты, көмелетке жеткендікті ұқтырады. Мысалы, жеті қазына барлық байлықты мезгесе, жеті қат аспан — шексіздікті, жеті ата — бүкіл ата-бабасын білдіре. Ал “жарғы” татар тілінде “жар” немесе монгол тілінде “дзар” — жариялау, шақыру, хабарлау, жар салу, анықтау. Өрине, қазақ тілінде тек 7 ғана емес, 8 де (сегіз қырлы, бір сырлы, сегіз пейіш, т.б.), 4 те (дүниенің төрт бұрышы, “Төртеу түгел болса — төбедегі келеді”, т.б.), 40 та (“Көнілім менің қырық жамау”, “Қызға қырық үйден тыю” т.б.) толықтық, жетілгендік мағынада қолданыла береді.

Біздің пікірімізше, “жеті” билердің санын немесе толықтықты, жетілгендікті білдірмейді. Тек қаралатын мәселенің санын ғана көрсетеді. “Жарғы” сөзі көне түркі тілінде — *йарлығ*, қазақша — *жарлық* мәнін білдіреді. “Жарлық” — өмір, заң, билік мағынасында қолданылған. “Кодекс Куманикста” “Жарғы” сөзі — дау, айтыс, тартыс, әдет-ғұрып заңы, өмір, билік, шешім деген мағынаны білдіреді. А.К.Арендс Алтын Орда тарихының материалдарының жинағында: “Джарга” сөзі түрік-парсы тілінде — қатар, жол, топ, ал “иаргу” сөзі монгол-түрк тілінде әдет-ғұрып заңдары, билік шешім”, — деп жазады.

“Жарғы” ежелгі түріктердің сөзі болып, ерте деуірлерден бастап-ақ әдет-ғұрып, заң нормаларында қолданылып келеді. Ауғанстанда “Үлкен Жырга” (Лойа Жирга) мемлекеттік жоғарғы өкілдік органы болып табылады. Ауғандар өз тай-паластарын шақырып, жалпы жиналыс — жырга өткізіп, онда тұрмыс-тіршіліктің ен қажетті де маңызды мәселелерін талқылап шешеді. “Жырга” мен “Жарғының” түп төркіні бір, ұқсас. Біздің пікірімізше, “Жеті Жарғы” — жеті жарлық, жеті дау, жеті шешім деген ұғымды білдіреді. Оларға: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал-мулік дауы, ұрлық-қарлық, айып-жаза, алым-салық, т.б. кірген.

Дау-жанжалды қарағаны үшін хан “хандық ақы”, билер “білік ақы” алған. Хандық ақы дауланған мал-муліктің бес-тен бір мөлшеріне, билік ақы оннан бір мөлшеріне тен болған. Сол секілді “жасауыл ақы”, “даушыға жіп кесер” ақысы алынған.

Өсерұлы Н. “Жеті Жарғы”. А., 1995, 13—26-бб.

VII тарау. КӨШПЕЛЛЕРДІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ДАНАЛАРЫ

КӨНЕ ТҮРКІ РУНИКАЛЫҚ ЖАЗУ ЕСКЕРТКІШТЕРИ

Тарихқа, бақ заманың деректеріне жіті көз тіксек, өзге түркі халықтары сияқты қазақтың да жазу тарихы әріден басталатынын, жазудың алуан түрлерін басынан кешкендігін көреміз. Тым арғы замандағы жазудың тегі суреттен басталғанын білеміз. Сурет жазуы алғашқы қауымдық дәүірде пайда болып, сол заманың бейнелеу өнерімен тұп тамыры бір бұтақта мәуеледі.

Қазіргі Қазақстан мен Орталық Азия аумағындағы ертедегі тайпалар өмірін бейнелейтін, тасқа қашап жазған мұндай жазулар жиі кездеседі. Бұл сияқты тастарға қашалған жабайы андар, хайуанаттар, адам бейнелері, аңшылық, садақ тарту, желекті наиза ұстая, жыртқыштан қорғану, ертедегі адамдардың киелі түсініктері, ғұрыптары мен би алуандас көріністері аң аулаپ, мал баққан ертедегі тайпалардың тұңғыш жазуы болып табылады. Тіл білімінің терминімен айтсақ, бұл — ертедегі сурет жазуы немесе пиктографиялық жазу.

Дүниеге келген әрбір жаңалық сол күйінде қатып қалмайтынын ойға алсақ, ертедегі сурет жазуы да сол пайда болған күйінде қалып койған жок, ол өмірге икемделіп өзгеріп, өрістей түсті. Осы жазудың негізінде үғымды білдіретін жазу, символикалық немесе идеографиялық жазу пайда болды. Ертедегі сурет жазуларымен қабаттаса келетін ай мен күн алуандас таңба нұскалары, рулық таңба белгілері және кейінірек замандағы өрнекті пішінмен оюлай салынған бейнелі суреттерді де идеографиялық жазуға қосамыз.

Бұл жазу түрінің Қазақстан жерінде ұзак сақталып, оның символдық көрініс нұскалары келе-келе қазақтың рулық ен-танбаларына айналып, тіпті кейіннен меншікті көрсетерлік белгі болып кеткендігін де байқай аламыз.

Алтай мен Тарбағатай жоталары, Сарыарқаның дарқан өнірі мен Алатау шатқалдарында қазірде бізге мәлім болған осындай жазу үлгілері бар. Сонымен бірге идеографиялық жазулардың бұлардан басқа да өлі көрінбей жатқан көп түрлері бар екенінде күмән жоқ.

Түбегейлек келгенде, түркі тайпалары арасында соншама кең тараган идеографиялық жазулар түркі тайпаларының “руникалық” тұнғыш әріптік жазуының (алфавитінін) шығуна да белгілі мөлшерде ықпал етіп, өсерін тиғізді.

Атақты орыс ғалымы Н.М.Ядринцев 1889 жылы Монголиядағы Орхон өзенінің құйылысынан ерекше үлкен төрт қырлы, биіктігі үш метрдей екі құлпытас тапты. Бұл ескерткіштердің төрт қырына қашалған жазу таңбалары түпнұсқа жағынан осыдан өлдекайда бұрын, XVII ғасырдан басталағы. Енисей өзені бойынан табылған құпия жазуларға, сыры жұмбак болып келген таңба алуандас жазуларға ұқсас болып шықты. Ал осы екі ескерткіштің төртінші қырына қыттай иероглифтерімен қашалған жазуды оқып көргенде, бұл ескерткіштің біреуі 732 жылы түркі ханының інісіне орнатылғаны анықталды.

Орыс ғалымдары В.В.Радловтың жетекшілігімен бұл құпия жазуды зерттеу бағытындағы жұмысты тоқтатпастан, арнаулығының экспедициялар үйімдастырды. Осы бір кезде фин ғалымдары да жұмбак жазудың сырын ашу үшін зерттеулер жүргізді. Осылардың нәтижесінде, жұмбак жазулардың Оңтүстік Сібір мен Монголиядағы ескерткіш нұсқалары жинақталып, жарияланған атластары жарық қөрді. Мұнда жазу таңбалары тұнғыш рет табылған жерлердегі өзен аттарымен аталатын (Орхон—Енисей жазуы), көне түркі тіліндегі руникалық жазулардың нұсқалық суреті көрсетілді. Бұл жазулар сыртқы нұсқалық көрінісі жағынан Скандинавия руналарына, демек, “құпия” таңбаларына біршама ұқсас болғандықтан, ғылымда шартты түрде “руникалық” деп аталаған кетті.

Руникалық жұмбак жазуларды шешуге бағытталған орыс ғалымдарының зерттеулеріне көз сала келіп, дат ғалымы профессор Вильгельм Томсен оны шешудің кілті жөніндегі өзінің қысындары мен жорамалының 1893 жылдың желтоқсанында атақты тюрколог В.В.Радловқа жолдады. В.В.Радлов бұған дейінгі зерттеулерін және замандас ғалымдарының жорамал қымылдарының ой таразысына салып, ұзак ізденудің нәтижесінде 1894 жылдың қантарында көне түркі тіліндегі жазылған Күлтегін ескерткіштеріндегі руникалық

жазудың тұнғыш аудармасын берді. Сөйтіп, Я.М.Ядринцев тапқан жоғарыдағы екі ескерткіштің біреуі — Білге қағанға (735 ж.), екіншісі оның інісі Құлтегінгे (732 ж.) қойылғаны мағлұм болып, мазмұны толық анықталды. Ғылым саласында ашылған бұл жаңаңың — тіл білімінің тарихи-салыстырмалы бағытын белгілеп, түркология ғылымын жүйеге келтіруде мықты қазық болды. Осыдан бастап түркология ғылымының негізі қаланып, оның өріс алуында жаңа кезең басталды.

Мұнан кейін XIX ғасырдың соңғы жылдарынан күні кешеге дейін руникалық жазуы бар басқа да тастар сол Монголиядағы Онгин, Селенга өзендерінің алқабында, Орта Азиядағы Талас өзенінің алқабында, т.б. жерлерде табылды.

Тастағы руникалық жазуулардан Қазақстан жері де мағұрмұ қалмай, өз бойына ата-бабадан ескерткіш етіп небір сырларды бүге берген. Рас, отыз жыл бұрын біздің республика-мыздың аймағында ұшырасатын бұл жазу жоқтың қасы деп есептелініп, тек қана айнадағы және Чагар-Могол жартасындағы жазудыға бәлетең едік. 1964 жылды Алматы облысы, Іле өзенінің бойындағы Кетпен тау жотасынан теріс-кей баурайында тасқа қашалған таңбалар, аңшы, хайуанаттардың толып жатқан кескінді бейнелерімен қатар руникалық жазу нұсқаларын үш жерден кездестірдік. Бұларға қоса, 1976 жылды Жамбыл облысындағы Талас өзені бойынан тасқа ойылған руникалық үш жазудың табылғанына куә болдық. Ал Талас руникалық жазуулары, негізінен, іргелес Қырғызстан жерінен табылғанды.

Көне түркі тіліндегі руникалық жазулар тек тастарға қашаумен тынбағандығы, ол үй жиһаздары, түрлі бұйымдарға ойылдып жазылғандығы да айқындала түсті. Саз балшықтан жасалған руникалық жазулар Ферғанада және Дон өзенінің құйылсызынан ұшырады. Алтай мен Хакасиядағы ескі мола қорғандарын қазганда, археологтер алтын, күміс табақтар мен құмыра тостағаншаларға және құміс қапсырмаса жазылған руникалық жазуларды тапты. 1799 жылды Венгриядан алтын бұйымдар қоймасы табылдып, жүртшылық оны “Аттила қазынасы” деп атап кетті. Таңғаларлық бір қызығы сол — бұл алтын бұйымдарға ойылған жазулар Талас, Енисей бойынан табылған руникалық жазулармен бір текстес, соларға үйлес. Профессор Ю.Немет бұл жазуларды түрікше оқып байқады да, бұларды X ғасырдағы түркі тайпаларының бірі, қазіргі Қарақалпақ халқының қалып-

тасуына үйіткүй болыпты деп саналатын печенег тайпасына жатқызды.

XIX ғасырдың бас кезінде ұйымдастырылған археологиялық экспедициялар шамандық, манихейлік, буддалық дін және заң мазмұнында VIII—IX ғасырларда қағазға жазылған нұсқаларын айқындағы. Ал Алатаудың оңтүстік өніріндегі Талас алқабынан ағаш таяқшаларға жазылған нұсқасы табылды.

Руникалық жазу тараған географиялық алқапқа барлау жасап көз салсак, ол Монголия мен Сібірден бері қарай басталып, Жетісүды қоқтей өтіп, Венгрияға дейінгі жалпақ аймақтың әр жерінен ұшырасып қалып отырады.

Мұндай бір аудандас жазу ескерткіштерінің кулашын осыншама кең жауығының үшін кездейсок құбылыс емес. Бұл осы жазуды тұтынған көне түркі тайпалары мен тайпалық одақтар XI ғасырдан бері қарай құрыла бастаған көптеген түркі халықтарының этникалық құрамына кіргендігінің айғағы. Осы ескерткіш тілі сол тайпалар мен тайпалық одақтардың диалектілік ерекшеліктерін, көне түркі тілінің диалектілерін анықтауда, түркі тілдерінің, соның ішінде, қазақ тілінің тарихи грамматикасын жасауда дәйекті негіз бола алады.

Түркі тайпаларының тұнғыш әріптік жазуы болған руникалық алфавиттің шығу тегі әлі күнге дейін шешілменген жұмбак. 1893 жылы осы жазудың кілтін тапқан профессор В.Томсен көне түркі руникалық алфавиті арамей (парсы-арамей) әріптік жазуының әсерімен шықты деген жорамал ұсынып еді. Тюркологтердің біразы осы пікірге қосылады. Ал екінші бір ғалымдар (Н.Аристов, А.Дж.Эмре, И.А.Батманов) бұл ешбір бөгде алфавиттің ықпалының-ақ өздігінен жасалып, түркі танбалары негізінде туған төл жазу деп санайды. Академик Ю.Клапроттың бір жарым ғасыр бұрын айтқан: “Руникалық алфавит көне грек (және финдін) жазуымен неізідес”, — деген пікірін толықтырлықтай деректерге біз соңғы кездеға тап болып отырмыз. Бұл саладағы ізденістеріміздің нәтижесі негізінен жарық көрді.

Осының бәрін тексере келе: “Көне түркі жазуы қашан, қай кезде пайда болды, бұл жазу дәстүрлінің әмір жасының ұзақтығы қаншалық?” деген сауалға тірелеміз. Шындығында, соңғы кезге дейін айтылып келген түркі алфавитінің пайда болуы V ғасыр деген жорамал дұрыс па? Бұған кейінгі жиырмада жылда табылған жазба деректер толық жауап берे алады.

Ертіс өзенінің оң қанатындағы көне қорым сырын паш етпек болған археологтердің бірі Ф.Х.Арсланова 1960 жылды қазба жұмысына кіріскең еді. Павлодар облысының Боровое селосы тұсындағы қорымының барлық белгілері мен сипаттарын зерттеп келгенде, археологтердің бәрі де бір ауыздан сөз етіп отырган моланы б.з.д. V—IV ғасырларға, сақ дәүіріне жатқызады. Замана сырын ішке бүккен түрлі бүйімдар, батырдың мәйіті мен тұлпары, кару-жарагы және жүген, сағалдырығына тағылған сүйек түмар табылды.

Сүйек түмар бұғы (марал) пішіндес етіп ойылған. Сүйек түмардың бір жақ бетіне руникалық көне түркі жазу таңбалары ойылған. Оны біз Ақ сықын — “Ақ марал” деп, ондан солға қарай оқыдық.

Түмардағы руникалық жазу ертедегі түркі тілдес көшпелі тайпалардың арғы аталары сақтардың алфавиттік жазуы болғандығын көрсетеді. Бұл жазу “Оңтүстік Сібір мен Қазақстандағы көшпелі тайпаларда руникалық алфавит тек V ғасырда ғана пайда болды” деген бұрынғы болжамның күмәнді екенін, алфавиттік жазу одан мың жыл бұрын қолданылғандығын дәлелдейді.

1960 жылы бүгінгі Шардара сүкйимасының түбіне айналған ескі қамалдар орнын қазған қазақстандық М.С.Мердиев Ақтөбе аталатын ескі мекенжайдан саз балшықтан жасалып күйдірілген мөр іспетті алқа тапқан еді. Осы алқаның бір жақ беті тегіс те, екінші жақ бетіне күйдірілгеннен кейін көне түркі руникалық жазу ойылған да, айналасы арайлы күн сөулесімен нұрландырылған. Бұл жазу екі жолдан тұрады. Ондан солға қарай оқығанымызда, көне түркі тілінде былай болып шықты: “Тігіт ас. Те алп ас”. Қазақшаға аударғанда: “Ханзадалар өuletіндегілер асыныңдар (алқаны). Міне, алып ас (Күшіген немесе алып Қарақұс)”.

1970 жылы Іле өнірінің тау бектеріндегі Есік қаласы іргесінен сақ дәүірінде (б.з.д. V—IV ғғ.) салынған үлкен қорым қазылды. Қазу жұмысына жетекшілік еткен — К.А.Ақышев болды. Мазардың ішінен алтынға бөлениген жауынгердің мәйіті, дұлығасы, алтын сапты қанжары мен семсері, түрлі ыдыс-аяқ және руна төріздес жұмбак жазуы бар күміс тостағанша табылды.

Аманжолов А. Қазақ тарихы.
1993. № 1, 18—21-бб.

ТОНЫҚӨК

Ақыл иесі, сөз иесі мен болдым.
Шұғай құзында, Қара құмда отырушы едік,
Киік жеп, қоян жеп отырушы едік.
Халық тамағы тоқ еді.
Жауымыз тегіс жыртқыш құстай еді.
Біз жемтік едік.
Солай отырған шақта Оғыздардан елші келді.
Елші сөзі мынадай:
“Тогыз оғыз халқына хан сайланды”, — деді.
Табғаштарға Құн Сұңғұнді жіберді,
Құтандарға Тонра Семді жіберді...
Сөзді былай жіберді:
“Азғана түркі халқы көшпелі еді,
Қағаны алып еді,
Ақылгөйі білгір еді.
Ол екі кісі тірі тұрса,
Сені — табғашты қырады, — депті, —
Шығыста — құтанды қырады, — депті, —
Мені — оғызды да қырады, — депті, —
Табғаштар түстікten шабындар, —
Мен терістіктен шабайын!
Түрк — сір халқының жерін жат баспасын!
Сол дүшпанды жояйық”, — депті.
Осы сөзді есітіп,
Тұнде үйқым келмеді,
Құндіз отырғым келмеді.
Ақыры қағаныма өтіндім.
Былай өтіндім:
Табғаш, оғуз, құтан — бұл үшеуі біріксе, біз
өз ел-жұртыйзыды сақтап қала алмаспсыз.
Жұқаны бұктеу оңай,
Жінішкені үзу оңай.
Жұқа қалындаса, (оны тек) алып бұктейді,
Жінішке жуандаса (оны тек) алып үзеді.
Шығыста — құтанға,
Түстікте — табғашқа,
Батыста — құрданға,
Былай кенесіпті:
Шығыста — түркі қағанын шабайық, — десіпті, —
Егерде шаппасақ,
қалай да бізді құртады.

Қағаны алыш екен,
Ақылгөйі білгір екен.
Қалайда қыратыны анық;
Үшеуіміз бірігіп аттанайық,
Оларды (сөйтіп) талқандайық”, — десіпті.
Түркеш қағаны былай депті:
“Менің халқым дайын, — депті, —
Түркі халқы толқуда, — депті, —
Оғуздар да дағдаруда”, — депті.
Ол сөзді есітіп,
Тұні бойы үйқым келмеді,
(Құндіз) отырғым келмеді,
Сөйтіп, ойланым.
... “Соғысамыз”, — дедім.
Көгмен жолы жалғыз еді, сұық дегенді есітіп:
“Бұл жол жүргүре жарамайды”, — дедім...
Жершіл (жігіт) іздедім.
Ақырында шөлді аздан кісі таптым.
“Өзім Аз жеріненмін, оны біл, — деді, —
Бір бекет бар, — деді, (одан өтіп) Ануға
барасындар. Сонда қонып (шықсандар,
ар жағы) бір аттық болады”, — деді.
“Сол жолмен жүрсе, болар”, — дедім, ойланым.
(Ойымды) Қағаныма айттым.
Әскерді жылжыттым,
“Аттанындар!”. — дедім.
Ақтермелден өте аялдаттым.
Атқа қайта қондырып, қарды бұздым.
Жогарыға атты жетелеп, жаяу,
Таяқ тіреп шықтық.
Төмендегі ерлер жоғары шығып,
Шың басынан әрі астық.
Азаппенен (төмен) түстік.

Йоллығетегін, Күлтегеін. Қоңа түркі жазба ескерткіші
(Аударған Жолдасбеков М.). А., 1986. 68—70-бб.

МАХМУТ ҚАШҚАРИ ЖӘНЕ ОНЫҢ “ДИУАНЫ” ТУРАЛЫ

Түркі тілдеріндүние жүзінде ең алғаш зерттеген — энциклопедист, ғұлама ғалым — Махмұт. Ол — Хусайн ибн Мұхаммедтің баласы. Әкесі Барысханда туған, кейін қызмет

бабымен Қашқарға барып тұрған (өскери басшы қызметте істеген сияқты, баласы Махмұт мүмкін сол қалада туған болуы керек, осыдан барып ныснысы Қашқарі атанған). Шамалап айтқанда, ол 1029—1038 жылдардың арасында дүниеге келген. Әкесі сол кездегі Орта Азияны билеген қаған тұқымдарынан, ақсүйек әuletінен шыққан.

Заманында алыс аймақтарға әйгілі болып, саяси-шаруашылық және қоғамдық-әкімшілік үлкен орталыққа айналған Қашқарда оқып (әлде жан-жақты дамып, гарышқа құлаш үрган сол тұстағы Орта Азияның не бір мықты басқа да шаһарлары мен кенттерінде — Бұхара, Нишапур, Самарқанд, Мерві, т.б. тұрып), білім алған Махмұт өз дәуірінің тенденсі жоқ ғұламасы еді. Классикалық араб тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін, олардың жалпы зерттелу дәрежесін өте жетік білген. Шығыс елдерінің (Қытай, Иран, Түркістан, Орта Азия, Еділ бойы, т.б.) әлеуметтік өмірі мен әдебиетін түбекейлі менгерген. Махмұттың ана тілі — Қарахан мемлекеті қағандарының, яғни Шығыс Түркістан түркілерінің тілі (ғалым оны “таза тіл” деп санайды). Ол тілде Іле бойын жайлайтын яғма, тухси, шігіл сияқты тайпалар сөйлеген.

М.Қашқаридың өмірі мен қызметі жайында тиісті мәліметтер жоқ. Бірлі-жарым деректерді оның дүниежүзіне белгілі бір-ак енбегінен алуға болады. Еңбек “Диуани Лұғат ат-турк” деп аталады (1070—1074 жж. Бағдатта жазылған). Бұл ат орыс тіліне де, қазақ тіліне де (басқа түркі тілдеріне де) “Түркі тілдерінің сөздігі” (енбектің мазмұны сондай), тағы басқа аттармен әр қылы аударылып жүр.

Махмұт ибн Хусайн бұдан бұрын “Түркі тілдері синтаксисінің асыл қазынасы жайындағы кітап” деген тағы да бір енбек жазған сияқты (автор оны “Диуанда” атап өтеді), бірақ ол әзір табылған жоқ. “Диуанның” да түпнұсқасы жоғалып кеткен, бізге жеткен жалғыз нұсқа-көшірмесі 1266 жылы жасалған, қазір Стамбулда сақтаулы (“Диуан” 1914 жылы сол жерден табылған болатын).

Оз енбегін қалай жазғандығы туралы ғұлама былай дейді: “Мен түріктер, түрікмендер, оғыздар, яғмалар, қырғыздардың қалаларын, қыстаулары мен жайлауларын көп жылдар бойы аралап шықтым, сөз жинадым, әр алуан тіл ерекшеліктерін үйреніп, оларды анықтап отырдым. Мен бұл істерді тіл білмегендігімнен емес, сол тілдердегі әрбір жеке айырым белгілерді бақылау үшін істедім. Әйтпесе мен тілдерді өте жақсы, жетік білетін мамандардың, жіті

анғарып, ескі мен жаңаны жыға танитын білімпаздардың бірімін” (1, 44).

Махмұт ибн әл-Хусайн сол кездегі (кейін өзі өңгіме ететін) түркі тілдерін жалпы бағдарлап шығу үшін оларды Румнан бастап, шығысқа қарай санап өтеді: печенег, қыпшақ, оғыз, иемек, башқұрт, басмыл, қай, йабаку, татар, қыргыз. Орналасу тәртібі жағынан қырғыздар Шын мемлекетімен көрші отырған. Одан әрі (күншығысқа қарай) шігіл, тухси, яғма, танут, қытай елдері орналасқан. Одан әрі тауғаштар тұрады — олар машины елі болып есептеледі. М.Қашқари еңбегінде сөз болатын тілдер, әрине, осы айтылған жиырма тілмен ғана шектелмейді. “Диуанның” өн бойында басқа түрлі халықтардың аты аталып, олардың тілдерінен мысалдар келтірілп отырады. Олар араб тілімен байланысты қаралады. Түркі тайпаларының орналасу тәртібін көрсету үшін М.Қашқари өзі карта жасаған (бұл — түркі халықтарының тарихындағы бірінші карта). Бірақ күні бүтінге дейін ол картаның сырты ашылмай келеді. М.Қашқари өкесінің туған жері “Барысхан” көрсетілген. Азды-көпті өңгіме болып жүрген еңбектерге қарағанда, ол картаның жүрек тұсы мен екі өклемсіне қазіргі Қазақстан аймағы түгел сыйған, оның бірсыптыра қалалары мен өзен-сулары атап көрсетілген.

...Қолжазба З томнан тұрады. Оның ішінде 8 тарау бар, әр тарауды бір кітап деп атаған. 1-кітап әліп әрпінен басталатын сөздерді талдаң зерттеуге арналған. 2-кітап дауысты дыбыстары (әліп, уау, ယай әріптерімен берілетін дыбыстары) жоқ сөздерді қарастырады. 3-кітап бір әріп екі рет қайталаңып келетін сөздерді зерттейді. 4-кітап ယай әрпінен басталатын сөздерді баяндайды. 5-кітап уш әріптен тұратын сөздерді, 6-кітап төрт әріптен құралған сөздерді, 7-кітап мұрын жолымен айтылатын дыбыстарды, 8-кітап екі дауыссыз дыбысы бар сөздерді талдауды ниет еткен. Әр кітапты Махмұт ибн Хусайн “есім сөздер” және “етістік сөздер” деп екі топқа бөлген. Олардың әрқайсысы өзара тағы да талай жіктерге бөлініп отырған. “Әр адам онай түсіну үшін, — деп жазады М.Қашқари, — мен араб тілінде қолданылып жүрген терминдерді пайдаландым” (1,455). “Түркі тілінің араб тілінен ешқандай кемдігі жоқ” деген пікірін де автор осы жерде айтып кетеді.

Галымның айтуынша, кітаптағы сөздер әрбір буындағы әріптердің өзара тәртіппері бойынша түзілген. Әр сөз араб тіліне аударылып, сол сөздің жұмсалуы жайында мысалдар

келтірілген. Мысалдардың көбі — халық аузынан жиналған, ақыл-кенес беретін, насиҳат айтатын, ғибрат алатын, үлгі-өнеге көрсететін парасатты сөздер, мақалдар мен мәтеддер, қанатты да қанықты тіркестер, қалып кеткен ойлар, тұрақты сез орамдары, өлеңдер, әдеби үзінділер (олардың түрлері мен мазмұн, жаңар, т.б. ерекшеліктері жайында жеке пікір айтуда болады). Сонымен қатар кітапта тарих, география, этнография, поэзия, фольклор, түркі тайпалары, түркі тілдерінің топтастырылуы, олардың тарихи фонетикасы мен грамматикасы, т.б. жайында келтірілген материалдар мен айтылған ойлар аз емес.

Сол кездегі алапат заманың ағымына қарай М.Қашқарі былай жазған еді: “Түркілердің оқтарынан сактану үшін олардың барлық іс-әрекеттерін берік ұстану — әрбір ақылды кісіге лазын және жөні де сол. Бұларға жақын болу үшін ең басты жол — олардың тілдерінде сөйлесе білу, сондықтан олар осы тілде сөйлеушілерге ықыластана құлақ қояды, өзде-рін жақын ұстайды, оларға зарап бермейді. Тіпті олар өз қол астында жүрген басқалардың күнөсі болса, һем кешіріп жібереді” (1.43). “Сенімді бір бұқаралық ғалымнан және нишапурлық басқа бір сенімді ғалымнан мынадай бір сез естіп едім, — деп жазады М.Қашқарі одан әрі, — олар бұл сөзді Пайғамбар айтыпты-мыс дегендей қылыш айтуда еді... “Түркі тілдерін үйрен, ейткені олардың билігі ұзак үақыт үстемдік құрады”, — дер еді” (1.44). Ұлы филолог Махмұттың жан-жүргегін тербелген арман осы түркі тілдерін үйрету болған. Оның сол кездегі Шығыс әлемінің, қала берді Батыстың қайсыбір түкпір-түкпіріне кең жайылып келе жатқан араб тіліндегі жазузы да тегін емес төрізді.

Бұл қысқаша бір өнгімені академик А.Н.Кононовтың сөзімен аяқтаймыз: “М.Қашқаридың “Диуаны” — қоپтеген түркі халықтары мен олардың тілдері жайында алтындей жарқыраган өте байыпты да тамаша байқауларға толы жи-наз, яғни теңеуі жоқ қазына”.

Бірер сез “Диуандағы” өлеңдер жайында

Зерттеліп отырған сөздің түр-тұлғасын, мағыналық ерекшеліктері мен қолдану аясын ашу үшін М.Қашқарі келтірген мысал өлеңдер тұтасымен алынған текст емес, үзінділер. Олар мағынасы мен құрылышы жағынаны әрқишли. Үш том кітаптың үзына бойына шашырап, әр жерде бір

жазылған (бір жерде екі жол, екінші жерде төрт жол, т.т. — одан артық емес).

Өлеңдер халық аузынан жиналған. “Диуанда” сонын үзінділері ғана берілген, олар екі жолдан немесе төрт жолдан ғана тұрады. Әр қос таған мен әр төрт тағанның айтайын деген ойы (мазмұн-мағынасы) әртүрлі. Тұтас оқып тұрғанда кісі өзара тоқайласып жатқан әр алудан ойдаң үстінен шығады, оны бірден түсіну кейде оңай да емес. Әр тағанның айттар ойын (мәнісін) өз алдына жеке бағалау қажет сияқты...

Құрышижанов Ә. Махмұт Қашқари және оның “Диуаны” туралы. Қазақ тарихы. 1994. №4. 56—59-бб.

ОҒЫЗНАМА

... Бұл шақта оң жақта Алтын қаған деген бар еді. Алтын Қаған Оғыз қағанына елші жұмсақ, оған алтын, күміс жақұт сияқты сирек тастар, көп асыл жиһаздар жинап сый-сияпат берді, аузына қарады. Жақсы бекпен достық қылды. Онымен ынтымақта болды. Сол жағында Үрүм деген бір қаған бар еді. Осы қағаның шеруі (өскери), қалалары көптен-көп еді. Осы Үрүм қаған Оғыз қағаның жарлығына қоңбей, бағынғысы келмеді. Бұл сөзді қабыл алмаймын деп, жарлыққа мойынсұнбады. Оғыз қаған қаһар шашып, оған аттанбақ болды. Шеруімен аттанып туларын көтеріп кетті. Қырық күннен соң Мұзтау етегіне келді. Шатырларын түсіріп, шоқ болып, үйип тұрды. Таңертеңгі шақта Оғыз қағаның шатырына күн сияқты бір жарық түсті. Ол жарықтан көк бурыл көк жал әйдік бір арлан бөрі шықты. Осы бөрі Оғыз қағанға тіл қатып былай деді: “Ай, ай, Оғыз, сен енді Үрүмға аттанып баراسың. Ай, ай, Оғыз, мен алдыңда жүріп отырамын”, — деді. Одан соң Оғыз қаған шатырын жинатып, жүріп кетті. Шерудің алдыңда көк бурыл, көк жал әйдік бір арлан бөрінің жүріп келе жатқанын көрді. Ол бөрінің артынан қадағалап жүріп отырды.

Бірнеше күндерден соң, көк бурыл, көк жал бұл әйдік арлан бөрі токтай қалды. Оғыз да шеруімен бірге токтады. Мұнда Итіл өзені деген бір үлкен өзен бар еді. Итіл өзенінің жағасында бір кара тау маңында үрыс басталды. Оқпен, сұңгімен, қылышпен үрысты. Шерулердің араларында жойқын көп үрыс болды. Ел-жүрттың көңілінде көптен-көп қайғы орнады. Шайқас, сондай жаман болды. Итіл өзенінің сүсі қып-қызыл сіп-сіңгірдей болды. Оғыз қаған

женді. Үрүм қаған қашты. Оғыз қаған Үрүм қағанның қағандығын, ел-жұрттын алды. Ордасына өлідей, тірідей көптен-көп олжа түсірді. Үрүм қағанның бір қарындасты (інісі) бар еді, Үрысбек деген. Ол Үрысбек ұлын тау басында(ғы) Терен өзен ортасында жаксы бекінген қалаға жұмсады. “Енді қаланы қорғау керек”, — деді.

Оғызнама. Қазақ тіліне аударғандар: Ә.Дербіалиев, М.Жармұхамедов, Ә.Күмісбаев. А., 1986. 40-41-бб.

КОРҚЫТ АТА

Аңыз бойынша, Қорқыт VIII—IX ғасырларда Сырдарияның жағасында өмір сүрген көрінеді. Қызылорда облысының “Қорқыт” стансысынан 5 шақырым жерде “Қорқыттың моласы” дейтін күмбез болатын, мұны жергілікті жұрт киелі орын санап, басына көп уақыт бойы шырақ жағып келген. Сырдарияның тасқын сұынан мұжілген Қорқыт күмбезінің өзен жағындағы қабыргасы қопарылып, 1952 жылы құлап қалды. 1980 жылы сол зиратка жақын жерге архитектор Б.Ыбыраев пен физик-акустик С.Исатаевтың жобасы бойынша төрт қобызды біріктіру арқылы ерекше архитектуралық келісімде құйылған ескерткіш орнатылды.

Ел аузындағы аңыздардың бірі Қорқыттың жаратылыс заңынан тыс, елден ерекше болып дүниеге келуі және оған Қорқыт есімінің берілуі жайында сыр шертеді.

Қорқытты туарда анасы құланның жаясына жерік болады. Жыл сайын бір рет толғатып, баланы үш жыл тоғыз күн көтереді. Бір күні нәрестенің дүниеге келер сөті жетеді. Ана толғатқан кезде күн күркіреп, наизағай жарқылдан, қатты дауыл тұрады. Жер-дүниені қара түнек басып, ел-жұрттың үрейін ұшырады...

Бала анасынан тұа тіл қатып сөйлей бастайды. Алғашында: “Бұл жеті басты жалмауыз болар” деп қорықкан жұрт оның адам нәсілі екенін көргеннен кейін ғана көңілдері жайланаады. Шілдеханасына жиналғандар: “Бұл ерекше қасиетті бол өмірге келуі арқылы біздің бәрімізді қорқытты ғой, сондықтан аты Қорқыт болсын”, — деп, нәрестенің есімін Қорқыт қояды.

Қорқыт туган кезінде —
Кара аспанды су алған,
Кара жерді құм алған.

Ол туғанда ел қорқып,
Туғаннан соң қуанған, —

деген оның өмірге келуі жайында жыр да бар.

Келесі аңызда Қорқыттың қобыз аспабын ойлап табуы туралы баяндады. Қорқыт жасынан өте үғымтал, құймақұлақ болып өседі. Сол кездегі аспаптардың бәрінде керемет ойнайды екен. Алайда ол оған қанағаттанбай, адам мен жануарлардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткізетін жаңа бір аспап жасағысы келеді. Он ойлап, тогыз толғанады. Қарағай ағашын кесіп өкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ әрі қарай қалай, не істерін білмей қиналады. Қундер осылай өте береді. Бір күні шаршап отырып, көзі ілініп кетіп, түс көреді. Түсіне періште енеді. Ол балаға: “Қорқыт, жасап жатқан қобызың 6 жасар нар атаниң жілігіндей екен. Енді оған нар түйенін терісінен жасалған шанак, ортекенің мүйізінен ойылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қыл ішек жетпей түр. Осылар болса, аспабың сайрағалы түр екен”, — деп кеңес береді. Қорқыт үйкесінан ояна сала, осы айтылғандардың бәрін жасайды.

Қарагайдың түбінен
Қайырып алған — қобызым.
Үйенкінің түбінен
Үйріп алған — қобызым.
Жемаяның терісін
Шанак қылған — қобызым.
Ортекенің мүйізін
Тиек қылған — қобызым.
Бесті айғырдың құйрығын
Ішек қылған — қобызым,
Құлағыңды бұрайын.
Осы айтқаным болмаса,
Қайырып жерге үрайын, —

деп қобызды қолына алған кезде, аспап боздап қоя беріпті. Қобыз үнін бар табиғат, үшқан құс, ескен жел, жүгірген ан бәрі тоқтай қалып, құлақ түре тындалты¹.

Қорқыт құйлеріне терең философиялық тебіреніс, әлегиялық көніл қүй мен майда қоныр лиризм тән. Қүйші

¹Аңыздар қызылордалық қобызшы марқұм Н.Шеменұлының айтуы бойынша жазылып алынған.

шығармаларында халқы мен елінің тағдырын, болашағын ойлап, көкірегі қарс айырыла қамығады, адамдардың қайғы-қасіретіне ортақтасып, мұн-шерін бөліседі. Өмірдің мәні, бақытты ғұмыр жайында тебіреніп ой толғайды. Қүйші қобызы бірде тағдырдың қайғы-мұнын шертіп, ботадай боздайды, бірде мәнгілік өмір мен сұлулық жырын төгіп, аққудай сыйыла сұнқылдайды.

“Қорқыт ата”. Энциклопедиялық жинақ. А., 1999. 113-114-бб.А.,1996. 314-б.

ОРАЗ-МУХАММЕД ХАН ДАСТАНЫ

Оның әкесі — Ондан сұлтан, оның әкесі — Шығай хан, оның әкесі — Жәдік хан, оның әкесі — Жәнібек хан, оның әкесі — Барақ хан, оның әкесі — Құйыршық хан, оның әкесі — Орыс хан.

Арғы замандардан еске алынған Ораз-Мұхаммед ханның ата-бабалары, оның барлық үрім-бұтақтары дастанда айтылады.

Олардың әрбірі бірнеше ата болып, өз уәләяттарында патшалық қылыш өтті. Олардың аса белгілі болғаны — Қасым хан Жаған бикеден туған еді...

Қасым ханның замандасы Жәдік хан еді. Жәдік ханның ұлдары да біраз болатын. Аты шыққан ұлдары мыналар: Тоғым хан, Бекей сұлтан, Шығай хан, Мәлік сұлтан. Тоғым ханның ұлдарын тоғыз сары деп атаған. Мәлік ұлы Башибек сұлтан мен тоғыз сары ұлдары Жағат уәләяты¹ маңында шөнид болды....

Ал Шығай ханның хикаяты, әртүрлі жағдайда батырлығы мәлім-мәшінур. Ақырында жалғыз қалып апат тапты. Ханның әйелі көп еді. Мәлім-мәшінур үш ордасы бар. Олардан туған ұлдары мыналар: Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан, Алтын ханым — Байым бикеден туған еді. Тәуекел хан, Есім, Сабыр бике ханым. Бұл үшеуінің анасы Жағаттың Яхшым бикесі болды. Әли, Сулум, Ибрагим, Шахим сұлтандардың анасы — Бұрындық ханның қызы Дадам ханым.

Ондан сұлтанның хикаяты әр жерде кездеседі. Асқан ұлы батыр, атқыш еді... Шығай ханның кезінде әскердің қолбасшысы болды... Мұның баласы — Ораз-Мұхаммед хан...

¹Жағат уәләяты — Монгол хандығының бір уәләяты.

Біраз уақыт Сейдек бидің алдында кіріптарлық шекті. Одан 16 жасында Б.Федоровичтің құлдығына түсті...

Сыздықова Р., Қойғелдиеев М. Қадыргали би
Косымұлы жөне оның “Жылнамалар жинағы”. А., 1991. 258—260-б.

ЕРШІЛЕР ӨНЕРИ

Қазақ ері қайынан шабылыш, *екі қас, екі қаптал* және орта ағаш деп аталатын бөлшектерден қосылады. Ердің орта ағашы мен екі қапталына қайынның бұтаксыз түзу кесінділері, ал екі қасына көбінесе жуандau қайынның екі айырыланған тұсы қолданылады. Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарындағы ершілер ердің қастарын жуан қайынның шірімеген тубірінен де шабады. Бұл үшін бірнеше қайын кесіндісінің қабығын аршып кептіреді немесе шірімеген қайын түптері кездессе, оны топырағынан арылтып, арамен кесіліп, қас шығатын жерлерін таңдап алады. Біраз уақыт жел қағып дегдігеннен кейін дайындалған кесінділердің барлығын балтамен немесе салмақтылау шотпен женілдетіп алыш тағы да кептіреді. Ер бөлшектері өбден нобайланып шабылыш, тек өңдеу жұмысы қалған уақытта бір қазан тұзды суга бие сауым уақыт қайнатады да, көлеңкеде кептіреді. Ершілердің айтуынша, тұзды суга қайнатылған ағаш ешқашан жарылмайды, қансымайды. Ердің барлық бөлшектері өндөліп дайын болған соң, оларды арнайы жасалған қалыпқа салып қыстырыады да, қас етектері мен қапталдардың астасатын тұстарын құысқулақпен тесіп, шегелейді. Шегені, өдегте, қаңылтығран немесе жезден тұтікше төрізді етіп жасайды. Мұндай шегелердің бір жағын төске тіреп, екінші жағынан балтамен асықпай ешпен үрса, қаңылтыр не жez тұтіктер жазылынқырап жуандайды да, қаптал мен қас тесігіне берік кептеледі, ал тұтік ұштарын тойтарудың нәтижесінде пайда болған бұркеншіктер ердің мықтылығын арттыра түседі.

Ердің орта ағашы әр уақытта таспамен жан-жағынан қоқтеліп орнатылады. Кейде қазақ ерлерінің барлық бөлшектері бір-бірімен таспамен қоқтеу арқылы да біріктіріледі. Осылайша қосылған ердің сыртын түрпімен, пышақпен тегістеп, шыны сынықтарымен қырнап өндейді. Сөйтіп, қазақ ерінің жалпы қосылу техникасынан жергілікті өзгешеліктер байқалмайды. Бірақ оның сыртқы пішіні мен әшекейлеу тәсілінде айтарлықтай ерекшеліктер бар. Бұл

ерекшеліктер өр жерде қалыптасқан ердің жалпы кескіні мен әшекейлеу тәсілінен байқалады.

Қазақстанның қай облысында болмасын, әйелге арналған ер өзінің үлкендігімен де, өдемілігімен де көзге түседі. Әйел ерінің сүйегі ауыр, әшекейі де мол болады. Сондықтан олар өте сирек кездеседі. Откен ғасырдың 70—80-жылдарының өзінде әйел ер-тұрманы некен-саяқ үшірасатын-ды.

Әдетте, әйел ер-тұрман жабдықтары (тоқым, үзенгі, құйысқан, өмілдірік, жүген мен айыл, тартпалары) түгелдей бір ғана шебердің қолынан шығатындықтан, олардың ісі біркелкі, жатық болуымен бірге, өте мол әшекейленеді.

Әйелге арналған ердің алдыңғы және артқы беті түгелдей күміс шабылған темір пластинкалармен немесе қақталған таза күміс әшекейлермен безендіріледі. Қолда бар деректерге қарағанда, әйел ерлерін әшекейлеудің бірнеше тәсілінің болғандығы анықталды. Қебінесе мұндай ерлердің беті әртүрлі темір әшекейлерімен белгілі бір симметриялық тәртіпті сақтап, тұтас жабылады. Ол ушін өр әшекейдің бетіне тұтасымен күміспен көмкеріп, содан кейін арнаійы жасалған өткір бізben түрлі өрнектерді (кошқар мүйіз, сынар мүйіз, геометриялық фигуralар және өсімдік төріздес бейнелер) ойып алады. Мұндай жалған қаралау әдісін кейде ою, кейде түр (фон) ретінде қолданады. Бұл тәсілдерді үқыпташорында, ердің әшекей күміске қарала жүргізгендей өсем болып шығады.

Әйел ерін әшекейлеудің тағы бір кең тараган түрі — оймалы өрнек. Ол ушін темір әшекейлердің ортасынан әртүрлі өрнектерді немесе өрнектің түрін ойып тастап, қалған жеріне күміс жабады. Әдетте, мұндай әшекейлердің астынан түсті былғары (көксауыр), шұға немесе барқыт салынады, олар ойылған өрнектерден айқындалып көрініп тұрады. Күмістің өнін ашатын түсті былғары, шұға болмай қалған кезде, ердің қасын әбден өндеп, ашық сары бояумен бояп немесе бірнеше қайтара өсімдік майын жағып, жылтыратып та қояды.

Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері.
А., 1987. 21-б.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ КОСМОЛОГИЯЛЫҚ ТУСІНІКТЕРИ

...Қазактар жүлдyzдардың жер бетіндегі бағытқа өсер ететініне сенеді, халық арасында көк күмбез жайлыш әнгімелер де баршылық. Кейбіреулердің пікірі бойынша, әрбір

жұлдыз жердегі әрбір адамның жанына сәйкестік тұтастықта, адам өлгендे, оның аспандағы жұлдызы да жерге ағып түседі. Болып-толған бақытты адамды “жұлдызы жанған” деседі.

Шамандық аныздар бойынша, монголдар жұлдыздарға арнап құрбан шалады, қазақтар сияқты, байлық, билік, бағыт жөнінде жұлдыздарға үміт арта қарайды, кереметтігіне сенеді.

Қазақтар белгілі жұлдыздарды ғана таниды.

1. “Темірқазық” (“Полярная звезда”). Қазақ саяхатшылары түнде жолға шыққанда осы жұлдызben бағытын анықтайды. Осы жұлдызды Темірқазық деп атав себебі, оның көк өлемінде қозғалмай, бір орында тұруынан болса керек. Темірқазықтын маңында қозғалып тұратын, одан алыштап та, жақындан та кетпейтін екі жұлдыз арқандаулы аттарды еске түсіреді, сондыктан да ол екі жұлдызды “Екі ақ ат” деп атайды.

2. “Жетіқарақшы” (“Большая Медведица”). Қазақ арасындағы аңыз бойынша, бұл жұлдыз — жеті қарақшының рухы, олар өлгеннен соң жеті жұлдызға айналған, тағы бір аңызда жеті қарақшы күні бойы ұрлық жасап, түн бола өздерінің күндізгі жасаған күнөларына қайғырады. Жеті қарақшы өлгеннен кейін жеті жұлдыз болып кетіпти.

3. “Үркөр” (“Плеяд”). Қазақтар Үркөрдің Жетіқарақшыны үнемі өкшелеп жүретінін байқаған. Жетіқарақшының топ басшысы қыранқарақшы Үркөрдің қызы Үлпілдекті мінгестіріп алып үнемі қашып жүретін және ол қызын құткармақ болып, қызып жүреді. Қазақтар Үркөрге қарап, түннің қай сағаты екенін және жыл мезгілін анықтайды.

4. “Бақташи жұлдызы” (“Венера”). Осы жұлдыз туылғанда қазақ малышылары қойды түнемеге, қотанға айдал келеді.

5. “Шолпан жұлдызы” (“Утренняя звезда”) — таңғы жұлдыз.

Зодиак белгілері және оның шоқ жұлдыздары арабтардан белгілі болған, бірақ атаулары біраз өзгеріске үшыраған. Жұлдыздардың орналасу тәртібін ешкім білмейді. Қазақтарда олардың өздері қойған аттары бар.

“Құс жолы” (“Млечный путь”) жұлдыздардың бойымен жыл құстары үшшып кетеді, үшшып келеді.

Ай. Ай қазақтарда қасиетті планета болып саналған. Қазақтар жана айдың туылғанын көргенде, тәжім етеді. Жазда айға тәжім еткен жерден шөп жұльып алып, отқа салады. Қазақтар айда кемпір бар деп айтады. Шамасы, айдағы адамның бет-пішіне ұқсас дақтарды айтады.

Қазақтар айға ұзак қарап түрмайды, сескенеді. “Айдағы кемпір кірпікті санап қояды, егер санап қойса, адам өледі”, — деген. Дәрет сындырганда да бетін айға беріп отырмайды. Жалпы, қазақтар айды құрметтеп ауызға алады.

Күн. Қазақтар құнға қарасы қарап түрмайды, түзге отырганда да алдын құнға бермейді.

Аспан — шамандықтағы ең құдіретті жаратылыстың жаратушысы. Қек тәнірі *Көк аспан* деп аталады.

Тәнірі сөзін Шыңғыс хан заманында мұсылмандар Алла деп, ал европальцтар *deus* деп аударған, бұл сөз шамандықта да құдіреті қышті *Кұдай* деген мағынаға жақын. Бүгінге дейін Кіші Бұхарадағы қытайлардың “тянь” деген атағын “худа” (*Кұдай*) деген парсы сөзімен аударады.

Аспан өзінің құдіретті өрекеттерінде ештеңеден төуелсіз, жақсылықты да, жамандықты да қек биігінен іске асырып тұрады. Бүкіл адамзаттың амандық-саулығы аспан-көктің еркіндеге. “Тәнірі жарылқасын”, “Көк соққыр” деген сөз тіркестері шамандық кезде пайда болды.

Қазак бақсы-балгерлері. А., 1993. 18—21-бб.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Керуен сауда. Түріктер Эфталиттер мен Солтүстік Қытай патшалықтарын күйреткеннен кейін саяси және экономикалық күшке ие болады, ейткені Батыс пен Шыңғыс қосып жатқан ұлы керуен жолы солардың қолына өтеді.

Бұл жол Чанъяннан басталып, қыраттардан ылдига түсетін сансыз өзен-булақтармен суарылатын тольп жатқан алқаптар арқылы Нань-Шань жоталарын қуалап тарта беретін. Жолдың бұл бөлегі женіл еді, бірақ кейін шөлді қу мекиен басып, Хами көгалды аймағына жету, одан асып, Люкчун шұңқыры табанымен Түрфанға бару оның ең қызын кезеңі саналатын. Осынау екі көгалды аймақ және көршілес бірнеше гүлстан жайлар Гаочан князьдігін құрайтын, оны өздерінің жаңа отанына өбден үйреніп алған, бір кездегі қытай әскери қоныстанушыларының үрпақтары мекендейтін.

Гаочаннан бастап жол екіге айырылатын. Оның бір тармағы Тянь-Шаньның төскей жоталарын жиектей жүріп, Қарашар, Күш пен Ақсу арқылы Ыстықкөлді жанай отырып, Шу өзені алқабына түсіп, содан Талас алқабы

Аспарадан барып бірақ шығатын. Жолдың екінші теріскей тармағы да Гаочаннан басталып, Оңтүстік Жонғарияны жағалап, Үрімжі, Манас, Күркіреусу мен Еренқабырға тауы арқылы жүріп барып, Іле өзенінің алқабына түсіп, сосын түстікке қарай тартып, Орта Азияға бет алатын. Бұлардан басқа тағы бір қын жол бар-ды, ол Тянь-Шань асуладын асып, Қарашардан Юлдуз алқабы арқылы Іле аймағынан келіп шығатын, бірақ ол жолмен жүрт ете сирек жүретін.

Орта Азияда керуендер тыныс алатын. Ең ірі бекет — тасымал пункттің бірі — Пайкент болатын. Жол одан әрі Хорасан арқылы Рей мен Хамаданнан өтіп, Византия бекінісі Несевия (Низиб) арқылы Сирия мен Константинопольге қарай кететін. Қытай тенізінен Парсының шекарасына дейін 150 күн журу керек болатын, ал осы арадан Рим шекара-сындағы Низибке дейін тағы 80 күн журу керек еді.

Сауда-саттық қазандай қайнап жататын және тиімді болатын. Бірақ шынайы шаруашылықпен күн көретін халық бұқарасы қызмет етпейтін, тек сөн-салтанат жиһаз-муліктегін мұқтаж, әлеуметтік сатының бійгіндегі бай-бағландарға қызмет ететін. Қытайлар, мәселен, Ираннан тек өз патшайымдары үшін аса қымбат тұратын қас пен көз сүрмелерін алдыратын, сол сияқты Вавилон кілемдері сирек кездесетін мұлік еді. Ақырында Қытайға Сирияның табиғи да жасанды асыл тастары, Қызыл теніздің інжу-марждары, Сирия мен Египттің маталары жеткізілетін. Бірақ сауданың ен маңызды мұлкі жібек болатын, ол Еуропага Августің заманынан бері түсіп тұратын. Византия жібекке ете мұқтаж болатын, өйткені ол хан сарайы мен ақсүйектердің қажетіне ғана емес, тұз тағыларымен қарым-қатынаста, мәселен, көмекші өскер жалдаған кезде ақша есебінде пайдаланылатын.

Түріктер әфталиттерді талқандағаннан кейін, соғдылар түрік ханының боданына айналды. Олар ұзақ уақыт Шығыста да, Батыста да делдал және көпес ретінде әйгілі болған-ды. Әфталит қожайындарын түріктеге алмастырганнан олар үтпаса, үтылған емес, себебі, олар Азияның ішкі аймақтарына ешбір кедергісіз және ештеңден қауіптенбей-ақ бара беретін болды. Жібекпен сауда жасау ісін мейлінше кенейтуге соғдылар да мүddeлі еді.

Қытай және керуен жолы. Түріктер мен соғдылар, парсылар мен гректер үшін соншалық пайдалы болған

сауда-саттықтан, енді жібектің шығатын көзі — Қытайдың не табатының байқап көрейік. Қытай шаруалары осынау құнды тауарды өндіргенімен, оны өздері мүлде пайдаланбады десе де болады, өйткені алым-салық көп еді және олар ұдайы жиналып отыратын. Жібекке айырбастап алынатын бай жиһаз патша сарайының қажетін қанағаттандырудан артылмайтын және ішкі базарда елеулі рөл атқармайтын. Мұның үстіне, олар шетке шығарылатын жібектен едөуір арзан болатын, сол себептен де Қытай үшін бұл сауда, тұтас алғанда, зиянды болатын. Бірақ Бәй-Чжоу үкіметі осы жағдайды өзгерте алмады, дұрысы, өзгертуге жүргегі дауаламады, өйткені оның саяси табыстары түгелімен түрік хандарының іс-әрекеттеріне төуелді еді; Бәй-Ци мен Тогон түріктердің көмегі арқасында ғана талқандалған, ал бұған қоса оның мақсаты — Оңтүстік Қытайды бағындыру еді.

Гумилев Л.Н. Қоған түріктер. А., 1994. 40—43, 49-бб.

VIII тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

ЖОНГАР-ҚАЗАҚ ТАРТЫСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ӨСКЕРИ МӘСЕЛЕЛЕР

...1635 жылы Орталық Азияда дербес ел ретінде қалыптасқан Жонғария мемлекеті 1758 жылы (оны Маньчжур-Цин әулеті талқандады) тарих саҳнасынан кеткенге дейін осы өнірде ерекше орын алған хандық екендігін өткен ғасырлардағы да, кеңес заманындағы авторлар да бір ауыздан мойындарды. Қорнекті шығыстанушы, Жонғар елі жөніндегі білгір маман И.А.Златкин өзінің монографиялық зерттеуінде Жонғария туралы 80-жылдардың басына қарай тек орыс тілінде жарық көрген еңбектердің саны 150-ден асып кеткендігін атап көрсетеді. Ол мұндысы мемлекеттің тарихында деген қызығушылығымен түсіндіреді. Тағдыры Қытай, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Қарақалпақстан, Монголия, Алтай халықтарымен байланысты болған осы хандық жөнінде аталған елдер тілінде, тіпті Батыс Еуропа елдерінің тілдерінде жүзделген еңбектердің жарық көргені айқын.

Мұхаммед Хайдардың айтуына қараганда, XVI ғасырдың бірінші жартысында жиырмадан астам қарапайым (төрт бес іріленген) ұлыстарда 1 млн 200 мыңдан — 1 млн 500 мыңға дейін қазақ болған. Осы кезеңнен XVIII ғасырдың соңына дейін қазақ халқының демографиялық ахуалын анықтایтын мәліметтер жокқа тән. А.И.Левшиннің 1832 жылы жарық көрген қазақтар туралы алғашқы монографиялық зерттеуінде халқымыздың санын 2,5 млн-нан 3 млн-ға дейін жеткен деп топшылаудың негіз бар. Осы мәселе мен тікелей айналысқан кеңес-буряят тарихшысы Ш. Чимитдоржиевтің зерттеуіне қараганда, Жонғарияның көркеоінің ең шыңына жеткен шағы XVIII ғасырдың 20-жылдарының орта шеніне сәйкес келеді. Бұл кезеңде түркіндар саны 1 млн шамасы

болған. Жонғар хандығындағы тұрғындар саны 1 млн-нан аспағанын басқа да деректер мен зерттеулер растилды.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде орыс әлеуметтанушылардың ішінен ерекше көзге тұсken Бичуриннің “Жонғарлардың соғыс кезінде миллионға жететін әскер жинайтын мүмкіндігі болды” деген қорытындысы шындықтан алыштау. Бірақ халқының саны жағынан қазактар жонғарлардан әлдеқайда басым екендігіне ешбір ғалым таласа қоймас.

Экономикалық жағынан екі елді салыстырганда төменде гідей ахуал байқалады. Қазақ хандығы да, ойрат-жонғар мемлекеті де, негізінен, мал шаруашылығы басым болған көшпелі елдер. Мал шаруашылығының мұддесінен екі елдің арасында жиі жер дауы туып, ол саяси кикілжіндерге ұласты. Қазақ феодалдары да Тәуке хан тұсында Жонғар жеріне басып кіріп, елдің шығыс шекарасын кеңейтуге тырысты. Жонғарлардың да іргелес қазақ еліне жиі басып кіруінің саяси негізі — жерін кеңейту. Осының салдарынан ел арасындағы тартыс бірде сөніп, бірде өрттей лаулап отырган. Алайда жонғарлардың қазактардан бір ерекшелігі — Жонғар жерінде XVIII ғасырдың басында темір және басқа түсті металдарды балқытатын зауыттардың болуы. Қазақ-жонғар тартысында бірқатар шайқастарда қалмақтардың басым болған себебі де олардың жауынгерлерінің зенбіректермен қаруланғандығында.

Орыс тарихшыларының мәліметтеріне қарағанда, XVII ғасырдың сонында қалмақтардың қарулы күштері “отты қарумен” қамтамасыз етілген.

I Петр патшаның тікелей нұсқауымен жонғар қонтайшысының сол кездегі резиденциясы Ургада болды. Қалмақтардың әскери дайындық дөрежесімен арнайы танысқан капитан И.Унковский жонғарлардың әскери дайындығы ерекше жоғары дөрежеде екендігін танғала жазады. Жонғарлардың зенбіректерді мол дайындауы көпшілік зерттеушілердің Иоган Густав Ренат деген шведтің шпик-юнкерінің (артиллерия сержантты) атымен байланыстырылуында негіз бар. 1709 жылы Полтава тубіндегі шайқаста орыс тұтқыннына, кейіннен 1719 жылы ақпан айында Ертістің жоғары бойында, Ямышев тұз көлінің жанында, орыстардан жонғар тұтқыннына тұсken Ренат Жонғар елінде бірнеше зауыттар салуға басшылық жаса. Себан-Рабданың (Цэван-Рабдан) сеніміне ие болып, жонғар-қытай соғысында қалмақтардың ірі қолбасшысы ретінде бірқатар женістерге жеткен.

Ренаттың атын ғылымға әйгілі еткен — соның қолымен дайындалған, тарихта “Ренаттың Жонғар картасы” деген атпен тек XIX ғасырдың 80-жылдарында белгілі зерттеуші Макшевтің басшылығымен жарияланған карта. Осы кезге дейін осы топографиялық күжат Жонғар жерінің Қазақ хандығымен іргелес аймағын көрсететін күнды дерек.

XVIII ғасырдың 20—30-жылдары қазақ-қалмак байланыстарының мейлінше шиеленіскең кезеңі. 1722 жылы жонғарлардың қарсыласы Цин императоры Канси дүние салды. Оның мирасқоры Юнь-Чжиннің Жонғар жөніндегі саясатының әлі де анықталмауы жонғарлардың барлық күшін қазақтарға қарсы жұмылдыруға мүмкіндік туғызды. 1723 жылы “Ақтабан шұбырындының” басталуының басты себебі де осыдан.

Жаудың ұрыс даласында қазақтарды ығыстыруға басты себеп — қалмактардың зенбіректерінің мол болуы және оны жонғар қолбасшыларының ұтымды пайдалануы. 1732 жылы Жонғарлардың жаңа қоңтайшысы Қалдан-Сереннің (Голдан-Цэрэн) резиденциясында болған орыс елшісі майор Л.Угримовті сол Ренат Жонғар жерінде мортира және басқа да зенбіректерді құюдағы жетістіктерімен таныстырудан. Жонғар зенбірек зауыттары жұмысының жандандыруға Демидовтер меншігінде болған Колыван, Үлбі және Алтайдың басқа жерлерінен қашқан орыс мамандары септігін тигізді. Мысалы, 1741 жылы Темірлі өзенінің жағасында мастеровой Иван Бельдяганың басшылығымен мыс зенбіректер құятын зауыттар іске қосылды. 1745 жылы Телеут көлінің төңірегінен руда қорын іздеген Петр Шалягин жонғардың қарулы қолын кездестірген. Олардың көшпілігінің тек сайдакпен (садақпен) ғана жарақтанбай, сонымен бірге “туркүмен”(мылтықпен) де қаруланғанын өз есебінде келтіреді.

Жонғарлардың зенбірек және мылтық жасайтын зауыттарының қызыу жұмысы шикізат қорына тәуелді еді. Жонғар билеушілерінің Қазақстандағы Алтайға ерекше көз тіккендігін Жонғарияға түсті металдардың өте қажеттігімен де түсіндірген дұрыс. XVIII ғасырдың 30-жылдарына қалмактар уақытша үстемдік еткен Алтай тайпаларынан металдың жетіспеуін жою үшін “алман” (салым) ретінде темірден құйылған бүйімдар, сонын ішінде, қазанды тапсыру міндеттелген еді. Альм-салық төлеудің қалмактардың саяси-әскери мұддесіне үйлестірілгенін мынандай фактіден көруге болады. Бараба аймағында (Ертіс пен Обь

өзенінің аралығы) көшіп-қонып жүрген тайпалар алым-салықтарын аң терісімен өткізе алмаса, муйізді садақпен атуға жарамды ағаштан 20 жебе дайындал өткізетін.

Жонғарияны қалай да өлсіретуді ойластырған шекаралық Сібір шебінің бастығы генерал И.Кіндерман Ресейге ауытқыған Алтай тайпаларына темірден жалпы металл бүйімдарымен Жонғарияға “алман” өткізуге тыйым салды. Жонғарлардың қазактармен соғыстарда тағы да бір өзгешелігі — ұзак жылдар бойы Маньчжур-Цин өuletімен арпалиста ірі соғыс операцияларын ұйымдастыруда мол тәжірибе жинағандығын да ұмытпаған жөн. Қазақтың, өсіресе Кіші жүздің жағдайын біршама қынданатқан нәрсе — батыстан жонғарлармен діндес, тілдес, тағдырлас Еділ қалмақтарының жиі-жіе Кіші жүзге басып кіруі. 1670 жылды Себан-Рабдан өз қызы Дармаболаны Еділ торғауыттарының дербес ханы Аюқаға айттырды. Діні (лама), тарихы, мәдениеті жағынан жақын, енді династиялық жағынан жақындаған екі жонғар елі қазактарға зор қауіп төндірді.

Қазақтардың өскери өнері көшпелі өмірдің өсерінен, көршілес елдермен тұрақты алыс-шабыстарда шындалды. Жаумен алысқанда, әрбір ру өздерінің бабаларын, қасиетті ру аттарын ұран қылып атой салғанда, оған қарсы тұру тіпті жонғарларға да қын соғатын еді. Рұлық жіктелу, феодалдық құрылым, көшпелі өмір салты, қазақтардың өскер өнерінің өзіндік жолмен дамуына өсер етті.

Жаугершілік заманда қазақтардың қару-жарагының, сауыт-сайманының өзіндік ерекшеліктері болды: көпшілігінде Орталық Азия базарларынан айырбаспен не сатып алынған қылыштар, өсіресе қазақ батырлары ерекше құрмет тұтқан “наркескен” деп аталған парсы семсері болды. Батырлардың көпшілігінің үстайтыны “жеке ауыз” деп аталған қысқа қылыш еді. Өрбір атты жауынгерде жуандығы 3—5 см-ге дейін, ұзындығы 2 м-ге дейін жететін, қарағайдан жасалған әбден кептірілген ағаш наизадан тұратын, ұшы темірден жасалған қанжардың өткірлігіндей, екі жақты жузі бар қару. Келесі “азиялық” дәстүрлі қару ішінде кең тарағаны — садақ. Қазақтардың қолөнерлік бүйімдар мен қару жасайтын мамандары тамаша садақтарды өздері де дайындастын. Ш.Уәлихановтың растауына қарағанда, қазақтар қытайдың да садақтарын пайдаланған. Осы садақтар арасында жауынгерлер үшін өте бір құндысы — сауыт бұзар садағы.

Жонғарлармен соғыс жағдайында қазақ сарбаздары мылтықты жиі пайдаланды. Жеке сұлтандар қолында болған “шанғалы” мылтығы 700 м-ге дейін жететін. Жонғарлардың зенбіректен артықшылық жағдайда түруы үнемі оларға басымдылық бермеді. 1643, 1717, 1726, 1729 жылдардағы және басқа да көптеген соғыстарда қазақ сарбаздарының жеңіске жетуі халықтың әскери рухының бекем болғандығын, батырлардың жан қияр ерлігін, Абылай сияқты ұлы мемлекеттік қайраткерлердің көрегендігін, елді ортақ жауға жұмылдырудадағы даналығын көрсетті.

Қасымбаев Ж. Қазак тарихы. 1993. №2. 24—30-бб.

ЖОНҒАРФА ҚАРСЫ ЖОЙҚЫН ШАЙҚАС

Көне тарих қазақ-қалмақ жаугершілігі заманының талай оқиғаларын біздің дәүірге дейін жеткізді. Соның ең есте қаларлығы және жонғарға қарсы жұз жылдық азаттық күрестің бастамасы —1643 жылғы алты айға созылған жойқын соғыс. Бұл жылы жонғар қонтайшысы Батур қазақ жұрттың құлға айналдыру мақсатында зор күшпен аламан жорыққа аттанады. Оған хошауыттың Огирту шешені, Абылай тайшы, Алтан ханның балалары, ханның інісі Шоқыр тайшы қатарлы ойрат еліне әйгілі билеуші ханзадалары түгел қатысады. Батур ордасы маңында 50 мың атты жасақ сап түзейді. Бұл жолғы аламан жорыққа хошауыттың Күнделен тайшысы келмеді. Жердің шалғайлышына байланысты Кіші қара қалмақ ордасының ханы Хо-Өрлік те (Еділ-Жайықта орналасқан) күш қоса алмады. Соғыс, ең алдымен, Алатау қырғыздарын шабудан басталды. Жайбарақат отырған ел ойрат қосынының ойранына ұшырады. Қантардың сұзығында шабуылға ұшыраған ел арып-ашып, азып-тозып кетті. Жонғарлар 10 мың тұтқын, қыруар мал-мұлік олжа түсірді.

Қаһарлы қонтайшы қарауылдағы 50 мың жасақты Огирту ноян, Абылай тайшы, Солтан, Омбо-Ердени және Шоқыр тайшыларға басқартып, қазақ хандығына қарсы 5 бағытта жорыққа шығарды. Жонғарлардың жорық жолдары туралы әскери деректер (карта, сұлба) сакталмаған. Бірақ сол кездегі шекара шептеріне және ежелгі үлкен жолдардың орналасуына қарап пайымдағанда, Шу—Талас бойымен, Қаратаудан, Сусамыр жоталарынан, Алакөл—Бетпак арқылы жасалған деуге тольық негіз бар.

Шабуыл барлық бағытта бір мезгілде Түркістан, Таңкентті бетке ала жүргізілді. Ойрат ханының қырғыздарға қол аттандырғанынан толық хабардар болып отырған қазақ ханы Есім бұл соғысқа өз тарарапынан күшті дайындала бастады. Көп адамдар үлкен жолдардан шалғайға, алыс түкпірлерге көшірілді, тау асуларына мықты күзет қойылды. Ақжайықтан Алтайға, Сібір ормандарынан Таңкент, Самарқанд іргесіне дейін шашырап жатқан жасактарының Түркістанға жиналуды хабарланды. Алшын Жалаңтөс Бахадұр, Жәңгір сұлтан, Жилембет, Марғасқа сияқты қолбасы-жыраулар ел басына ауыртпалық түскен мұндай күндерде Еңсегей бойлы ер Есімнің жанында болып, оған ақыл-айласымен көмектесті.

Шу—Талас аңғарында, Сусамыр тауында, Бетпақта, Алакөл—Аягөз жазығында, Тарбағатай асуларында жүріп жатқан сұрапыл соғыстарда бүкіл қазақ қолына басшылық ету сенімі мен мәртебесі Жалаңтөс Бахадурғе тапсырылды. Қолда бар мағлұматтарға қарағанда, Марғасқа, Жилембет бастаған қосындар, сол кездің дәстүрлі тілімен айтқанда, байұлы, жетіру жасағы Түркістан бағытындағы жау өскеріне қарсы тұрған. Есім хан Туркістанда еді, сондықтан қонтайшы бұл бағыттағы соғыс қымылдарына ерекше мән беріп, бұған қосалқы күшпен белсенді көмек көрсетіп отырды.

Алакөл—Аягөз жағынан Бетпақ арқылы келе жатқан жау корпусы Жәңгір сұлтан, Жанкөбек би (Қу дауысты Құттыбай бидің арғы атасы), матаи Жарылқамыс батыр, Қошебе Маянбай батыр бастаған найман-керей қолының тегеуірінді қарсылығына ұшырайды. Шақшақ би (Жәнібек тарханның арғы атасы), Өлдеуін батыр бастаған арғын-қыпшақ жасағы, бөгежейлі Жақсығұл үйсін-ойсыл қолы, Қекім бидің қыргызы қосыны Қаратай етегі мен Таңкент тауларында, Шу—Талас аңғарларында шайқас жүргізеді. Самарқанд маңындағы қазактардан жиналған 2 түмен әлім қолы Сусамыр тауындағы асу, жолдарын бакылайды. Ұзын ырғасы 2 мың шақырымдай жерде соғыс шебі құрылады. Қыстың аяз-боранын пайдаланып, тез тізе бүктірмек болған қонтайшы есебі теріс болып шығады. Бұл жолғы шабуылдың қыста ұзакқа созылуына қарамастан, қарттар, балалар, әйелдер 1723 жылғыдай қыргын көріп, шұбырындыға ұшырамайды. Дүшпаниң темір шенгелі бұл жолы отбасы,

ошақ қасына дарымайды. Шайқас көбіне асуларда, жол торабы мен ашық шептерде өтеді. Қарсы жақтар қыс бойы бір-бірінен женілмей, жүлкыласумен шыгады. Есім хан Түркістанда отырып, майдан шебінде жүріп жатқан ұрыс барысын бақылауда үстады.

Батур қонтайшы мамыр айы басталысымен әскерінің қалжырай, қожырай бастағанын сезеді. Азық-тұлік, ат-көлік жетімсіздігі байқалады. Мұнын, керісінше, қазақ жағы жаз шыға күштеге бастайды. Жасаққа сойыс мал өкелініп, Ташкент, Самарқандтан мылтық, оқ-дөрі, қылыш, найза жеткізіледі. Мұндай жағдайда “Күнделен тайшы ту сыртымнан келіп тиіп, тағымды тартып ала ма?” деген қауіп те Батур қонтайшының қөкірегіндегі үрейді ұлғайта түсті. Осының бәрін таразылағанда, Батур қонтайшы қазақ хандығының жоймақ болған райынан еріксіз қайтуға мәжбүр болды. Сөйтіп әскерге мысық табандап шегінуге жарлық берілді.

Жонғар қосындары Балқаштың терістігіне жиналып, одан әрі қарай Алакөлді жағалап, Барлық тауын бектерлей Күнделен тайшы жайлайтын қоныстарға жетпек болды. Батур бұл бағытты текке тандамаган еді. Жонғар әскерінің қуып келе жатқан қазақ жастарын Күнделен тайшы ұлсысна кіргізу арқылы хошауыт тайпасын соғысқа тарту болатын. Бірақ оның бұл мақсаты іске аспай қалды. Өйткені дәл осы кезде ойрат әскерінің үлкен бір бөлігі (корпусы) қоршауға түсіп қалды. Бұл оқиға Қазақ КСР тарихында былай баяндалған: “Жәңгір өз қосынның бір бөлігіне, қалмақтар тар асудан асып келгенше, екі таудың арасындағы тар жылғаға ор қазып, бекініп жатуға бүйіріп, қосынның екінші бөлігін таудың арғы жағына жасырды. Сөйтіп, Жәңгірдің ойлағанындаі болып шықты. Қонтайшы ор қазып алғын ерлікпен қорғанып жатқандарға қарсы шабуыл жасады. Ал осы кезде Жәңгір сұltан жауға тылдан бас салды... Сөйтіп қалмақтарды қатты женіліске ұшыратқаны сонша, дүшпандар жағынан 10 мындаі адам табанда қаза тапты... Ұрыс бітүге жақындағанда Бұқар әскерлері келіп қалды да (20 мындаі адам—2 лек), Батур кейін шегінуге мәжбүр болды...”

...Қазақтардың есте сақтауы бойынша, бұл оқиға “Жонғар қақпасы” аталатын Алакөлдің күн шығысындағы тау жылғасында болған. Екі жағы биік, күз-қиялды 10 ша-

қырымға созылтын қақпа тасты бұл жылғаның бір жағы шалқыған көлге тіреліп жатқан. Қазак жастарының алдар-қатуымен еніп кеткен бір белім жау өскері қоршауда қалған. Бұл хабар қонтайшыға жетіп, одан көмек келгенше Жалантөс Бахадур 20 мың қосынмен қоршаудағы топты жою үрысына басшылық етті. Бұл үрыста 10 мың адамынан өлідей айырылған Батур Қобықсары тауының бауырындағы (Текес өзенінің жағасы, Текес — Іленің бір саласы) ордасына ат басын бүрады. Бұл жолғы, яғни 1643 жылғы жойқын соғыстағы жеңісті есте қалдыру үшін Есім хан, Шынташ асуында (Қарқара жайлауының қырғызы жағы) Тасқорғанғимаратын салдырды. Қазақ-қырғызы ынтымағының белгісі ретінді Ташкент қаласында Күкімнің көк күмбезін тұрғызды.

1643 жылды сұрапыл соғыс оқиғасы қазақ халқының жонғар шапқыншылығына қарсы 100 жылдық азаттық күресінің алғашқы ерлік беттері болып тарихқа енді. Бұл жолғы қан кешуде қазақ, қазақ халқына басшылық еткен ұлы перзенттер — Жалантөс Бахадүрге, Есім ханға, Күкім биге, Жәңғір султанға ескерткіш орнатып, құрмет білдіретін уақыт жетсе керек.

Хасенов Э. Қазақ тарихы. 1994. №5. 30—32-бб.

АБЫЛАЙ ЖӘНЕ ЖОНҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫГЫ

Қазақ елінің тарихында XVIII ғасырдың маңызы өте зор. Бірнеше онжылдықтың ішінде ол өзінің тәуелсіздігі мен мемлекеттік құрылышы үшін ерекше курес жүргізді. Сол аласапыран кездін тарихы Абылай есімімен байланысты. Оның үрпағы Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, осынау “тамаша қазақтың” даңқты өмірлік жолы көптеген ғалымдардың енбектерінде жақсы зерттеліп және баянда-лып суреттеген. Бірақ біздерге бұл күндері Абылайдың саясаты, өскери және дипломатиялық шеберлігі, өсіреле қазақтар мен жонғарлардың арасындағы қарым-қатынастарға байланысты істері өте қызықты және қажетті болып тұр.

Жонғар мемлекеті қазақ даласына үнемі көз алартып, өзінің саяси, экономикалық және идеологиялық экспансиясын тоқтаусыз жүргізді. Екі мемлекеттің арасында кейір үақыттарда бейбітшілік те орнаған еді. Тіпті кей кезде

одақтас та болған. Түптеп келгенде, қазақтар мен жонғарлар өзара ымырасыз саясатты үнемі жүргізе берген. Осы жағдайды өзінің замандастарымен салыстырғанда, Абылай жақсырақ пайдаланған.

Оның ең негізгі мақсаты — Жонғар мемлекетін өлсірету еді. Қалмақтарды халық ретінде емес, олардың мемлекеттік шапқышылық саясатын жоюды көздеді. Ал қалмақтардың түбіне жеткен Абылай емес, қытай өкіметі—Цин өулеті болатын. XVIII ғасырдың 50-жылдарының соңында қытайлар бірде-бір ойратты қалдырымай қырып жібергендіктен, жонғардың ұлы империясы жойылып тынды. Абылай осы жағдайды жақсы тустанған. Содан кейін де өте белсенді, парасатты дипломатиялық саясатты Цин өкілдерімен жүргізетін болды.

Өрине, Абылай мемлекеті өте ерекше мемлекет еді. Қазақ елі қырғын соғыстардан үлкен шығынмен шығып, болашаққа бет алған еді. Осы тұста Абылай саясаты Қазақстанның Шығыстағы шекарасын қауіпсіздендірді. Ол үшін XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап, Абылай қазақ өскерлерін басқарып, жонғарларға қарсы шабуылдарды үсті-үстіне ұйымдастыруды.

Абылайдың жонғарларға қарсы ең атақты жорығы — жасы жиырма екі немесе жиырма үшкө, соңғысы алпыс жасқа толған кезінде болды. Қалдан-Сереннің баласы Лама Доржыны жекпе-жекке шығып өлтіргені халық арасында аңызға айналған болатын. Осы жекпе-жекке шығу — елге белгісіз Сабалақты, кейбіреулерге ғана таныс Әбілмансұрды бүкіл елдің мақтанышы Абылай хан есімін шығарды.

1734 жылдары Абылай Орта жүздің арғын тайпалық бірлестігінің бірнеше руладын басқарып, Құрметті хан деген атаққа ие болды. Ал реңми құжаттарда өлі де *сұлтан* деп аталған.

Сол жекпе-жекке тағы да тоқталсақ, қазақ ақындары мен жыраулары бұл оқиғаны тамаша жырлармен суреттеген және Абылайға батыр деген атақ берген. Абылайдың ерлігі, батылдығы сол негізгі шайқастарды қазактың пайда сынна шешкені баршамызға мәлім.

Шоқанның айтуы бойынша, 30-жылдардың соңында-ақ Абылай төрелердің арасындағы ең беделді саяси қайраткерге айналды. Дәл сол кезде, 30-жылдардың аяғында, жонғарлардың қазақтарға қарсы қайтадан үлкен агрессиясы басталды.

Олардың көздеген мақсаты — қазақтардың негізгі күштерін біріктіріп тұрған Орта жүзді құрту, әлсірету болды. Негізгі соққы 1739 жылдың сонында басталды.

Жонғарлар, әскер саны жағынан алғанда, бірнеше онмындыққа жетті. Сонымен қатар женімпаз соғысты тез үйымдастыруға әскерлермен қоса қолбасшылары да жақсы мүдделілік көрсетti. Ал оларға көмек беріп тұрған қосымша күш қазақтардың әлі болса да “Ақтабан шұбырындының” салдарынан есін жинай алмағандығы еді. Оның үстіне, көшпелі шаруашылық жақсы дайындыққа мұрша берген жок. Бірақ қазақ жасақтары тойтарыс бере білді. Сол кезде жонғарларға соққы беру үшін, әрине, асқан қабілетті үйымдастырушы керек болды. Ал осындай үйымдастырушылық қызметті Абылай атқарды. Шоқаның айтудынша, сол жылдары Орта жүзде Абылайдан артық абырайлы басшы жок еді. Орыс құжаттары да Абылайды ерекше бағалайды. Ал осы женімпаз батыр, беделді қайраткер, әрине, жаудын да назарын аударды. Абылайды үстап алыш, көзін құрту ойраттардың негізгі мақсаттары болды. Қалдан-Серен баласы Лама Доржыны көшпіліктің алдында өлтірген Абылайды бір сәтке де естен шығармады. “Абылайды қандай қыншылық болса да үстап, жазалау керек”, — деп жонғар ханы бүйрек берді. Сейтіп Абылайды үстау үшін белгілі қалмақ қолбасшысы Жалбы деген кісі жіберілген болатын.

Бұл оқиға 1741 жылы болды. Қалмақтардың басқыншылығы 30 мың адамы бар әскери күшпен жасалды. Ал барлық әскерлерді басқарған Қалдан-Серенниң мұрагері Лама Доржы еді. 30 мың әскер Абылайды үстaugа және Орта жүзді тізе бүктіруге жіберілген болатын. Қолға түсken Абылай “Құрметті тұтқын” ретінде үсталған, өз өлімінен қорықпай, жеке басына қауіп туса да, оған мән бермей, абырайлың төкпей, тіпті өзін-өзі тәкаппар үстап, сонысымен Қалдан-Серенге ұнап қалған еді. Жонғарлардың тұтқынында Абылай өмірінің бір жарым жылын откізді. Қалданмен сойлесуге келгенде тамаша тапқырлық көрсетіп, ақылдылығымен, ойшылдығымен аман-есен өлім жазасынан құтылады. Еліне қайтып бара жатқанында, Қалдан оған көп бағалы сыйлықтар береді. Міне, сейтіп, Абылай өзінің еліне оралады.

Абылай содан кейін дәстүр бойынша өзінің ордасын Қекшетау өніріне тігеді. Қалмақтар оған қанша құрмет көрсетсе де, Абылай өзінің бүкіл саясатын қалмақтарға

қарсы қойды. Көп жағдайда, бұл ретте, қару-жарап емес, мәмлекерлік шеберлік керек болды. Міне, осы жағына да Абылай қатты көңіл бөлді. Екіжақты саясатты көп пайдаланды. Біріншіден, қарулы қурес, екіншіден, келіссөздер жүргізе білу. Мұндай саясатты жүргізуге сол кездегі бүкіл қазак қауымы: сұлтандар, батырлар, жыраулар, билер, қарапайым халық — барлығы үлес қосты. Содан кейін де ол үлкен абыройға ие болды.

Әрине, Абылай шеберлігі ала бөтен ерекше еді. Қазақтар мен жонғарлардың арасындағы бейбіт келісімдерге келе білу, соның нәтижесінде, көшіп-қонып жатқан ауылдарды сақтау, әрине, Абылайға азызға бергісіз шетсіз-шексіз бедел өкелді. Елшіліктер мен аманаттарды пайдалану, барлық келісімдерді рет-ретімен жүргізу, әрбір уақытты жемісті пайдалану сияқты істері, әрине, “жабайы көшпенділердің” әрекетіне үқсаған жоқ. Содан кейін де Орынбор әкімшілігінің он қолы болған басшылары В.Татищев, И.Челнєвтер қазак еліндегі Абылайға ерекше мән беретін болды.

Дипломатиялық саясат жүргізген кезінде Абылай бірнеше мәселені ескеріп отырған. Ең алдымен, қазак жасақтары көпке созылған соғысқа шыдай алмайтындығын түсінді. Себебі, ете көп күш жинап алған жонғар империясы нағыз айданар сияқты альшқа айналыш еді. Оның үстіне, қазақтар бірнеше майданда соғысуға мәжбур болды. Сондықтан да Абылайды ылғи да келіссөздер жүргізуге итермелеген оның нағыз қажеттікten тұған ақыл-айласы еді. Соның нәтижесінде, бірте-бірте қазак хандығын нығайтуға жағдай жасалды. Өзінің куреске толы даңқты өмірінде Абылай талай жорықтарға шығып, белгілі бір мақсаттарды ұстал отырды. Кейір қателері де болды. Оның қаталдығы мен кейір қателерін Бұқар жырау сияқты елдін терен ақыл-абыройлы азаматтары өділ сынайтын еді. Солай десек те, Абылай саясаты сол кездегі ең дұрыс, ең озық саясат еді.

Абылайдың женімпаз ұрыстары Жонғар империясын өлсіретіп, күшін жойған еді. Бірқатар женілістен кейін ол империяда алауыздық туды. Оған себепші — 1745 жылғы қаһарлы Қалдан-Серенниң қазасы еді. Абылай осы жағдайды жақсы пайдаланды. Бүкіл жонғар тағы үшін таласқан бірнеше жонғарлар Абылайдан көмек сұрап, оған бас иш келді. Абылай Жонғарияда көп жағдайда, өсіресе 50-жылдардағы өзін-өзі қожайын ретінде ұстады. Түсінкті болу үшін —

мұның себептерін, алғышарттарын сәл қайталап, толығырақ ашып көрсетейік.

1741—1742 жылдар арасында Жонғар мемлекеті, жоғарыда айтқанымыздай, қазақтарға қарсы ірі басқыншылық соғыс ашты. Сол кездегі құжаттар бойынша қазақтар жонғар феодалдарына ауыр салық төлейтін болды. Аудармашы И.Лапиннің айтуы бойынша, 1744 жылға қарай қазақтар әр үйден бір-бір қарсақтың орнына бір жылқы төлейтін болды. Ал осы соғыста Абылай аскан ерлік көрсетіп, тағы да басқыншыларға қарсы негізгі күшті ұйымдастыруши болды. 1745 жылы Қалдан-Серен өлген соң Жонғарияның өз ішінде лаң басталды. Сол кезде Давади, Ламадоржы және Өмірсанана тақ үшін күреске шықты. Абылай бірден-ақ Өмірсананы қолдады. Оған себеп, ең алдымен, Лама Доржы қазақтарға қарсы басқыншылық соғыс жүргізген қолбасшы еді. Екіншіден, Өмірсанана, азыз бойынша, Абылайдың өкіл інісі. Абылай Қалданның тұтқынында болған кезде ол қазақ султанын өзінің інісі Өмірсананаға өкіл ағасы ретінде қосып қойған еді. Ал шындыққа қарасақ, Өмірсанана қазақ мемлекетіне қарсы басқыншылық соғыс жүргізбекен жонғар басшысы, қайраткері еді. Осы тарихи жағдай 1751 жылы болды. Көп ұзамай Лама Доржыны жонғар феодалдары өлтіреді. Өмірсанана жаңа саяси жағдайды пайдаланып, Давадига қарсы шығады. Ал оған саяси және өскери көмек көрсеткен Абылай еді. Абылай Өмірсананаға материалдық көмекпен қатар өскери көмегін де берді. 1754 жылы Өмірсанана қарулы күресте жеңіліп, Қытайға қашып кетті. Абылай сол арада не істеді?

Құжаттарда қазақ феодалдары Өмірсананы толық қолдағаны туралы жазылған. Бұл мәселені кеңірек талдасақ, мынадай ұйымға келеміз. Абылай, ең алдымен, айтқанынан қайтпайтын, бір сөзді қайраткер. Содан соң да өкіл інісін толық қолдады. Ал басқа жағынан, енді Цин басқыншылығына қарсы күштерді шығарды. Осыған орай Цин өкіметі Жонғарияға өздерінің өскерлерін кіргізді. Бұл оқиға 1755 жылы болды. Осы кезден бастап Қытай өкіметі Жонғарияны түгелдей жоюға кірісті. Бірнеше жылдан соң Жонғар мемлекеті жер бетінен жоқ болды.

50-жылдары Абылай және оған жақын феодалдар өздері жонғарларды төуелділікке түсіруге өрекет жасады. Мына-

дай мысалдарды келтіруге болады. Емел өзені өнірінде қоныстанған 10 мың қалмақ отбасынан 50-жылдары қазактар шабуылынан соң 7-8 мың отбасы қалған еді. Сол кезде Абылай қалмақтарды қырмай, қоныстарын аударып, олардың біразын қазактармен некеге тұргызды, яғни туыстастырыды, өзі де сол саясатты пайдаланып, қалмақ қызы Топыш ханымды алды. Болашақ Кенесары ханның әжесі осы еді.

Осы сияқты мысалдар қазактардың басқыншылық соғысын емес, қайта өз жеріне, өз қоныстарына қамқорлық жасағандарын көрсетеді. Себебі, бұл жерлер — қазактың ежелден келе жатқан мекенжайы. 50-жылдары қазак елінің күші керемет нығаяды. Көп жағдайда жонғарлар одакты қазактармен де құрган. Мысалы, мына бір құжатта: “Қазактармен біріккен Батма-Серен Давади қонысына шабуыл жасады”, — деп жазылған. Ал осы Батма-Серен — Әмірсананың жақын туысы.

Қазактардың жонғарларға қатысты саясатын басқарған, әрине, Абылай болатын. Абылайдың күшейіп кететіндігінен қорыққан Қытай өкіметі өз әскерлерін Жонғарияға кіргізді. 1755 жылдың жазында қытайлар Давадиді үстап алдып, Абылайға бірінші елшілікті жіберді. Бірақ солардың ең негізгі мақсаты — Әмірсананы үстauen еді. Әмірсанана сол кезде қазактармен, қырғыздармен, кейбір ойрат руладымен одак құрып, Жонғарияның төуелсіздігі үшін күрес бастайды. Сол күресте оған тіпті орыстар да көмектескен еді. Ал негізгі көмек Абылай хан жағынан болды. Қытайлар жағдайды жақсы түсінді де, Абылайды өз қолында үстauen үшін 1756 жылы наурыз айында қазак сұлтанына тағы бір елшілік жібереді. Бұл, әрине, бейбітшілік көзdemеген елшілер еді. Елшілер өкелген хатта Абылайдан Әмірсананы үстап беруін талап етеді.

Абылай циндіктердің кеңесін тыңдаған жок. Қазак жақтары Жонғарияда өз билігін жүргізді. Абылай Қытайдың басқыншылығы күшейіп келе жатқанын да түсінетін еді. Көп үзамай Қытай өкіметі қазак еліне қарсы соғыс бастады. 1757 жылы жазда олар Тарбағатайдан асып, қазак қоныстарына баса-көктеп кіреді. Абылай енді біріккен қазак-ойрат әскерлерін басқарып, Цин империясына тойтарыс берді. Содан барып Қытай өкіметі Жонғарияны толық құрту жөнінде шешім қабылдайды да, әскерлерін Жонғарияға кіргізеді.

Сейтіп, XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген ұлы көшпелі империя жойылды. Бұл қайғылы оқиға 1759 жылы аяқталды. Жонғарияның күртқан Абылай емес еді. Абылай — қазақ мемлекетінің құрылышын қорғаушы, үйимдастырушы, саяси және әскери қайраткер. Себебі, ол жонғар шапқыншылығының бетін қайтарып, Қытай басқыншылығын токтатты. Міне, осы үшін бүгінгі күні Абылайды ерекше бағалаймыз. Оған тағым етеміз. Сондай саяси қайраткерлердің арқасында қазактар ел болып, жүрт болып сақталды. Абылай есімі бізге үлкен мақтаныш, мемлекет қайраткерлерінің арасында өз орнын алғып тұр.

Уәлиханов Е. Қазақ тарихы. 1994. №1. 29—33-бб.

КІШІ ЖҰЗ РУЛАРЫНДА ОРНАҒАН РАСПРАВ ЖҮЙЕСІ

Ру басшысы — соттың төрағасы.

Екі адам — кеңесші, старшын. Хатшы — молда. Бақылаушы — пристав, орыс және татар.

Алғашында өлім руынан төраға болып Сарымай би, байұлынан Сырым Датұлы, жетірудан Тіленші батыр Бөгенбай бекітілген. Бұдан басқа 32 кеңесші-старшын бекітілген. 1787 жылы қараша айының 9-ы күні бұлар Орынбор қаласында О.А.Игельстромның қатысуымен шекаралық сот мәжілісінде ант берген. Барлық қатысқан ру басшыларына О.А.Игельстромның қолы қойылған жергілікті ру сотының нұсқауы берілді. Нұсқау сегіз бөлімнен тұрады. Онда жергілікті ру сотының міндепті, сот жүргізуудің әдістері анық жазылған. Нұсқаудың бес бөлімінде жергілікті ру соты туралы: “Оз руларындағы төртіпті сактауға, шекара бойына шабуыл жасатпауға, егер де ұры ұсталса, сотта қарал, оның ак-карасын анықтап, тиісті шара қолдануы керек. Егер мал үрланған болса, соттың шешімімен мал иесіне тапсырылуы керек, егер сотта белгілі шешімге келе алмаса, онда шекаралық сотқа жіберілуі керек. Сот төрағасына әр сотта қаралған іс туралы тұрақты хат арқылы шекаралық сотқа жіберіп отыруы міндептеледі” дедінген.

О.А.Игельстромның реформасы Кіші жұз даласына Ресейдің губерниялық әкімшілік басқару жүйесін енгізуудің алғашқы шаrasы болды. Жергілікті ру сотының 1787 жылдан 1799 жылға дейін саны өсіп, жеке рулардың да өз алдына

соттары құрылған. Мысалы, 1791 жылы наурыздың 21-і күні Кіші жүздегі кердері, жағалбайлы руында жергілікті ру сотына ашу үшін әрбір ру сотына 440 сом ақша және 9 пүт үн бөлінген. Орынбор сотымен жергілікті ру сотын үстап тұру үшін Орынбор әкімшілігі жылына шекаралық сотқа 5400 сом, ал жергілікті ру сотына жылына 3360 сом және 94 пүт үн бөліп отырган.

О.А.Игельстромның реформасы толық аяқталмай, жергілікті ру соты тарарап жатты. Оның негізгі себебі: жергілікті сот айтартылған іс шеше алмады, мұның үстіне, халық арасында соттың беделі болмады. Старшындар мен билер рула-рындағы сотты өзінің жерлестерінен өш алу, оларға күш көрсету мақсатында пайдаланды.

Патша әкімшілігінің XVIII ғасырдың 70—90-жылдардағы жүргізген қайта құру реформасы өзінің толық мақсатына жете алған жоқ. Бірақ оның сұлтандар мен старшындарға тиімді жақтары болды. Старшындар елді басқару ісіне араласып, сұлтандық билік өлсіреді. Патша әкіметінің отарлық саясатын жүргізуде старшындар негізгі тірекке айналды. Сонымен қатар орыс-казактардың тонаушылық іс-әрекетінә аз да болса тежеу қойылды. Патшаның: “Кімде-кім қазактарға зорлық-зомбылық жасаса, үсталып, қатал жазалансын” деген жарлығы шықты.

Кіші жүз қазақтары Еділ мен Жайық өзендерінің аралығына өтіп, малын жая алатын болды. Бірақ ол үшін әрбір мал басына ақшалай не мал түрінде салық төленген. Орынбор әкімшілігі әрбір откен мал басынан: қойға — 2 тыын, мүйізді ірі қарага — 5 тыын, жылқыға — 10 тыын, түйеге — 25 тыыннан алған. Бұл ақша немесе мал Орынбор әкімшілігінің қазынасына түсken. Ал Жайық орыс-казактары өз пайдасына әрбір қойға — 15 тыын, ірі қарага — 50 тыын, жылқыға — 45 тыын, түйеге 80 тыын алғып отырган.

О.А.Игельстромның басқару жүйесіндегі мұндай шараларына сұлтандар қарсы болды. Олар түрлі жолдармен патша төңірегіндегі реформаға қарсы адамдарға ықпал жасап, Кіші жүзде хандық билікті қалпына келтірді. О.А.Игельстром басқа жұмысқа ауысып, оның орнына А.А.Петулинг тағайындалды.

1799 жылы наурыздың 19-ы күні шекаралық соттың орнына шекаралық комиссия әкімшілігі құрылды. Бұл басқару мекемесі шекаралық сотта емес, азаматтық басқару

жүйесінде еді. Шекаралық комиссия құрамында азamatтық сот, іс-қағаз жүргізу және ақша шығыны мен кірісін есептеу (казначай) бөлімдері болды. Бұдан басқа Кіші жүз қазактарында болып жатқан жағдайды бақылап, тез шешім қабылдайтын азиялық бөлім де бар еді. Барлық іс-қағаздар осы бөлімге келіп отырған.

1797 жылы ақпан айының 26-ы күні империяның сыртқы істер алқасының жанынан Азия халықтарында болып жатқан оқиғаларды бақылап отыратын арнаулы департамент немесе экспедиция мекемесі ашылды. Басшысы болып статс-кенесші Лашпарев тағайындалды. Орынбор шекара комиссиясы тікелей осы мекемеге бағынды.

Патшалық Ресей Орталық Азия мен Қазақ даласын зерттеп, оны басқару ісіне осылай шындаپ, жоғары мемлекеттік деңгейде басқаруға көшті. Кіші жүз қазактарының ең жоғарғы мемлекеттік мекемесі төтенше Азия департаменті болды. Бұл мекемеге генерал-губернатор бағынды, ал генерал-губернаторға Орынборлық шекаралық комиссия басшысы қарады. Шекаралық комиссия Кіші жүз қазактарын басқару үшін 5 жергілікті жергілікті ру сотын қалдырды. Қазақ жеріндегі жергілікті ру соты 1804 жылға дейін сақталып келді.

Орынбор шекаралық комиссия кенесі Орынбор қаласында орналасқан. Кіші жүз даласында болып жатқан оқиғалардың барлығын Орынбор шекара комиссиясы бақылап отырған. Қазактардың және орыс-казак бекіністерінен келіп түсінген іс-қағаздар және өртүрлі арыздар арнаулы комиссия отырысында қаралып, шешім шығарылып тұрған.

Комиссия отырысына қатысу үшін Кіші жүз руларынан сұлтан сайланып жіберілетін болған. Қазак сұлтаны арнаулы нұсқауда айтылғандай: “Ел ішінде беделі бар, адад адам болуы керек” делінген. Алғашқы Орынбор комиссиясының төрағасы болып, генерал-майор Бахметов тағайындалды. Комиссияның бірінші отырысы 1800 жылы қантардың 12-сі күні Орынбор қаласында шақырылды. Оған байулы руы шеркеш бөлімшесінен сұлтан Нұркө Қарабаев және әлім руынан сұлтан Нұрмұхамбет қатысады. Шекаралық комиссия мүшесі болған қазақ сұлтанына Ресей әкімшілігінің жарлығымен шенеунік дәрежесі берілген және ол үшін қосымша ақшалай қаржы алған.

Комиссия отырыстарында мал үрлау (барымта), жер дау-
жанжалы, орыс-казак бекіністерінің коменданттының арызы
сияқты мәселелер каралған. Сонымен қатар комиссия Қазак
жері арқылы ететін сауда керуендерімен бірге Хиуа, Қоқан,
Бұхара хандықтарына арнаулы барлаушы мен тыңшылар
жіберіп, Орталық Азия хандықтарында болып жатқан оқи-
галар туралы өте құпия деректер жинап отырған.

XIX ғасырдың 20-жылдарына қарай хандық билік жергі-
лікті үстем талптарды да қанағаттандыра алмады. Елде өлеу-
меттік қайшылық терендей тусты. Бұл кезде Ресей әкімшілігі
даланы басқаруда шекара комиссиясының қызметі арқылы
мол тәжірибе жинақтап, хандықты жойып, Кіші жүзді
басқаруды Ресейлік әкімшілік жүйесін енгізуге болатынына
көз жеткізді. 1822 жылы Сперанскийдің ұсынысымен, Сібір
қазақтарын басқару туралы жаңа заң даярланды. Ол
бойынша, Сібір қазақтары (Орта жүз) Ресей әкімшілігі
құрамына еніп, енді бұдан былай орыс мемлекетінің заңына
бағынатын болды.

Кіші жүзді басқару үшін Орынбор генерал-губернаторы
Эссен 1822 жылы жоба жасады. Эссен жобасы Сыртқы істер
алқасының Азия департаментінде 1824 жылы бекітілді.
Сөйтіп осы жылдан бастап Кіші жүз қазақтарын басқаруда
Ресейдің отаршыл әкімшілік жүйесі енгізілді.

Мәшилдабаев С. Қазақ тарихы. 1994. №2.

ПАТША ҮКІМЕТИНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ-ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАЛАРЫ

XIX ғасырдың бірінші жартысы қазақ тарихындағы
манызды кезенінің бірі. Дәл осы кезенде Қазақ мемлекеттігі
толықтай жойылып, Қазақстан Ресей империясының отары-
на айналған. Өлкеге жақадан енгізілген басқару жүйесі
қазақтардың өлеуметтік құрылымына, шаруашылық түрі-
не, рухани мәдениетінің дамуына, қоғамдағы демографиялық
ахуалға өзгеріс енгізеді.

Осы орайда Ресей империясы құрамындағы Қазақстан-
ның орнын анықтау қажеттілігі туады. Н.М.Коркунов,
П.П.Семенов-Тянь-Шанский сынды өлкетанушылар, ғалым-
дар патша әкіметінің отарлау әрекеттерін жұмсартыңқырап:
“Батыс мемлекеттерімен салыстырғанда Ресейдікі “таза
саяси сипатта”, — деді. Ресейдің отарлау мақсатындағы

ішкерілеп енүі недәуір қүшейе түседі. Ресейдің отарлауы өсіре сақтағанымен, мейлінше құтұрқылығымен ерекшеленеді. Ішкерілеу үздіксіз және ашық жаулап алумен емес, негізінен, қазақтарды Ресей мемлекетінің ықпал ауқымына біртіндеп тарту арқылы жүзеге асырылды.

Патша үкіметі қазақ жерінің шалғай аудандарына сұғына еніп, шекара тарту арқылы өз үстемдігін нығайтуға тырысқан еді. Ирі шонжарлардың кедей-кешілкке ғана емес, құші кемдеу бекзада-байларға да үстемдік жүргізуі кейінгілерді патша әкімшілігінен өділдік сұрауга мәжбүр еткен. Патша әкімшілігінің қуткені де осы еді. Өкімет шағынуышыларды қолдан қана қоймай, олардан ауыл-аймағымен бірге Ресейдің “мәңгілік бодандығына” өттіді талап етеді. Ондай рубасылардың, старшындардың бір болігі шекара маңына көшіп келсе, екінші болігі Ертістің оң жағасына, яғни Ресей аумағына қоныс аударды. Мұнда оларға көшіп-қонатын жер беріліп, сұлтандар мен старшындар жыл сайын әрбір ереккінде үшін қазынаға жасақ (алым-салықтың бір түрі) төлеуге міндеттеніп, қол қояды. Алайда осымен бірге қазақтар барлық жер төлемдерінен, өскер беруден және жұмыс қүшінен босатылады.

Ертістің сол жағасындағы, шекара маңындағы қазақтар жасақ төлемегенімен, шекаралық әкімшіліктің өртүрлі тапсырмаларын орындаған. Осы ауылдардың старшындары қазақ арасындағы ахуал туралы мәлімет беруге, Ресей керуендерін күзетуге, орыс тұрғындарын қазақ арасындағы үры-қарылардан қорғауға тиіс еді. Осы ауылдардың басшылары арқылы шекарадан шалғайдағы қазақ қоныстарымен байланыс жасалған. Шекараға таяу қоныстанғандардың саяси дербестігі жалған еді. Ал шалғайдағы қазақтардың Ресейге бодандығы сөз жүзінде ғана болатын.

Патша үкіметінің қазақ даласын отарлауының алғашқы қадамдарының бірі — I Александр 1822 жылы 22 маусымда заң жүзінде бекіткен “Сібір қазақтары туралы Жарғының” қабылдануы. Бұл құжат сол кезеңнен бастап, 60-жылдардың ортасына дейін Сібір әкімшілігіне қарасты қазақтарды басқаруда сүйенетін басты заң болған. III. Уәлиханов бұл заң туралы былай деген: “1822 ж. Сперанский Сібір ережесін құрастырып, 1824 ж. ол қазақ жүртynna енгізіліп еді. Ұғым-түйсігі, салты бөлек, сауатсыз, көшпелі

халық еш ойланбастан күні бүгінге дейін қазақ тұғіл, орысқа да түсініксіз кенселік тіл мен тәртіптен тұратын бюрократиялық орталыққа бағындырылды. Бізге бұйрықтармен, мәжілістермен, кіріс және шығыс журналдармен бірге татар молдалары мен татар білімін теліді. Біз бұл сияқты реформаларды халық үшін зиянды және прогреске керегар деп санаймыз”.

“Жарғы” аса сақтықпен, асықпай жүзеге асырылған. 1824 жылы 24 маусымда Қарқаралы округі мен дуанын, 17 қыркүйекте Қекшетау сыртқы округі мен ауданын, 4 наурызда Арғын округтік дуанын ашу жөнінде жарлыктар шығарды. Осыдан соң 1831 жылы Аягөз дуаны, 1832 жылы Ақмола, 1833 жылы Баянауыл және Үшбұлак, 1834 жылы Қарагай, 1838 жылы Қекспекті дуандары ашылады.

Қазақ жері өкімшілік-аумактық болініске түседі. “Жарғыға” сәйкес әрбір округтің шектеулі жері белгіленеді, округ тұрғындары жергілікті өкімшіліктің рұқсатының өздеріне белгіленген жерден өтпеуге тиіс болады. Қазақтар тыйымға көнбей, шекарадан өтіп кетпес үшін қарулы казактардан арнаулы топтар жасақталады. Сөйтіп, қазақтар өз округінен шықпай көшуге мәжбүр болады. Жарғыға сәйкес 50—70 тұтінді бір ауыл деп санап, 10—12 ауыл бір болысқа, бірнеше болыс округке бірігеді.

“Жарғының” енуімен мынадай шаралар жүзеге асырылды: округтік дуандар құрылды: сұлтандардың билігі шектелді; басқарудың алқалық үстанимы енгізілді. Сұлтандар дуанға есеп беретіндіктен, өз билігін шектен тыс пайдалануға жол берілмейді.

Иерархиялық басқару жүйесі құрылды: аға сұлтан— болыс—старшын. Әркімнің міндеттінің айқындығы және басшылыққа есеп беретіні ел ішіндегі қатынасты етпеп реттеді, шарашылыққа зиянын тигізетін феодалдық қырқысуладарды тоқтатты. Екінші жағынан, басқарудың жаңа жүйесі империяның муддесін қанағаттандыруға бағытталды. Ол мұdde — округтік дуандар арқылы жаңа жерлерді бағындыру, қазақ жерін бақылауда үстau еді.

Сот ісіне де шектеу қойылды. Барлық қылмыстық және саяси істер округтік дуанға жонелтетін болды. Ал империяға қауіп төндірмейтін ұсак-түйек істер дала заңымен шешілуі үшін билердің құзырында қалдырылды. Мұндай екіжақты-

лық арқылы, бір жағынан, “Жарғыны” құрастырудың бірінші шартына — “бұратаналардың” салты мен тәртібін ескеруге қол жеткізілсе, екіншіден, оның негізгі мақсаты — бағындырылған жерді қатаң бақылау жүзеге асырылады.

Қазақ хандары Ресейдің вассалы еді. Қандай да бір ханың билікке келуі патша өкіметінің оған деген көзқарасына байланысты болатын. Ресейдің хандарды сайлауға ықпалды ақсақалдар алқасы, ел ағалары ұсынған хандарды патшаның бекітуінен басталған. Содан бастап патша өкіметі хандарды мүмкіндігінше өзіне тәуелділікте ұстауға тырысты және қолайына жаққан сұлтандардың ғана хан болуын қадағалады.

Патша үкіметі жергілікті халықтың хан сайлау дәстүрін бұзуға шамасы келмегендіктен, оны ептең өз мақсаттарына қарай бұруға тырысқан. Соңдықтан тेңе түкімьина жатпайтын бай-шонжарлардың көніл қүйінде “ойнат”, оқалы шапан жабу, сыйлық беру арқылы оларды ынталандыруға тырысқан. Үкімет есқі дәстүрді сақтауға көмектескен болыш, бірте-бірте сайлаудың мүлдем жойылуын көздеген хан сайлаудың қосымша түрін енгізуге ұмтылған еді. Патша үкіметі отарлау саясатын күштейту мақсатында 1854 жылы 19 мамырда Семей облысын басқару жөнінде жаңа ереже енгізеді. Аталған ережеге сәйкес, “қазақ даласының сол қанаттағы бөліктерінен: Қекпекті, Аягөз сыртқы округінен және Жетісу өлкесінен, Семей, Өскемен қалаларынан, Бұқтырма бекінісінен және Ертістің оң жағалауындағы кейбір қазактар қоныстанған жерлерден Семей деп аталағын айрықша облыс құрылады”.

Облыс басшылығына өскери губернатор тағайындалды. Семей облысы қазақтарының округтік, болыстық және ауылдық басқару жүйелеріне басқа өлкелермен салыстырында көбірек өзгеріс енгізілді.

Округтер округтік өскери приказға бағындырылды. Оларды төраға құқығындағы округтік өскери башы басқарады. Округтік приказдың құрамына аға сұлтан, үш орыс шенеунігі және бір “құрметті қазақ” енді. Округтік өскери басшы “тыныштық, тәртіп және алансыздықты” сақтауға міндетті еді.

Дәл осы Семей облысында отарлық өкімшіліктің ықпалы күштейе түсті. Өйткені мұндағы округтердің басшылығында сайланбалы сұлтандар емес, Ресей өскерилері түр еді. Округ

басшылары аға сұлтандардың билігін шектеп, болыстар мен ауыл старшындарына үлкен өкілеттілік беріп, соларға сүйенуге тырысты. Қабылданған ереже бойынша, олар белгісіз мерзімге сайланатын, яғни ауыстырылмайтын еді. Бұған қоса Семей облысының қазақтарына ең көп мөлшерде салық салынды.

1867 жылы Ресей империясының ауқымы аса кеңейген-діктен, бұл жерлерді зандағы, саяси-әкімшілік түрғыдан бекітетін өзгерістер енгізу қажет еді. Осы мақсатта комиссиялар құрылды. Бірнеше жобаның ішінен Дағыл комиссиясының жобасы таңдал алынды. Оның негізінде “Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын басқару жөніндегі Ұақытша ереже” (1867 ж. 11 шілдедегі және 1868 ж. 21 қазандағы) шығарылды. Нәтижеде — қазақ даласы Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір деп аталатын үш генерал-губернаторлықта бөлінді. Қазіргі Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағы Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының аумағына енген еді. Әрбір генерал-губернаторлық облыстарға бөлінді. Оны әскери губернаторлар басқарды. Облыстар уезд бастықтары уездерге, уездер болыстарға бөлінді. Әрбір болыс 1000—3000 тұтіннен құрыльш, іштей өзара ауылдарға бөлінді.

1867—1868 жылдары Қазақстанда жүргізілген реформалар патша үкіметінің отарлау саясатының маңызды бұтактарының бірі еді. Ол өлкенің әкімшілік құрылымы, жер мәселесі, сот жүйесі, халық ағарту, салық саясаты сының аса маңызды салаларын қамтыған болатын. “Ұақытша ережеге” қол қойылған соң бір жыл өткенде, Орынбор генерал-губернаторы Крижижановскийдің: “Бұдан әрі қазақ даласы шын мәнінде орыс жері... Бұдан bylай қазақтар орыс билігіне бағынуга мәжбүр болады”, — деп жазуы бекер емес болатын. Өйткені басқа себептерді bylай қойғанда, осы Ережеден соң бүкіл қазақ жері Ресейдің мемлекеттік мемшігіне алыныш, қазақтарға ақылды түрде ғана пайдалануға беріле бастап еді.

Борсықбаева А. Қазақ тарихы. 2000. №6. 22—24-бб.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСЕЙГЕ ҚОСЫЛУНЫҢ АУЫР ЗАРДАПТАРЫ

Ресей империясының шаруаларды қазақ жеріне жаптай қоныстандыруы қазақ халқының ежелден қалыптасқан салт-дәстүрін, шаруашылық жүйесін үлкен өзгеріске ұшыратты.

Қазақстан қоныс аударатын аудан ретінде басқа аймақтардан барған адамдарға да қолайлы болды. Отарлық басып алудың барлық кезеңінде қазақ жері талан-таражқа түсті. Жергілікті тұрғындар жайлыш мекендерін тастап, амалсыз ішкөрі қарай қоныс аударуға мәжбүр болды. Қошпелілердің атамекендерінен, шұрайлы жайылымдарынан айырылуы салдарынан дала жағдайындағы шаруашылықты жүргізуін тиімді өдістері жойылды.

Жерді алу тұрғылықты халықтың мұддесі ескерілмestен, күштеу түрінде жүзеге асырылды. Қоныс аудару саясатының қатандығы сондай, тіпті қазақ халқының Ресей империясына бодан ретіндегі мұddeлери де мұлде еленбеді.

Отарлау саясатының салдарынан қазақ халқы материалдық жағынан ғана емес, рухани жағынан да зардал шекті. Қазақ шаруашылықтарына мөлшерден тыс ауыр салықтар салынды. Қазақтарды отырықшыландыру да керегар сипатта жүргізілді. Отаршыл өкімшілік отырықшыланудың ежелден қалыптасқан үяларын талқандап, олардың тұрғындарын жартылай шөл және иесіз аймақтарға ығыстыруды. Орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты қазақтарда бұрын қалыптасқан егіншілік шаруашылығын мұлдем күйретti. Сондықтан “отарлау саясаты қазақтардың егіншілікке бейімделуіне ігі өсерін тигізді” деген пікір еш қисынға сыймайды.

“Төңкерістен бұрынғы Қазақстанның жағдайында қазақтар үшін мал шаруашылығы ғана бірден-бір тіршілік көзі болды” деген жорамал да шындыққа жана спайды. Қазақстанның көптеген аудандарында егіншіліктің оте ертеде дамығанын және оның қазақтар өмірінде маңызды рөл атқарғанын нақты деректермен дәлелдеуге болады. Мәселен, онтүстік аймақтағы Шу өзені алқабында өмір сүрген қазақтар егіншілікпен ерте заманнан бері айналысады. Тіпті, мұнда мал шаруашылығы екінші қатарға ысырылған. Шу өзені бойында 1898 жылы 600 шаруашылық, 1500 десятинадан астам алқапқа егін еккен. Сонда әр шаруашылықтың қарамағында 3 десятинаға таяу егістік жер, 8 бас мал болған. Ал қошпелілердің иелігінде орта есеппен 30—40 бас мал болған.

Семей облысының қазақтарға орыс шаруаларын жаппай қоныстандыру басталмай тұрып-ақ егіншілікпен шұғылданған. XIX ғасырдың сонына таман осы облыстағы ірі астықты

шаруашылықтар өз өнімдерін базарға да шығарып тұрган. Қазактардың арасында 100—200 десятинаға дейін егін еккен ауқаттылары да кезіккен. Ирі шаруашылық иелері жалдамалы жұмысшылар ұстаган. Ақтөбе және Қостанай уездеріндегі егістік алқабының 80%-ына қазактар иелік еткен. Ақтөбе уезінде 1893 жылдың өзінде қазактардың астық сатудан тапқан ақшалай табысы мал шаруашылығы өнімдері беретін пайданын жартысынан асқан.

ХХ ғасырдың басында Жетісу облысы түрғындарының 45,5%-ы егіншілікпен, 46,8%-ы мал шаруашылығымен айналысқан. Орал уезіндегі қазак егіншілері 1913 жылы 5,4 млрд пут астық жинап, оның 75%-ы, яғни 4 млн пүтін базарға шығарып сатқан.

Егіншілік шаруашылықтың маңызды саласы болып есептелді. Алайда қазак егіншілігінің дамуы патша өкіметінің отаршылдық саясатының салдарынан тоқырауға үшінграды. Егіншіліктің халықтың өл-ауқатын жақсартып, тұрақтан-дырудагы маңызын жете түсінген көзі ашық, көреген қайраткер Баянауыл округінің аға сұлтаны, полковник Мұса Шорманов болған. Ол Семей облысының әскери губернаторына хат жолдап, егін егу үшін өзіне жер болтуін өтінеді. Семей облысының әскери губернаторы 1861 жылы 13 ма-мымырда Сібір қазактары облысының әскери губернаторына жолдаған хатында былай деп жазады: “Шорманов Жақсы мен Жаман ауылдарының аралығындағы жерді пайдалана алмайды. Өйткені бұл алқап казактардың меншігі болып табылады”. Бұл кезде шұрайлы жайылымдар мен құнарлы егістік алқаптары қоныс аударған казактар мен орыс шаруаларына болініп берілген еді. Оның үстінен, барлық қазак жері Ресей мемлекетінің меншігі болып есептелді.

Әсіреле шаруашылықтың негізгі саласы — мал шаруашылығы қатты зардап шекті. Қазақстанның далалық облыстарында (Жетісуды қоспағанда) 1880—1905 жылдар аралығында қой мен ешкі саны 24,9%-ға, 1905—1914 жылдар аралығында жылқы саны 4,1%-ға кеміген.

Осы деректердің өзі-ақ “патшалық отарлау саясатының прогрестік сипаты болды” деген қағиданы жоққа шығарады. Экономикалық және тарихи әдебиеттерде кең тараған “орыс шаруаларын қоныстандырудың нәтижесінде қазактар егін салуды, шөп шабуды үйренді, отырықшылық пайда болды, өлкедегі өндіргіш күштердің дамуы жеделдеді” деген бір

жақты тұжырым шындыққа мулдем жанаспайды. Керісінше, патша үкіметінің отаршылдық саясаты қоғамдық прогресті тежеді; әндіргіш күштердің дамуына тұсау салды; қазақ халқы тарапынан қарсылық туғызып, олардың аман қалу жолындағы құресін қүштейтті. Белгілі зерттеуші Т. Седельниковтің дерегі бойынша, қазактардың қоныстану-шылармен қақтығыстары жиілеген. Соның салдарынан 1907 жылы қантар айында Ақмола, Семей, Жетісу облыстарына әскери жағдай енгізілген. Қалған далалық облыстардың көпшілік аудандарында қүштейтлген күзет жұмыс істейді.

Патшалық отаршылдық саясаттың негізінде қалыптасқан даму бағыты резервацияға әкеліп соқтыратын еді.

Патшалық Ресейдің отар аймақтарында, соның ішінде, Қазақстанда да саяси езгі өте ауыр болды. Патшалық Ресей “халықтар тұрмесіне” айналды. Отар аймақтарда қатал полицейлік тәртіп үстем етті. Мемлекет зандары қазактардың жеке басының және мүлкінің аман сақталуына еш кепілдік берmedі. Әсіреле орыстандыру және ассимиляциялау саясаты қауіпті болды. Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейінгі отарлық жағдай қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы құресіне қозғау салды. XVIII ғасырдың сонында басталған әртурлі формадағы ұлт-азаттық қозғалыстары Қазақстан тарихының барлық кезеңінде де болыш түрған. Ол қозғалыс XIX ғасырда және XX ғасырдың басында бурынғысынан да қүштейе түсken. Қазан тәңкегерісінің женісінен кейін Қазақстанның орталық жағдайы тіл, мәдениет, экономика, экология салаларында шешуі қын күрделі проблемалардың туындауына себепкер болды.

Әбдіразаков Т. Қазақ тарихы. 1995. №2. 39—41, 45-бб.

РУХАНИ ОТАРЛАУ ЖОЛЫ — МИССИОНЕРЛІК

Патша үкіметінің қазақ даласындағы отарлық саясатының басты бағыттарының бірі — жергілікті халықты христиан дініне тарту. Осы арқылы қазақ халқын толық орыстандыру, оны дінінен, тілінен айыру кезек күттірмейтін міндет еді. Бұл саясат Қазақстан Ресей империясы құрамына қосылған кезеңнен бастап жүйелі түрде жүргізілген. Қазактарды христиан дініне тартуда, миссионерлік үйымдар үлкен жұмыстар атқарды. Аталған істің барысын мемлекеттік үйымдар тарапынан бақылауға алынып, оған нақты қомек пен бағыт беріледі.

Атап айтқанда, Сібір қазактары өскери губернаторының Батыс Сібір генерал-губернаторлығының “Қазақтар арасындағы христиан дінін тарату жайы туралы” құпия хабарламасында “Сібір қыргыздары облысында 1863 жылы 140013 ер және 123202 әйел жынысты қыргыздар тұрады. Олар, негізінен, мұсылман дініндегілер болып есептелгенімен, мұсылман діні талаптары аса қатаң сақталмайды. Бұл құбылыс, әсіресе солтүстік аудандарда ерекшеленеді. Есіл өзенінің аргы жағы мен Қарқаралы аймағында мұсылман діні талаптары сақталады. Сондықтан христиан дінін насиҳаттау саласындағы миссионерлік жұмыстар байыппен жүруі керек” екендігі ескертілген.

Сонымен бірге аталған хабарламада казактарға қызмет етуші қазақтардың христиан дінін қабылдан жатқандығын көрсете келе мемлекет тарапынан дінін айырбастаушы қазақтарға материалдық, т.б. женілдіктер көрсетуге ұсыныс жасалған. Осы арқылы жергілікті халық арасында христиан дінін қабылдаушылар саны ессе түсетіндігі айтылған.

Патша үкіметінің миссионерлік саясаты XIX ғасырдың II жартысында, әсіресе Қазақстанның Шығыс өлкесінде кең қарқынмен жүргізілді. Аталған жұмыс барысы Омбы қаласында шығып тұрған Омбы епархиялық хабаршысында үнемі жарияланып тұрады. Аталған журналдың 1898—1899 жылдардағы сандарын параграфанда, онын қандай бағытта жүргеніне көз жеткіздік. Атап айтқанда, осы кезеңдегі патша үкіметінің миссионерлік саясаты, негізінен, мынадай бағыттарда жүргізілген.

1. Казак-орыс қоныстарына шіркеу және басқа да мінәжат үйлерін салып, осыған жергілікті халықты тарту.

2. Шіркеулік-приходстық мектептер ашып, онда қазақ балаларын оқыту.

3. Жергілікті халық арасында тікелей үгіт-насиҳат жұмыстарын жүргізу.

4. Орыс мектептерінде оқитын қазақ балаларына христиан діні негіздерін оқыту және қазақ мектептеріне дін сабактарын енгізу арқылы христиан дінін насиҳаттау. Мысалы, Омбы епархиясының 1898 жылғы есебінде аталған уақытта шіркеу құжаттары бойынша... 402 қазақпен миссионерлік жұмыс жүргізілген.

1890—1898 жылдары қазақ даласына христиан дінін кеңірек тарату мақсатында үкімет тарапынан Шульба, Александр, Татар, Атбасар елді мекендерінде сиыну үйлері салынды. Ақмола қаласында Константино-Елецк шіркеуі

пайдалануға беріледі. Атбасар сиыну үйі христиан дінін қабылдаған қазақтарға арнап салынады. Осы қаладағы христиан дінін қабылдаған қазақ балаларының үйін салуға 15 000 рубль ақша жұмсалды. Осындай мақсаттарға арналған үйлер Семей қаласы маңайында, Бөкен елді мекендерінде салынып, пайдалануға берілді.

1899 жылы Семей облысы қазақтары үшін Приобреженск, Тумареты, Ақмола облысының Татар елді мекендерінде христиандық храмдар салынды. Алғашқы екеуінде христиан дінін қабылдаған отырықшы қазақтар тұрады. Осындай мақсаттағы шіркеу үйі Большенарам қонысында да жұмыс істеді.

Миссионерлер қазақ-орыс станицалары мен өндіріс орындары айналасындағы жергілікті халықты христиан дініне тартумен шектелмей, шалғай аудандардағы қазақтар арасында да үгіт-насихат жүргізген. Алайда миссионерлердің мәлімдеуіне қарағанда, бұл жұмыс жекелеген қазақтар мен мұсылман діни кызметкерелері тарапынан қарсылыққа ұшырап отырған.

Омбы епархиялық хабаршысының 1899 жылғы 18 есебінде көрсетілгендей, қазақ даласындағы миссионерлік жұмысқа жергілікті халық жаппай наразылық көрсетіп, Қытайға өтіп кетуіне дейін барған.

Жергілікті халықтың христтан дінін қабылдаушы жекелеген қазақтармен қатынасын мынадай оқиғадан көруге болады. Зайсан уезіндегі Федоров кен орнындағы қазақ жұмысшылары бақылаушы, шоқынған қазақ Моисей Петровты өздерінің нағыз жауы ретінде қабылдайды. Жергілікті үкімет пен кен өкімшілігіне сүйенген М.Петров өз қандастарына болымсыз күнәсі үшін қатаң шара қолданады. Оған жауап ретінде қазақ жұмысшылары оны дереу бақылаушылардан босатуды талап етеді. Егер бұл талап орындалмайтын болса, оны елтіретіндіктерін мәлімдейді. Кен өкімшілігі жұмысшылар талабын орындаған соң, олар ереуілге шығып, М.Петровты сабайды. Ереуілді басуға келген полиция уряднігі Қалеевтің талабына жұмысшылар “шошқа Моисейді кен өндірісінен әкетпейінше, олар жұмысқа шықпайтындықтарын” мәлімдейді. Қазақтар ар-ождан және иман тазалығы үшін осылай күреседі.

Аталған кезеңдегі патша үкіметінің миссионерлік саясатына Ы.Алтынсарин де қарсы шыққан. Ол қазақ халқын оқуға, білімге тарту ісіне белсене араласқанымен, қазақ мек-

тептерінде христан діні сабактарын оқытуға батыл наразылық білдірген. Торғай облысының оқу инспекторы қызметінде жүргенде, ол Орынбор оқу округінің татар, башқұрт, қазақ мектептері жөніндегі инспекторы В.Катаринскийге жазған хатында Ор қаласындағы мұғалімдер мектебін басқарушы әрі оқытушы А.Бессоновтың миссионерлік жат пікірі жөнінде: “Сізге өте бір қайғылы хабар білдіруге тұра келіп отыр... Бақсаң, олар мұғалімдер мектебінің 3 және 4-сыныптарына бір ай бойы інжіл және оның парыздарын уағыздай бастапты. Тінте ол өз шекірттерін “залым” деу сияқты сөздерге дейін барыпты”, — деп, бұған асқан сорақылышқ деп қарайды. Бұдан әрі ІІ.Алтынсарин: “Мұғалімдер мектебінде дін сабагын оқытуды мұлдем тоқтату жөнінде төтенше бүйрық шығарылсын, ондай болмаса, орыс, қазақ мектептерінде дін сабагы бөлініп оқытылсын”, — дейді. Ал Бессоновты мұғалімдіктен босатып, қатаң шара қолдануды Орынбор оқу округінен талап етеді.

ІІ. Алтынсарин дүниеден қайтқанша миссионерлік саясатпен ашық құресіп келген. Мысалы, ол “Красноуфимскідегі ауыл шаруашылығы мектебінде қазақ балаларына шошқа бактыру, шошқа етін беру, орыс окушыларымен бірге гибадат еткізу оқигаларын” естіп, қатты наразылық білдіріп, тікелей барып шара қолданатындығын жазады.

“Мешіттерді, медреселерді, сиыну үйлерін жабу, дінін кітаптарды жою, қазақ тілінде жазылған Евангелия, христан дінін қабылдамаушыларды Сібірге жер аударумен қорқыту, миссионер мұғалімдер арқылы орысша оқыту, қазақтарды ант қабылдауға мәжбур ету, ... қазақ балаларын миссионерлік үйлерде еріксіз үстау, оларды “шоқынушы” деп жариялау, христан дінін қабылдамағандығы үшін қазақ қызының басын арқанмен қысу, қазақ тілінде кешірім мен өтініш жазуға тыйым салу, болыстық басқармадағы іс қағаздарын орысша жүргізу, т. б. XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басында ұмыт қалған алыстағы шет аймақта осы уақытқа дейін іске асып келеді. Мұның барлығын қалай ұлы Ресей державасының теократиялық, бюрократиялық үкіметінің шет аймақ үлттарына қарсы крест жорықтары деп атамасқа”, — деп көрсетті М.Тынышбаев.

XIX ғасырдағы қазақ даласындағы Ресей миссионерлерінің іс-әрекеті осындай еді.

Қарасаев F. Қазақ тарихы. 2000. №6. 19—21-бб.

МАЗМУНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
I тарау. ТАС ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН	
Ежелгі Қазақстан	5
Қазақстондағы жартас бетіне салынған суреттер эволюциясы	7
II тарау. ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН	
Қазақстан жеріндегі адамдар өмірінде металл дәуірінің басталуы.	
Қола мәдениеті	8
Дәндібай	9
Балақұлболды	—
III тарау. ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН	
Қазак халқының бастауы. Сақ-сармат тайпаларының мәдениеті.	
Этникалық атрибуция	11
Кир мен Тұмар	—
Геродоттан үзінді	13
Алтын адам	15
Күміс тоостағандығы жазу	16
Мұртты қорғандар	—
Ержүрек амazonкалар	18
IV тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЬПТАСУЫ	
Қазақтың байырғы тайпалары	20
Халықтың қайта түлеуі	21
Қарлуктар мемлекеті	22
Қыпшактардың саяси қарым-катаистары	25
Оғыз және қыпшак қалалары	28
Қазақтардың шығуы туралы	34
Бұл казак қай уақытта үш жұз атанған	36
Жұздер туралы	39
V тарау. КӨШПЕЛЛЕР ӨРКЕНИЕТІ	
Ежелгі қоғамдық құрылыштың пайда болуы	40
Атамекен: Ежелгі қалалар	
Тараз аймагы	41
Байырғы түркілердің ел басқару жүйесі	47
Түріктердің салтты	50
Қазак жеріндегі XIII—XIV ғасырлардағы тайпалар туралы	52
Сақтар мәдениеті	53
Қарлук қағанатының шаруашылығы, саяси-әлеуметтік құрылымы	57
Қарлук елінің қалалары (VIII—X ғғ.)	63

VI тарау. ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТИң ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Қазак мемлекеті: эволюцияның басталуы мен даму кезеңдері	73
Қазак, Ресей және Сібір мемлекеттерінің	
қарым-қатынастары Қазақ хандығының күрылуы туралы Қазақ қоғамындағы хандар билігі “Жеті Жарғының” түп төркінін түсіндіру	76 84 91 97

VII тарау. ҚӨШПЕЛІЛДЕРДІң РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ДАНАЛАРЫ

Көне түркі руникалық жазу ескерткіштері	103
Тонықөк	108
Махмұт Қашқарі және оның “Диуаны” туралы	109
Оғызнама	113
Қорқыт ата	114
Ораз-Мұхаммед хан дастаны	116
Ершілер өнері	117
Қазактардың космологиялық түсініктері	118
Ұлы Жібек жолы	120

VIII тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

Жонғар-қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер	123
Жонғарға қарсы жойқын шайқас	127
Абылай және жонғар шапқыншылығы	130
Кіші жұз руладында орнаган расправ жүйесі	136
Патша үкіметінің Қазақстандағы саяси-әкімшілік реформалары ...	139
Қазақстанның Ресейге қосылуының ауыр зардалтары	143
Рухани отарлау жолы — миссионерлік	146

Учебно-методическое издание

Составитель

Сайден Жолдасбаев

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

Хрестоматия

Учебное пособие для 10 классов естественно-математического
направления общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Второе издание, переработанное

Редакторы *E. Жақыпов*

Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатаев*

Техникалық редакторы *A. Садуақасова*

Корректоры *P. Көшкінова*

Компьютерде беттеген *A. Баймбеков*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім жөне ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2534

Басуға 23.06.10 қол қойылды. Пішімі 84×108^1 . Офсеттік
қағаз. Қаріп түрі “Школьная”. Офсеттік басылым. Шартты баспа
табағы 7,98. Шартты бояулы беттаңбасы 8,40. Есептік баспа табағы
8,02. Таралымы 15 000 дана. Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz